

Нартбаев Ш.Ж.

ТАРИХИ ӨЛКЕТАНУ

**пәні бойынша тарих мамандығының
студенттеріне арналған**

Оқу құралы


Шымкент 2015

Нартбаев Ш.Ж.

ТАРИХИ ӨЛЖЕТАНУ

**пәні бойынша тарих мамандығының студенттеріне арналған
оқу құралы**

Шымкент
«Оңтүстік полиграфия» баспасы
2015





ӘОЖ 908 (075 8)

КБЖ 26.89я7

Ң 23

Нартбаев Ш.Ж., «Тарихи өлкетану» (Оқу құралы). М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің Оқу әдістемелік кеңесі ұсынған, 2015.

Шкір жазғандар:

тарих ғылымдарының докторы, профессор С.Ж. Жолдасов;
тарих ғылымдарының докторы, профессор А.И. Исмаилов;

Нартбаев Ш.Ж.

Н 23 «Тарихи өлкетану» пәні бойынша тарих мамандығының студенттеріне арналған оқу құралы. – Шымкент: «Оңтүстік полиграфия» баспасы, 2015. – 88 бет.

ISBN 978-601-279-081-8

Ұсынылып отырған оқу құралында Тарихи өлкетану пәнінің маңызы оның зерттеу объектілері және өзіміз өмір сүріп отырған еліміздің оңтүстік өңірінің қысқаша тарихы баяндалады.

Оқу құралы тарих мамандығының студенттеріне, магистранттарына және көпшілік оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ 908 (075 8)

КБЖ 26.89я7

© Нартбаев Ш.Ж.

© «Оңтүстік полиграфия» баспасы, 2015.



Кіріспе

Өлкетану ғылымының мақсаты - белгілі бір ауданды, аймақты, елді мекенді зерттеу. Зерттеу объектісі ретінде сол елді мекеннің тарихын әлуметтік-экономикалық, саяси, мәдени дамуын, табиғатын алуға болады. Республикамызда, сол сияқты облысымызда өлкетану жұмысының бірден-бір орталығы - мектеп. Ол қалада ма, ауылда ма бөрібір, оқушыларға өлке тарихын үйретуі керек. Сондықтан тарихи өлкетану жұмысының басты міндеті - оқу мен тәрбиені өмірмен байланыстыру. Бұл басқа да өңірдегі сияқты тарихы сонау заманнан басталатын, жер көлемі 117,3 мың шаршы километрді алып жатқан, 2,5 миллиондық халқы бар біздің Оңтүстік Қазақстан облысы үшін де қатысты.

Біліміз тәуелсіздігін алған бұл күні қашандағыша болашақ тарихшы мамандар өзінің өмір сүріп отырған өлкесінің тарихын терең білуі үшін қажетті әдебиеттер мен қосымша әдебиеттерді пайдалануы, оқу құралдарын, оқытудың жаңа технологияларын қолдануды меңгеруі керек. Студенттерді дербес пәнді оқып үйренуде ондағы білімдер, тарихи барлық ғылымдардың өзара байланысына негізделген. Өлкетану пәнін оқыту барысында алынған және меңгерілген білім, іскерлік пен дағдыны студент келесі пәндерді меңгеруде пайдалана алады. Олар: археология, этнография, мұражайтану, мұрағаттану, қосалқы тарихи пәндер, т.б. «Тарихи өлкетану» курсы қарастыратын тақырыптары Қазақстан Республикасының өлкелерін зерттеудегі әдістері (топонимикалық, ономастикалық, физикалық т.б.) мен оның пайдаланылуы, тарихы. Ал біз ше? Біз оңтүстік өлкенің географиялық орны, пайдалы қазбалары, өнеркәсібі, халқы, көлік кешені және экономикалық даму деңгейі, сыртқы экономикалық байланысы т.б. салаларын қоса зерттейтін боламыз.

Мектептегі тарихи өлкетану мектепте оқу барысында және оқудан тыс кезде жүргізіледі. Мазмұны мен формасына қарай бұл екі жұмыс түрінің ерекшеліктерімен қатар ұқсастықтары да бар екені белгілі. Оқу барысында барлық оқушылар өлкетанушылық жұмысына тартылатын болса, сабақтан тыс кезінде өз еркімен келетін оқушылар көбейе түседі. Әр түрлі әдістерді пайдалану арқылы оқушыларды өлкетану сабағына қызықтыру қажет.





Өйткені өлке тарихын жақсы білмей, жастардың бойында туған жерге деген сүйіспеншілік мықты болмайды. Оның тарихы оларға мақтаныш туғызуы керек.

Пәннің мақсаты болашақ мұғалімдерді бүгінгі тарих ғылымына теориялық-әдіснамалық білімдерінің негіздерімен қаруландыру болып табылады. Сондай-ақ, қоғамдық, экономикалық-әлеуметтік және мәдени жағдайларының динамикалық өзгеру жағдайындағы оқушының жеке басын қалыптастыруды тұтас педагогикалық процесті тиімді ұйымдастыра білу икемдігін қалыптастыру. Ең алдымен өлкетану жұмысы – оқушылардың адамгершілік, эстетикалық, патриоттық тәрбие беру құралы. Тарихи өлкетану пәні арқылы үлкен қоғамдық міндеттерді шешіуге болады. Сонау заманнан бері бізге жеткен жергілікті тарихи-мәдени ескерткіштерді, ата-баба мұраларын, салт-дәстүрлерді оқып үйренген баланың бойында отансүйгіштік сезім қалыптасып, ұлттық сана жандана түседі.

Өлкетану жұмысы өзінің ұйымдастыру формасы жағынан мемлекеттік, қоғамдық, мектептік болып бөлінеді. Мектептердегі өлкетану географиялық, тарихи, әдеби, экономикалық, т.б. деп салаланады. Тарихи өлкетану - мектептегі жұмыстың бір саласы бола келе, археологиялық, этнографиялық, архитектуралық, өнертану т.б. ғылыми салалармен тығыз байланысты болады. Мектептегі өлкетануда негізгі роль мұғалімге беріледі. Бұл аса жауапты жұмыс екенін түсінуіміз керек.

Осы жұмысты жүргізуге жауапты мұғалім оқу жоспарына сәйкес, тәрбие жұмысының мақсатына қарай зерттеу объектісі мен өлкетанудың негізгі әдістерін белгілеп, оған басшылық етеді.

Пәннің міндеттері. Жер шарында шамамен жүз жетпістен астам мемлекет, екі мыңнан астам халықтар болса, сол әлемнің барлық халықтарында әр кездерде өзін қоршаған ортаны, оның табиғатын, өткен тарихы мен қазіргі жағдайын жақсы білетін кісілер болғаны шындық. Олар өз білгендерін ауызша немесе түрлі жазба деректер арқылы келер ұрпақтарға қалдырып отырған. Олай болса, сол өңірдегі жастар өлкетану пәні арқылы солардың барлығымен хабардар болуы керек. Ал біздің Оңтүстік Қазақстан облысының жоғары оқу орындарымен мектептері болса, болашақ мамандардың тарихи өлкелік көзқарастарын қалыптастыру, курсты оқу барысында студенттерді тарихи өлкетанудың зертеу



әдістерімен таныстыру және Оңтүстік өлкесінің тарихын білдіру пәннің негізгі міндеті болып келеді.

Сабақтан тыс кезде үйірме, кештер, экскурсия, экспедиция, туристік саяхат өлкетанушылық жұмысты ұйымдастырудың әр түрлі формалары көптеп қолданылады. Жергілікті жердің тарихына байланысты материалдарды көптеп жинау, зерттеу арқылы ел экономикасының тарихи даму ерекшеліктерімен байланыстыра түсіндіру мүмкіншілігі туады. Сөйтіп, тарихи өлкетануды оқудың мақсаты: өлкетанушыларға зерттеу жұмысының әдістерін үйрету, өлкетанушылық жұмыстарын жүргізуге баулу. Тарихи өлкетанудың дерек көздерінің үш тобы бар. Олар: заттық, жазбаша, ауызша. Тарихи өлкетану жұмысының ізденістік, зерттеулік сипаты болуы міндетті.

Мектепте тарихи өлкетану жұмысына кіріспес бұрын мұғалім нені білуі керек: 1) Нені іздейміз, яғни тарихи-мәдени (архитектуралық, археологиялық, этнографиялық, ауыз әдебиеті, қолөнер, т.б.) ескерткіштер дегеніміз не?- деген сұраққа анық жауап бере алуы керек. 2) Қалай іздейміз? Тарихи-мәдени ескерткіштерді зерттеудің жолдары, әдістері қандай? Қалай табу керек? Негізгі белгілері қандай? Археологиялық этнографиялық материалдардан басқа көптеген өнер туындылары, қолөнер бұйымдары кездесуі мүмкін. Оларды да терең талдай білу қажет. 3) Тарихи-мәдени ескерткіштерді қалай сипаттау керек? Тарихи ескерткіштер тозады, ескіреді, осыны экспедиция мамандары келгенге дейін жан-жақты түсіндіре білетін болуы керек.

Тарихи ескерткіштерге қамқорлық

Қазақстан территориясындағы сан алуан ескерткіштер қазақ халқының ұлттық, құнды тарихи мұрасы мен асыл қазынасы. Оларды қорғау, сақтап қалу әр адамның қасиетті борышы. Сонымен қатар ескерткіштер адамның бойындағы отансүйгіштік сезімді, біздің өткеніміз бен болашағымызды танып-білуге тәрбиелейді, қазіргі және болашақ ұрпақтардың алдындағы жауапкершілікті арттыра түседі.

Біздің мемлекетімізде тарихи ескерткіштер заңмен қорғалады. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі 1996 жылы 24-желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасы Мәдениет туралы Заңы»





сегіз тараудан, 39 баптан тұрады. Бұл заңның 3-бабында: «Мәдени құндылықтарды жасау, пайдалану және таратудағы барлық азаматтардың құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігі, тарихи және мәдени мұраларды қорғау; ұлттық және дүниежүзілік мәдениет құндылықтарынан сусындауға, меншік нысандарына қарамастан барлық оқу, тәрбие ұйымдарында балаларға, оқушы жастарға эстетикалық тәрбие беру жүйесін дамыту» делінсе, 9-бабында азаматтардың мәдениет саласындағы міндеттері айқындалған.

Азаматтардың міндеттері:

-Қазақстан Республикасы мәдениет саласындағы заңдарының талаптарын орындауға;

-тарихи және мәдени мұраны сақтауға, тарихи және мәдениет ескерткіштерін қорғауға;

-қазақ халқының, Қазақстандағы басқа да халықтардың тілін, мәдениетін, әдет-ғұрпын, дәстүрін құрметтеуге міндетті,- деп тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау маңыздылығы көрсетілген. Ұлттық мәдени мұралар Заңның арнайы бабымен мемлекеттік тізімге енгізіледі және оған ұлттық игілік мәртебесі беріледі.

29-бап. Мемлекеттік тізімге енгізілген объектілер азаматтық айналымнан алынады және оларды арнайы рұқсатсыз жоюға, басқа жерге ауыстыруға, өзгертуге, көшермелеуге немесе жаңғыртуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 37-бабында: «Қазақстан Республикасы азаматтары тарихи және мәдени мұралардың сақталуына қамқорлық жасауға, тарихи пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға құқылы» екендігі көрсетілген.

Сонымен бірге 1996 жылдың 5-шілдесінде қабылдаған «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар турлы» Қазақстан Республикасының Заңы бар. Бұл заң 24 тараудан, 88 баптан тұрады. Оныншы тараудың 43-бабында былай делінген:

1. Мемлекеттік табиғат ескерткіші - мемлекеттік табиғи-қорық қорының жекелеген объектілерін табиғи қалпында сақтауға, қорық режиміндегі ерекше қорғалатын табиғи аумақ.

2. Мемлекеттік табиғат ескерткіштері зоологиялық, ботаникалық орман, дендрологиялық, гидрологиялық, топырақты, ландшафты және кешенді болуы мүмкін.



3. Мемлекеттік табиғат ескерткіштерінің жергілікті және республикалық маңызы болуы мүмкін.

Өлкетанумен айналасатындар Қазақстан Республикасының мәдениет, тарихи мұра, ескерткіштерді қорғау саласына қатысты барлық заңдарды білуі қажет. Өлкетану туған жер туралы жалпы халықтық білім ретінде ерте кезден қалыптасқан.

Әлемнің барлық халықтарында әр кездерде өзін қоршаған ортаны, оның табиғатын, өткен тарихы мен қазіргі жағдайын жақсы білетін кісілер болғаны шындық. Олардан қалған мұра аса бағалы, қайталанбас дүниелер. Біздің елімізде де өлкетану ғылымы осылай қалыптасқан. Алғашқы деректерді XV-XVI ғасырлардағы жылнамалар мен кейбір мемлекеттік құжаттардан кездестіруге болады. Еліміздің кейбір территорияларын жан-жақты зерттеу ісі нәтижесінде өлкетану ғылымы қалыптасып, ғылым мен білімнің дамуымен бірге кең өріс алды. Осының нәтижесінде көптеген жоғары оқу орындарымен қатар ғылыми қоғамдастықтардың бөлімшелері мен филиалдары өлкетану саласында зерттеу жұмыстарын жүргізе бастады.

Өлкеміз сулы да нулы. Географиялық жағынан да ең қолайлы аймақпыз. Міне осындай баға жетпес байлықты көзіміздің қарашығындай сақтай білуіміз керек.

Расында, Оңтүстік өңірі тұнып тұрған тарих. Облыста Ұлы Жібек жолындағы ежелгі Испиджаб, Сауран, Отырар қалалары, Әбу Насыр әл-Фараби мен Қожа Ахмет Яссауи сияқты ұлы ғалымдар дүниеге келген және кезінде Александриядан кейінгі әлемдегі ең бай Отырардағы кітапхана орналасқан киелі жер. Мұның өзі ежелден келе жатқан мәдениетімізге деген қамқорлықты күшейту керектігін көрсетіп отыр.

Ал тарихи жәдігерлер жатқан жерлерге келсек, республикалық және облыстық маңызы бар 500-ден астам архитектуралық, археологиялық және мәдени ескерткіштер есепке алынған. Қазір жер-жерден табылған жәдігерліктер мұражайларға жинақталған. Облыстық мұражайында 70 мың жәдігерлік тұрса, олар ғасырлар бойы сақталынып, көне тарихымыздың ескерткіші бола беруі тиіс.

Ал тас бетіндегі жазулар ше... Тас бетіне жазу ежелгі дәуір мен орта ғасырларда ғана емес, сонымен бірге одан кейінгі жаңа заманда да жалғасын тапты. Әрине бұл кездегі тас бетіндегі жазулардың бұған дейінгі дәуірлерге қарағанда негізгі



айырмашылықтары болды. Жаңа заман мен этнографиялық уақыттағы қазақ петроглифтерінің негізін қазақ руларының таңбалары құрайды.


Негізінен жартастардың бетіне жазылған рулардың тастардың беттеріне қашап, жазып кеткен таңбалары Қазақстанның оңтүстігінің көптеген жерінде кездеседі. Соның бірі Ордабасыдағы үш жүз өкілдерінің басы қосылған кездесуден кейін Ұлы жүздің биі Төле би мен ханы Жолбарыс бірге болған қазақ батырларының басшылығымен жоңғарларға қарсы шайқастар болған Боралдай өзенінің бойындағы жартастар бетіндегі түрлі рулардың таңбалары. Бұл күні әрең-әрең байқалатын бұл таңбалардан жоңғар басқыншыларына қарсы осы бағыттағы шайқаста қандай рулардың өкілдері болғандығын білеміз.

Жалпы тастағы түрлі таңбалар Қаратау жоталарының етегінде көптеп табылып жатыр. Сөйтіп, ежелден келе жатқан, тас бетіне сурет ретінде тарих жазу өнері жаңа дәуірде одан әрі жалғасқан. Өкініштісі, олардың көпшілігі бізге жетпей, өшіп кетті.

Олай болса, жастарымызды міндетті түрде ескі тарихи жәдігерлерді көздің қарашығындай сақтауға тәрбиелеуіміз керек. Түсіне білсек, тәрбие – қоғам мәдениетін жасаушы, әрі сақтаушы, әрі оны келер ұрпаққа жеткізуші құралдардың бірі. Сонымен бірге тәрбие беру арқылы тұлғаның іштей түлеуіне мүмкіндік бере отырып, оның рухани құндылықтарды жасауға, насихаттауға жетелейді.

Өлкетану жұмыстарының формалары әр түрлі: үйірмелер мен қоғамдар, экскурсиялар, туристік саяхаттар, жергілікті өлкетанушылармен өткізілетін кештер, кездесулер, конкурстар, олимпиадалар және т.б.

Айналамызды қоршаған табиғат, жергілікті тұрғындар мен олардың жүргізген шаруашылықтары, осы өңірде өмір сүрген ата бабаларымыздың тарихы, олардың жасап, біздерге мұра етіп қалдырған өнері мен мәдениеті біздің өлкетану пәніміздің негізгі объектілері болып саналады. Ғылымның түрлі салалары болып табылатын бұл объектілерді зерттеу барысында әрқайсысына тиісіңше әдіс-тәсілдер қолданылады. Өлкені тану мақсатында жүргізілетін іс-шаралардың жалпыға ортақ зерттеу пәні өлке болып саналады.



Тарихи өлкетанудың дерек көздері.

Тарихи өлкетану библиографиясы (дерекнамасы), жалпы дерекнама секілді ертеде және жаңадан жарияланған әдебиеттер туралы маңызды ақпараттар жиынтығы болып табылады. Ол өлкетануға қатысты әдебиеттердің есебін, сипатын және насихатталуын қарастырады.

Тарихи өлкетану пәніміздің дерекнамасының негізгі объектісі - баспа материалдары (кітаптар, мерзімді баспасөз, карталар т.б.) болып табылады.

Тарихи өлкетану дерекнамасы баспа түрінде әдебиеттің бекітілуі мен толықтырылуы, басылған мерзімі мен қамту кезеңі және тақырыбына қарай жан-жақты болып келеді.

Баспа түріне қарай бөлінуі:

- дерекнамалық нұсқаулар, жеке кітаптар мен кітапшалар;
- жергілікті кітапханалардың баспа каталогтары;
- кітап ішіндегі дерекнама тізімі: пайдаланылған әдебиеттер немесе кітап тақырыбына байланысты әдебиеттер, сілтемелер;
- журнал және мақала ішіндегі дерекнама (мақалалар жинағы, ғылыми қоғамдардың жазбалары т.б.);
- мақалаға қатысты әдебиеттер, әдеби және рецензиялық шолулар.

Кейбір тарихи өлкетану дерекнамасының көрсеткіштері, каталогтар мен тізімдер жалпы оқырман қауымға арналады да, анықтама-ақпараттық сипатта болады. Сондай-ақ өлкетанушылар мен оны насихаттаушыларға арналған арнайы әдебиеттер де кездесіп отырады.

Көп жағдайда тарихи өлкетану дерекнамасы баспалары тек қысқаша сипаттама беретін әдебиеттер тізімінен, жарияланған еңбекті іздеуге көмектесетін мәліметтерден (жазбагердің тегі, аты-жөні, тақырып, атау, баспаның аты, жылы, бет саны) тұрады.

Ұсынылған кейбір тарихи өлкетану дерекнамасы тек сипаттама ғана емес, сонымен қатар көп мағлұмат беретін тақырыптың мазмұны мен басқа да қырынан аша түсетін қосымшалардан (аннотация, реферат, шолу т.б.) тұрады.

Ағымдық тарихи өлкетану дерекнамасы (негізінен есепке алу түрі) тұрақты түрде жарияланып отырады және оның хронологиясы баспа мерзімімен анықталады. Оған негізінен



республикалық және облыстық кітапханалар жариялаған “Кітап жылнамасы”, “Журнал жылынамасы”, “Кітаби шолу”, өлке туралы дерекнамалық көрсеткіштер, сондай-ақ жергілікті журналдарда бір жыл ішінде жарияланған мақалалардың тізімі (журналдың соңғы нөмірінде жарияланады) жатады.

Өлкетанымдық дерекнама орталығы ретінде жергілікті республикалық, облыстық (өлкелік), қалалық және аудандық кітапханалар қызмет етеді. Олар өздерінің қорындағы әдебиеттер негізінде өлкеге қатысты әдебиеттер көрсеткішін жасайды, анықтамалық және ақпараттық жұмыстар жүргізеді, жергілікті баспалардың шығарған әдебиеттерін насихаттайды.

Өлкенің өткенін зерттеп білудің негізгі дерек көздерінің бірі - мемлекеттік статистика мәліметтері болып есептеледі.

Әр кезеңдерде жүргізілген санақ нәтижесі қазіргі кездегі өлке тұрғындарының нақты санын анықтауға көп көмектеседі. Жүргізілген халық санағынан біз халық санын, табиғи өсуін, отбасылық, әлеуметтік-демографиялық және ұлттық құрамын (халықтың білімі, орналасуы мен көшіп-қонуына (миграция) байланысты) анықтайтын деректермен танысамыз. Мемлекеттік статистика сонымен бірге өлкедегі өнеркәсіп орындарының жыл сайынғы өсуі, өндірілген өнім түрлерінің көлемі мен өсу барысы, ауыл шаруашылығы бірлестіктері мен олардың өсу барысы мәдениет орындарының жайы, жыл сайынғы өсуі туралы көп мәлімет береді.

Тарихи өлкетануда жастардың әлемдік бағдар қабілетінің өсуінде *географиялық картаның* өзіндік орны бар. Географиялық карта дегеніміз жердің жоғарғы қабатының кішірейтілген жалпы бейнесі. Карта жасаудың теориясы мен әдістемесін зерттейтін ғылым картография, ал карта арқылы жүргізілетін зерттеу әдісі картографиялық әдіс деп аталады. Өлкетану жұмыстарында карта ақпарат дерек көзі қызметін атқарады. Карталар өзінің қамтитын территориялық ауқымдылығына, мазмұнына, масштабына және бейнелеу сызба нұсқасының (схемасының) кезеңдеріне қарай жіктеледі.

Мазмұнына қарай карталар жалпы географиялық және мамандандырылған түрлерге бөлінеді. Жалпы географиялық картада табиғи шарттардың ішкі жағдайы (теңіздер мен мұхиттардың жағалаулары), өзендер мен көлдер, рельеф,

тұрғылықты жерлер, региондар шекарасы, байланыс жолдары бейнеленеді.

Мамандандырылған карталарда олардың элементтері толық және терендетілген түрде көрсетіледі. Олар екі топқа жіктеледі: физико-географиялық және әлеуметтік-географиялық. Физико-географиялық картаның географиялық ортаның жалпы сипаттамасын беретін түрлері болады. Мысалы, табиғи аймақтың, табиғи ауданның, ландшафтың т.б. картасы. Сондай-ақ жекелеген табиғи компоненттер жайындағы мәліметтермен ғана шектелетін физико-географиялық карталар да болады. Мысалы, геологиялық карталар (тектоникалық, пайдалы қазбалардың т.б.), климаттық карталар (ауа температурасы, жауын-шашын, ауа қысымын, желдің бағыты), гидрологиялық, өсімдіктер картасы т.б.

Әлеуметтік-географиялық карталар мынадай түрлерге бөлінеді: тұрғындар (саны, құрамы, тығыздығы, көшіп-қонуы т.б.), экономикалық (табиғи ресурстар, кәсіпорындар, ауыл шаруашылығы, транспорт т.б.), саяси-әкімшілік (республика, облыс, аудан, ауыл т.б. шекарасын көрсетеді), мәдениет (ғылым, білім, өнер т.б. орталығын көрсетеді) және тарихи оқиғаларды суреттейтін (мемлекет шекарасының өзгеруін, саяхат жолын, соғыс болған жерлерді) тарихи карталар.

Бірнеше табиғи немесе әлеуметтік-географиялық элементтер сипаттамасын беретін мамандандырылған карта түрлерін кешенді карта (комплексная карта) деп атайды.

Масштабына қарай карталар ірі масштабты (1:200 000 және одан ірі), орта масштабты (1:200 000-нан төмен және 1:1 000 000-ға дейін) және кіші масштабты (1:10 000 000 төмен) болып бөлінеді.

Сұлбалануына қарай картаның түрлері: картасұлба (объектілердің орналасуын масштабқа қатысты анықтай алмайтын) және сызбанұсқа (схема) (ешқандай масштабсыз). Сызбанұсқаға қалалар жобасы, байланыс жолдары, тарихи карталардың көпшілігі жатады.

Мұрағаттық деректер

Тарихи өлкетану пәні үшін мұрағаттық деректердің маңызы зор. Мемлекеттік мұрағаттар халықтың ғасырлар бойғы байлығы болып саналатын құжаттарды сақтайды.



Тарихи-өлкетанымдық зерттеуде жергілікті мекемелер мен ұйымдардың құжаттары (баяндамалар, есептер, анықтамалар, баяндау хаттар, хаттар, жобалар, түрлі комиссиялардың құжаттары т.б.) өте маңызды болып табылады. Оларда халық тұрмысы жан-жақты қамтылады (қабылданған шешімдер және олардың орындалуы).

Мұрағаттарда жергілікті мемлекеттік мекемелердің, сот орындарының, кәсіпорындар мен ауыл шаруашылығының, оқу орындарының, мәдени-ағарту мекемелерінің, кәсіподақ ұйымдары мен басқа да мекемелердің құжаттары сақталады. Сондықтан мұрағат құжаттары өлкетану жұмысында ерекше көңіл бөлуді қажет етеді.

Мұрағат құжаттарымен жұмыс істеудің негізгі мақсаты айғақты деректер жинақтау болып табылады. Өлкетанушы мұрағат құжаттарынан оқиғаның өзімен емес, оның жазба деректердегі тарихымен ғана танысатындықтан, зерттеу объектісінің талдауларынан өзіндік ғылыми ой қорытындысын шығарып, басқа деректермен салыстыра алады.

Тарихи өлкетануда *мұрағаттық деректердің* маңызы зор. Мемлекеттік мұрағаттар халықтың ғасырлар бойғы байлығы болып саналатын құжаттарды сақтайды.

Тарихи өлкетанымдық зерттеуде жергілікті мекемелер мен ұйымдардың құжаттары (баяндамалар, есептер, анықтамалар, баяндау хаттары, түрлі комиссиялардың құжаттары т.б.) өте маңызды болып табылады. Оларда халық тұрмысы жан-жақты қамтылады (қабылданған шешімдер және олардың орындалуы).

Мұрағаттар (латынша *archivum*) – документті материалдар сақтайтын дербес мекемелер немесе мекемелердегі ұйымдар мен кәсіпорындардағы осы жұмыспен айналысатын бөлімдер. Осындай арнаулы мекемелер мен қоғамның жұмысы, жеке адамдардың еңбегі нәтижесінде іріктелген құжаттардың жиынтығы да мұрағат деп аталады. Мұрағаттардағы деректер ғылыми зерттеу жұмыстарына шаруашылық пен мемлекетті басқару қажетіне пайдаланылады. Жазба деректерді жинастыру, жазу-сызу ең ежелгі мемлекеттер құрылған кезден бастап қолға алынды.

Біз өлкемізге байланысты, жалпы Қазақстанның тарихына байланысты ертедегі материалдарды негізінен Ресей Кеңестік социалистік Федеративтік Республикасындағы мұрағаттардан



аламыз. Соның ішінде Москва, Ленинград мұрағаттарының материалдарын кеңінен пайдаландық. Бұл күні кейбір қиындықтар болғанымен сол мұрағаттар материалдарын пайдалану одан әрі жалғасуда. Ал Оңтүстік өңіріне байланысты материалдарға келсек, біз оны негізнен бүгінгі Ресей Федерациясы Орынбор және Омбы қалаларындағы мемлекеттік мұрағаттарынан алып отырмыз.

Жалпы, ежелгі Русьте мұрағаттар ең алғаш князь сарайларында, монастырьларда, шіркеулерде, ірі жер иелерінде пайда болды, кейінірек мемлекет мекемелерінде қалыптаса бастады. Орталық Азияның құл иеленуші мемлекеттерінде (Хорезм, Соғды және Самани мемлекеттері) жазу болғанын дәлелдейтін ескерткіштер табылды. IX ғасырдың аяғы X ғасырдың басында бұл мемлекеттерде орталық мұрағаттармен қатар жеке меншік мұрағат та пайда болды. Ибн Сина Самани мемлекетінің өмірі кітапханасының мұрағаттарын толық баяндаған еңбек қалдырды. Бір орталыққа бағынған Орыс мемлекеті құрылғаннан кейін XVI ғасырда Москвада патша мұрағаты ұйымдасты. Мұрағаттар XVIII ғасырдың басынан, Петр I заманынан басталады. XIX ғасырда ірі тарихи мұрағаттар: Бас штабтың инспекторлық депортаментінің Москвадағы бас мұрағаты (1819 ж), Россия империясының мемлекеттік мұрағаты (1834), Заң министрлігінің Москвадағы мұрағаты (1852), Әскери – ғылымдық мұрағат (1867) тағы басқалар ұйымдастырылды. Революциядан бұрынғы Россияда мұрағаттардың біртұтас басқармасы болмады, оған бірегей басшылық жасалмады.

Кеңес Одағындағы мұрағаттар жөнінде сөз етсек, Ұлы Қазан социалистік революциясы жеңгеннен кейін мұрағат тарихындағы сапалық жаңа кезең басталды. 1918 жылы 1-маусымда РСФСР халық Комиссарлары кеңесінің «Мұрағат ісін қайта құру және бір орталыққа бағындыру туралы» В.И.Ленин қол қойған декрет қабылданды. Бұл декрет бойынша ведомстволық мұрағаттардың бәрі жойылып, оларда сақталған құжаттардан біртұтас мемлекеттер мұрағат қоры (БММК) жасалды. Елдегі бүкіл мұрағат жұмысына басшылық ету үшін КСРО ішкі істер халық комиссариатында (ІХК), кейіннен ішкі істер министрлігінде (ІІМ) Бас мұрағат басқармасы (БМБ) ұйымдастырылды.





Одақтас және автономиялы Республикалардың ІІМ-теріне мұрағат басқармалары (бөлемдері), ал ІІМ-нің облыстық және аймақтық басқармаларында мұрағат бөлімдері құрылды.

Сөйтіп, мемлекетте мұрағат жүйесіне орталықтанған КСРО Министрлік Кеңесі жанындағы бас мұрағат басқармасы, Одақтас Республикалар Министрлер Кеңесінің жанындағы Мұрағат басқармалары, облыстарда облыстық аткомдардың жанындағы мұрағат қорларын сақтау үшін КСРО – да орталық мемлекетте 9 мұрағат ұйымдастырылды. 7 мұрағат Москвада: КСРО-ның Октябрь революциясы және Социалистік құрылыс Орталық мемлекет мұрағаты КСРО-ның Қызыл Армия орталық мемлекет мұрағаты, КСРО-ның әдебиет және өнер Орталық мемлекет мұрағаты, СССР-дің Орталық мемлекетінің тарихы мұрағаты, КСРО-ның Орталық әскери – тарихи мұрағаты, КСРО-ның кино – фото – документтер мұрағаты, КСРО-ның ежелгі актілер Орталық мемлекет мұрағаты жұмыс істеді.

Екі мұрағат Ленинградта: КСРО-ның Орталық мемлекеттің тарихи мұрағаты, КСРО-ның Соғыс-теңіз Флоты орталық мемлекет мұрағаты болды. Әрбір одақтас және автономиялы республикалық өзіндік орталық мемлекетінің мұрағаты ұйымдастырылды (Қазақ КСР Орталық мемлекеттік мұрағаты). Жергілікті материалдар өлкелердің, облыстардың, округтардың мұрағаттарында сақталады. Қалалық, аудандық мұрағат жұмыс істеді, ондағы құжаттар белгілі бір мерзімнен кейін мемлекет мұрағаттарға жөнелтіледі. Содан бері мемлекет мұрағат жүйесінен басқа мекемелерде, ұйымдар мен кәсіпорындарда күнделікті материалдар уақытша сақталатын мұрағат бар, мұндағы материалдар да мемлекеттік мұрағаттарға жіберілді. Кеңестер Одағы мен революциядан бұрынғы Россияның шетелдермен байланыс жасайтын мекемелердің құжаттары Сыртқы істер министрлігінің мұрағатына, Ұлы Отан соғысының тарихы жөніндегі материалдар Қорғаныс министрлігінің мұрағатына жинақталған. Мұрағат қорларының бір бөлігі музейлерде, кітапханаларда, ғылыми институттарда (СОКП ОК жанындағы марксизм-ленинизм институтының, КСРО ҒА-ның мұрағатында, КСРО-ның В.И.Ленин атындағы мемлекеттік кітапханасында, М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы көпшілік кітапханасында, Мемлекеттік тарихи мұражайда т.б.).



Мұрағаттарда ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу үшін кең мүмкіндік туғызылады. Еңбек стажы, жалақысы т.б. жөнінде халыққа күнбе-күн мыңдаған анықтамалар беріледі. Мұрағаттарды мекемелер мен ұйымдар өздерінің жұмыстары үшін пайдаланады. Мұрағат қызметкерлері Кеңес ғылымдарымен бірге тарихи құжаттарды зерттеу, басып шығару жөнінде жемісті жұмыстар жүргізді. 1966 жылы ақпаннан бастап «Советские архивы» журналы шығарылды. Онда сол кездегі Кеңестер Одағындағы барлық мұрағаттардың жасап жатқан жұмыстары жөнінде көптеген материалдар басылып, мұрағаттардың жұмыстарындағы жаңалықтар үзбей жарық көріп тұрды.

Бұл мұрағаттар Кеңестер Одағы таратылғаннан кейін де өмір сүріп, көптеген жұмыстар атқарып келеді. Біз оңтүстік өңірінің өлкетанушылары өткен ғасырлардағы тарихымызға байланысты материалдарды Өзбекстан Республикасы Орталық мұрағат қорынан да алып, пайдаланып келеміз.

Археологиялық деректер

Археология - адамзаттың өткен тарихын заттай ескерткіштері арқылы зерттейтін ғылым. «Археология» терминін (ескілік туралы ғылым) алғашқы рет ежелгі грек философы Платон (б.з.д. 427 – 347 ж.ж.) (архайос - ежелгі, логос – ғылым, сөз) қолданды. XVIII ғасырда бұл терминмен ежелгі өнер тарихын белгілей бастап, қазірге дейін бірқатар елдерде археология дегеніміз «ежелгі әлем өнерін» білдірді. Францияда, мысалы, археологиялық деп көне ескерткіштер жиналған мұражайларды айтады екен, ал тас ғасырының қарулары мен басқа да алғашқы қауымдық материалдар өнер тарихы мұражайларда сақталады.

Бірінші археологиялық қазбалар ежелгі дәуірде-ақ іске асты немесе осы салада әрекеттер жасалынды.

Ежелгі римдік ақын және ойшыл Лукреций (б.з.д. I ғ.) жазбаға дейінгі тарихты тас, мыс, қола және темір ғасырларына бөледі. Лукрецийдің схемасы (сызбасы) қазірге дейін археологиямен қолданылады.

Қайта өркендеу ертедегі дәуір археологиясына үндейді (вновь обращаются). Ол кезде қарқынды жазбалар жүргізілді, олардың



мақсаты ежелгі гректік және ежелгі римдік мүсіндерді әшекейлер мен жиһаздарды табу болды.

Археологиялық қызметтің ерекше белсенділігі XVIII ғасырдың 40-шы жылдарында (Помпейдің қазбалары) жүргізілді. Бірақ ғылыми көзқарасын Ұлы француз революциясынан кейін қабылдайды. Тұрақты ғылым ретінде археология XIX ғасырда қалыптасады. Бұл кезеңде Мысыр мен (Қосөзен) мәдениеті ашылды. 1836 жылы Дания археологы Х.Томсен үш ғасырлық алғашқы адамзат тарихы туралы гипотезаның археологиялық мағлұматын негіздеді. Е.Ворсо оны қолдап, одан әрі дамытты.

1837 жылдан бастап француз археологы Э.Лартэ ежелгі тас қаруларын жасайтын адам мамонт пен басқа да қазынды жануарлардың замандасы болғанын ғылыми түрде бекітті.

1869-1893 жылдары Г.Мортилье тас қаруларының бірінші хронологиялық схемасын дамытты. Оның енгізген терминдері (ашель, мустье, және т.б.) қазірге дейін қолданылады. 1865 жылы археолог және этнограф Д.Леббон тас ғасырын екі дәуірге бөлуді ұсынды: плеолит және неолит. XIX ғасырдың соңында француз археологы Э.Пьет олардың арасындағы өтпелі дәуір мезолитті ашты. Қола және темір ғасырлары да осылай ерте және кейінгі делініп екі кезеңге бөлінді.

XIX ғасырдың соңында археологияға «Энолит» термині енді, яғни мыс, тас ғасыры, тас ғасырынан қола дәуіріне өтпелі кезең.

Археологиялық ескерткіштерді шартты түрде бірнеше топтарға бөлуге болады. Ең ірісі олардың ішіндегі екеуі - қоныстану мен жерлеу. Қоныстануда нығайтылмаған (қоныс, мекен) және нығайтылған қалашық.

“Мекендер” мен “қалашықтар” деп қола және темір дәуірлерінің ескерткіштерін айтады. “Қоныс” деп тас және қола ғасырларының қоныстануын айтады. «Қоныс» термині өте шартты. Ол қазір «мекендеу» түсінігімен ығыстырылууда.

Археологияда адамдар жерленген жерлерге көп зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Жерлеу негізгі екі түрге бөлінеді: көрқана іргетасымен жерлеу (қорған, мегаметтер, сағаналар (гробницы) және топырақтық жерлеу, яғни ешбір көрқара іргетасынсыз жерлеу.

Бізге жеткен атақты сағаналардың бірі – пирамидалар. Мысалы, Хеопстың пирамидасына 6,5 млн. т. тас кетті. Биіктігі 140

метр. Бұрынғы КСРО территориясында пирамидаларды ағаштар және топырақтармен салды. Олардан үймелер мен қорғандардың орындары ғана сақталған.

Археологиялық зерттеулерді далалы және камерлік яғни лабораторлыққа бөледі. Дала жұмыстар олар тек қазбалар емес, ең алдымен археологиялық ескерткіштерді іздеу болып табылады.

Археологиялық шолудың ең қарапайым және ең танымды әдісі барлық тексерілетін территорияларды жаяу айнала жүру және жер бетін зейінді қарау, әсіресе өзен, көл көшкін жағалауларымен. Жеке жағдайларды археологиялық ескерткіштердің іздері көзге бірден түседі. Ежелгі және ортағасырлық қалалардың қалдықтары сақтайтын іргетастарынан ор; ал сағаналар көрқарандардың іргетасының қалдықтарынан пирамида, қорғандары жақсы көрінеді.

Алайда, археологиялық ескерткіштердің іздері бір қарағанда білінбейді. Ол қандай іздер? Ең алдымен, олар адамдарды қоршаған әртүрлі заттар. Олар археолог тапқан археологиялық іздердің бірінші іздері болып табылады. Сондықтан да ол заттардың тарихы мен өткен ғасырдың «сәнін» жақсы білу керек.

Біздің ғасырдың басында-ақ Ости портының қалдықтары әуедегі шардан (воздушный шар) суретке түсірілген екен. Осындай аэросуреттер (аэрофотография) пайда болды. Ол қазбаға дейінгі ескі қалалардың жоспарын зерттеуге көмек беретін XX ғасырдың 30-шы жылдарында Орталық Азияда аэросуреттің көмегімен Кеңестік археологтар шөлдегі ескі қалаларды және ескі арықтардың қалдықтарын айқындайды. Оларды зерттеу қазіргі ирригаторларға қарқынды түрде жаңа арықтарды және суарылатын топтарды салуға көмек береді. Қазіргі кездегі электршолудың әдісі кеңінен қолданылады, өйткені токтың көмегімен ылғалды болған жер қыртысының (топырақтың) қарсы тұруын өлшейді.

Археологиялық шолу, ескерткіштің алғашқы тексерілуі – ол қазбалыққа дайындық жер жұмыстарының негізгі түрі - қазба.

Археологиялық қазба жұмыстарында көпқабатты ескерткіштер өте көп кездеседі. Олар адамдар бірнеше рет мекендеген жерлер. Дымқыл кірпіштен балшықты үйлер соғылған Таяу Шығыс пен Орталық Азия аудандарындағы көне қалалардан оншақты метр биіктікте белестер (төбешіктер) – пайдаланылады.



Адамның іс әрекетінің іздері бар археологиядағы текшені (қабатты) мәдени текше деп атады. Ежелгі адамдардың өздері азық-түлік сақтау үшін жер кепелерді, шұңқырларды от жағу үшін қазан шұңқырларды, мәдени текшелерді сақтауға қамданбай қазды. Ескерткіштің стратегиясын (яғни текшенің кезектесуі) жақсы талқылау үшін шаршының (квадраттық) арасында тимеген жердің жіңішке жолақтарын қалдырды.

Қазбалар біткеннен кейін жолақтарға қарап, бір мәдени текшенің басқамен алмастырылғанын көруге болады. Жолақты қырынан суретке түсіреді. Жолақтың арасында жер бүкіл қазба аумағында 20 см. ден аспайтындай қабатпен түсіріледі.

Тарихи өлкетанудың объектілері.

Табиғи өлкетану экология мен табиғатты қорғаудың өзекті мәселелерін оқып-үйренуде ғаламдық, ұлттық және региондық (аймақтық) аспектілердің өзара байланысын қамтиды. Сондай-ақ, ол экологиялық тәрбие беруді дұрыс ұйымдастыруға септігін тигізеді, экологиялық мәдениетті қалыптастырады.

Табиғи өлкетану патриоттық және рухани бағытта тәрбиелеудің бірден-бір жолы. Ол туған жердің табиғатымен танысып, оны бағалауға септігін тигізеді. Л.Н.Толстой былай дейді: “Неужели может среди обаятельной природы удержаться в душе человека чувство злобы, мщения или страсти истребления себе подобных? Все недоброе в сердце человека должно бы, кажется, исчезнуть в соприкосновении с природой - этим непосредственным выражением красоты и добра”.

Табиғи өлкетанудың мәні табиғатты кешенді түрде тануда, оның жергілікті жерде дамуы мен динамикасының негізгі аспектілерін өлкетанушыларға физико-географиялық ғылымдардың әдіс-тәсілдеріне сүйене отырып зерттейтіндігінде.

Жергілікті жердің табиғаты аудан, облыс, республика, табиғи аймақ, мемлекет секілді ірі территориялардың бір бөлігінің табиғаты ретінде қарастырылады. Сондықтан оны оқып-үйрену процесінде ірі аймақтық табиғатымен салыстыра қарау керек.

Бізді қоршаған табиғи орта негізгі ландшафты құрайды. Бір ландшафтың өзінен оның бірнеше ұсақ құрылымды бөліктерін зерттеп білуге болады. Ландшафт ауданы бірнеше мыңдаған



немесе жүздеген шаршы километрмен өлшенеді. Сондықтан өлкетану жұмысы негізінен бір ландшафт көлемінде жүргізіледі, ал өлкенің кешенді физико-географиялық жағдайы, негізінен, ландшафтың табиғи сипаттамасы болып табылады.

Өлкенің жалпы *физико-географиялық сипаттамасы* мына бөлімдерді құрайды: 1- геологиялық құрылыс, рельеф және жерасты пайдалы қазбалары; 2- климаттық жағдай; 3- гидрологиялық жағдай; 4- топырақ қыртысы; 5- өсімдіктер жамылғысы; 6- жануарлар әлемі.

Бұл аталған бөлімдер табиғи өлкетанудың негізгі бағыттарын құрайды. Бұған қосымша өлкенің физико-географиялық сипаттамасына өлкетанушылардың арнайы назар аударуы мен ерекше күтімді қажет ететін жергілікті табиғи құндылықтар мен табиғи ескерткіштер де кіреді.

Өлкенің геологиялық құрылысы ең алдымен оның тектоникалық құрылымына байланысты.

Өлкенің тектоникалық құрылымы жердің ішкі (эндогендік) процесінің өте күшті әсерінің нәтижесінде пайда болады.

Өлке территориясының тектоникалық құрылысының пайдалы қазбалары қазіргі күрделі ғылыми-зерттеу әдістерін, жаңа аппаратураларды, жердің геологиялық картасын пайдалану арқылы арнайы жүргізілетін геологиялық зерттеу нәтижесінде анықталады. Сондықтан өлкетанушы өлкенің геологиялық тарихының ерекшеліктерін, ондағы минералдық ресурстар қорын зерттеу үшін арнайы әдебиеттер, геологиялық карталар мен жергілікті геологиялық басқарманың есебін пайдалануы шарт.

Рельеф формаларының генетикалық жүйесі оның пайда болуы мен даму шарттары мен себептері арқылы анықталады. Ең ірі рельеф формаларының құрылуы, әсіресе жазық дала мен таулы жерлердің, жер қыртысының ішкі тектоникалық қозғалысымен байланысты болып келеді.

Жердің ішкі процесі мен күшіне байланысты рельеф формалары мен генетикалық топтар қалыптасады.

Бірінші топ - рельефтің жел арқылы пайда болатын эоловты формасы (“эол”- грекше - жел).

Екінші топ - жерасты су қоймалары арқылы пайда болатын рельеф формасы.





Үшінші топ - жерүсті ағын сулары арқылы қалыптасатын рельеф формалары.

Төртінші топ - қазіргі және ежелден келе жатқан мұзарттардың (мұз қоймаларының) әсері арқылы пайда болатын мұзды рельеф формалары.

Рельеф формаларының ең соңғы бесінші тобы - жел арқылы қалыптасады.

Климат белгілі территория көлемінде ғасырлар бойы қалыптасқан ауа райы режимі (ауа райы - жердің беткі қабатында белгілі бір уақыт ішінде белгілі бір территорияда қалыптасқан атмосфера күйі).

Кез-келген жердің климаттық жағдайы радиациялық, циркуляциялық және жердің үстіңгі қабаты (жергілікті рельеф, үлкен су кеңістігі, өсімдік түрлері мен олардың қалыңдығы) факторларына байланысты қалыптасады.

Радиациялық фактордың қызметі территорияның экватормен ара қашықтығына байланысты. Климаттық радиациялық көрсеткіші күн сәулесінің жиынтық мөлшерімен және радиациялық баланспен өлшенеді. Жиынтық радиация - уақыт бірлігінде жер бетіне тігінен (горизонталь) тікелей (күннен ешқандай кедергісіз түсетін) және жайылма (бүкіл атмосферадан түсетін) радиациямен бағаланады. Қажеттілікке қарай оның тәуліктік, айлық, жылдық көлемі анықталады. Территорияның радиациялық балансы жер бетіне сіңген жиынтық радиация мен сол жердің сәулеленуі кезіндегі сәулені сындыруы арасындағы айырмашылық. Радиациялық баланс оң (жазда, күндіз) және теріс (қыста, түнде) болуы мүмкін. Оның көлемі жер бетінде жылу режимін орнатуда үлкен роль атқарады.

Циркуляциялық фактор белгілі бір территориядағы атмосфера қысымы режимін, циклондар мен антициклондардың қалыптасуы мен ауысуын, аспандағы үстемдік етуші құбылыстардың типтері, олардың динамикасын, желдің күштілігі мен бағытын анықтайды.

Бұл екі фактордың қызметін климат түзуші үшінші фактор - жердің үстіңгі қабаты реттеп отырады.

Атмосфералық процесс пен климат түзуші факторларды ұзақ зерттеген соң оны мына бағдарлама арқылы өлке климатын зерттеуге болады:



1. Климат көрсеткішін ғылыми тұрғыдан түсіндіруге, олардың табиғи процеспен, өлке территориясында өтіп жатқан процестермен байланысын қалыптастыруға мүмкіндік беретін климат түзуші факторлар қызметінің бағасы.

2. Өлке климатының сипаттамасы ауа температурасы -жарты жылдық, жарты айлық, ең жылы, не, ең суық орташа температурасы; бір жылдағы және әр айдағы ауа температурасының максималды және минималды мөлшері секілді жылу жағдайларының көрсеткішіне қашан да тәуелді. Ауыл шаруашылығы климатын бағалауда өсімдіктердің бойы мен дамуын қамтамасыз ететін, температура көрсеткіштерін қосу арқылы анықталған температура әсерлілігінің жиынтығы есептеледі.

3. Өлке климаты атмосфера ылғалдылығы кезіндегі мәліметтерді де қарастырады: бір жылда және ай сайын болған жауын-шашынның жалпы мөлшері, олардың территория көлемінде таралуы, анықталған уақыты, қар жамылғысының ұзақтығы мен қуаты.

4. Өлке климатының негізгі көрсеткіштерінің барлығы жыл мезгілдеріне байланысты қарастырылады. Бұл үшін өлкетанушыға зерттеу жүргізілетін территориядағы атмосфералық және климаттық құбылыстардың маңызы зор.

5. Өлке климатын зерттеуде сол жердің өсімдіктер мен жануарлар әлемін қалыптастыратын және адамның өмір сүру жағдайын анықтайтын жергілікті табиғи ресурс ретіндегі шаруашылық және рекреациялық бағасын беру де маңызды. Сонымен бірге жергілікті шаруашылықты игеруде атмосфера мен климат жағдайының әсері қаншалықты екендігін, табиғатты қорғауда қандай мәселелер орын алатынын және олар қалай шешілетінін зерттеу де өте қажет.

Гидрология - гидросфра көлеміндегі табиғи суларды зерттейтін ғылым. Өлкенің гидрологиялық жағдайын зерттеу кезінде сол жердегі табиғи сулардың барлық түрлері қарастырылады: теңіз, оның шығанақтары, өзендер, көлдер мен су қоймалары, бұлақтар, батпақ, ал таулы аймақтарда - мұздықтар мен ірі қар үйінділері.

Өлкенің су қорларын зерттеу арқылы олардың атмосфера ылғалдылығына, геологиялық тарихына, өлкенің құрылысы мен





рельефіне, өсімдіктер әлеміне қалай әсер ететінін анықтау өте маңызды.

Өлке территориясындағы барлық гидрологиялық объектілер - өзендер, көлдер, минералды бастаулар (қайнарлар) және т.б. - өлкенің су қорының жалпы мәліметтері негізінде зерттеліп бағаланады. Олар туралы кейбір нақты деректерді облыстық немесе республикалық арнайы гидрологиялық және агрометеорологиялық анықтамалардан алуға болады. Мамандардың ірі нысандарды (объектілерді) арнайы зерттеп, жинаған құнды деректерін өлкетанушы өз бетінше бақылау арқылы жинауына болады.

Кез келген жердің топырақ қабатының түрі (типi) мен құрамын анықтау оны шаруашылыққа пайдаланудың алғышарты болып табылады. Өлкенің топырақ қабаты туралы сипаттаманы жергілікті өлкетану әдебиеттері мен карта арқылы алуға болады.

Кез келген жердің өсімдік жамылғысын сол жердің *флорасы* мен өсімдіктер қоры құрайды. Флора дегеніміз белгілі бір территориядағы өсімдіктердің барлық түрінің ертеден қалыптасқан жиынтығы. Бірақ флоралық сипаттама өлкенің өсімдіктер әлемінің нақты бейнесін бере алмайды. Өйткені кейбір өсімдіктер зерттеліп жатқан территорияда сирек кездессе, кейбір түрлері, керісінше, көптеп кездесуі мүмкін.

Жекелеген өсімдіктерді зерттеу үшін оның атауын (ғылыми және жергілікті), қай тұқымдастар тобына жататындығын, құрылысының ерекшелігін, бойы мен өсіп-дамуын, қоршаған орта жағдайын (рельефі мен микрорельефі, микроклиматы, топырақ қабаты, басқа өсімдіктермен арақатынасы), таралу аймағын, шаруашылықта қолданылуын, оның қорын үнемдеу мен қорғауға алуды анықтау керек.

Өлке *фаунасының*, яғни сол территорияны мекендейтін жануарлар әлемінің, жалпы сипаттамасы арнайы әдебиеттерді пайдалану арқылы анықталуы мүмкін.

Өлкенің жануарлар әлемінің жалпы сипаттамасына жануарлардың таралу аймағы, олардың тіршілік ету ерекшеліктері мен басқа жануарлармен ара қатынасы да кіреді.

Фаунаны зерттеу үшін жануардың өзін ғана емес, оның тіршілік ауқымын - мекенін (үя, ін), көректенетін мекенін, т.б. зоологиялық объекті етіп алу керек. Өйткені тірі жануарды



жақыннан тұрмақ, алыстан бақылаудың өзі оңайға соқпайды. *Орнитологияның* (құстар турлы ғылым) қыр-сырымен жете таныс өлкетанушы алыс қашықтықтан-ақ орманда, паркте, жазық далада қандай құстар мекендейтінін олардың дауысы, салған әндерінің әуені мен ырғағына қарап анықтай алады.

Өсімдіктер мен жануарлардың *биоценоздағы* өзара байланысы жан-жақты. Мұнда тіршілік пен қорық үшін күрес, мекен ету ортасы, өзара көмек (симбиоз), жыртқыштық, паразиттік және басқа да қарым-қатынастарды кездестіруге болады.

Әрбір биоценоз өзіне тиімді рельеф, климат, топырақ қабатының жағдайына байланысты өлі табиғи факторлар қоры арқылы тіршілік етеді. Белгілі территориядағы бұл заңды үйлесімділік биология ғылымында биогеоценоз немесе экологиялық жүйе, ал география ғылымында табиғи-территориалдық кешен (комплекс) деп аталады.

Өлкенің жануарлар және өсімдіктер әлемін зерттеуде экологиялық мәселелермен бірге табиғатты қорғауға байланысты түрлі көзқарастарды есепке алу керек.

Экономикалық өлкетану өлкенің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін қарастырады. Экономикалық өлкетанудың зерттеу объектілері: өлкедегі халықтың қазіргі кездегі орналасуы, халық шаруашылығы, тұрғылықты жерлер, өлкедегі халық шаруашылығын құрайтын (фабрика мен заводтар, кеніштер, ұжымшарлар, порттар, темір жол стансалары, ғылыми басқармалар, оқу орындары, мәдени және денсаулық мекемелері) жекелеген кәсіпорындар мен басқармалар болып табылады.

Адамдардың әлеуметтік-экономикалық тіршілігінің барлық қырлары бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан тұрғындар мен өлке экономикасын зерттеу барысына міндетті түрде ішкі байланыстар мен тәуелділіктерді қамтамасыз ететін кешенді қатынастар қажет.

өзімізге белгілі, халық шаруашылығында сандық және сапалық өзгерістер болып тұрады. Осыған байланысты халықтың орналасуы мен өлке экономикасын зерттеуде олардың өткені мен болашақта даму жоспарларымен байланыста қарастыру керек.

Кез келген жердің тұрғындары мындай нақты деректерді сипаттайды: халық саны, табиғи өсу, көшіп-қону, әлеуметтік-демографиялық құрылым, мәдениет пен білімінің дамуы т.б.





Халық саны тұрғылықты жердегі халықтың жалпы санын құрайды. Әр жылдардағы халық санын салыстыру арқылы тұрғындар динамикасын (өсу деңгейі мен азаюын) анықтауға болады.

Өлкенің халық санын аймақтың басқа бөліктеріндегі халық санымен салыстыру өлкенің аймақтағы алатын орнын айқындайды. Халық санының территория ауданына қатынас халық тығыздығын (бір шаршы километрдегі халық санын) көрсетеді. Халықтың табиғи қозғалысы тұрғындардың туылуы мен өлуін анықтайтын табиғи өсу мен азаюды сипаттайды.

Өлке тұрғындарының саны тек қана табиғи өсу арқылы ғана емес, халықтың көшіп-қонуының (миграция) нәтижесі болып табылатын механикалық өсу есебі арқылы да өзгеріп отырады. Өлке тұрғындарының әлеуметтік-демографиялық құрылымы халықтың жыныстық, жас ерекшелік, ұлттық, әлеуметтік және мамандық құрамы, отбасылық және қала мен ауылдық жерде орналасу сипатына байланысты анықталады.

Өлке тұрғындарын зерттеуде мәдениеттің алатын орны үлкен. Бұл процесте экономикалық өлкетану халықтың мәдениеті мен тұрмысын (тұрмыстық және шаруашылық құрылыстардың ерекшелігі, киім, қоғамдық және отбасылық тұрмыс, салт-дәстүр, халық емі (медицинасы), фольклор т.б.) жан-жақты қамтитын этнографиялық өлкетанумен тығыз байланысады.

Өлке тұрғындарының жалпы сипаттамасын зерттеудің қысқаша мазмұны төмендегіше:

1. Халық саны (соңғы санақ бойынша және қазіргі кезде), халық санының өсуі, өлкенің аймақтағы орны. Туылу, өлу, табиғи өсім, отбасылық.

2. Халықтың жыныстық және жас ерекшелік құрамы; жұмысқа жарамды жастағылар саны, ұзақ жасаушылар.

3. Халықтың ұлттық құрамы, түрлі ұлттар мен халықтың өлке территориясында орналасуы.

4. Халықтың әлеуметтік құрамының өзгеруі; тұрғындардың халық шаруашылығының түрлеріне байланысты бөлінуі. Өлкенің еңбек ресурстары және олардың қолданылуы.

5. Өлкедегі қалалар мен қалалық поселкалар, ауылдық жерлер, олардың өлке территориясындағы орналасуы. Қала тұрғындарының үлесі.



6. Өлке территориясында халықтың орналасуы. Орташа тығыздық пен халық тығыздығының айырмашылығы және оның себептері.

7. Халық білімінің өсуі. Өлке территориясындағы әлеуметтік-мәдени құрылыс.

Халық шаруашылығы өлкетану объектісі ретінде өлке тұрғындарының барлық шаруашылық түрлерін қамтиды.

Өлкенің халық шаруашылығы түрлері: өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, транспорт, байланыстар, тұрғын үй шаруашылығы, сауда, денсаулық сақтау, білім беру, мәдени-ағарту мекемелері және өнер т.б. Бұлардың әрқайсысы іштей бөлімдерге бөлінеді.

Ауыл шаруашылығының тармақтары мыналар: егін шаруашылығы, мал шаруашылығы, көкөніс шаруашылығы, бау-бақша және жүзім шаруашылығы, ал транспортта - темір жол, теңіз жолы, әуе жолы, автоколлік жолы.

Халық шаруашылығының негізгі топтары:

-Ауыр өнеркәсіп.

-Агроөнеркәсіптік кешен (ауыл шаруашылығы, ет, сүт, т.б.).

-Халық тұтыну тауарларының өндірісі.

-Транспорт және байланыс.

-Құрылыс.

Қайсы бір қоғам болсын, онда халық шаруашылығы (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, транспорт, құрылыс, т.б.) дамып отыруы тиіс. Бұл жағдай үнемі зерттеліп, жеткен жетістіктер мен оның барысы, елді дамытудағы үлесі көрсетіліп отырады. Өлкедегі бұл жұмыстар жоспарлы түрде жүріп отыруы тиіс.

Ал халық шаруашылығын зерттеудің қысқаша жоспары мынадай:

1. Өлкенің экономикалық-географиялық жағдайы (өзі орналасқан аймаққа, ірі өндіріс орталықтары мен ауылшаруашылық аудандарға қатысына қарай).

2. Өлкенің халық шаруашылығының дамуы, маманданған негізгі тармақтары, өлке экономикасының құрылымдық бағыттары.

3. Өлкенің өндірісі, оның құрамы мен дамуы; негізгі өндіріс орындары, олардың шикізаттық және энергетикалық базалары, технико-экономикалық көрсеткіштері, өндірістік байланыстары;



өлкенің электр энергиясымен қамтамасыз етілуі, өндіріс орындарының орналасуы.

4. Өлкенің ауыл шаруашылығы, оның дамуы мен мамандандырылуы, агроөнеркәсіптік кешеннің құрамы; ұжымшарлар, олардың өндіріс масштабы, шаруашылығының сапалық көрсеткіші; ауыл шаруашылығының техникамен қамтамасыз етілуі.

5. Транспорттық негізгі түрлері, қазіргі транспорттық желісі, жүк және жолаушы тасымалдаудың негізгі бағыттары.

6. Өлкедегі байланыс тораптарының дамуы (телефон, радио, телевидение).

7. Өлкедегі сауда-саттық, сауда желісі және жеке сауда-саттық, жергілікті базарлар, қоғамдық (жаппай) тамақтану желісі.

8. Тұрғын үй құрылысы және тұрғын жай қорының өсуі, көріктендіру мен газбен қамтамасыз етілуі, жергілікті жолаушылар тасымалдаудың дамуы; халыққа медициналық көмек көрсету және медициналық мекелердің орналасу желісі; демалыс және туризм мекемелерінің дамуы және олардың орналасуы.

9. Халық білімінің дамуы: оқу орындары (мектептер, кәсіби-техникалық училищелер, техникумдар мен жоғары оқу орындары) жүйесі, олардың қызметі.

10. Мәдени ұйымдардың дамуы: клубтар, кітапханалар, музейлер, театрлар, кинотеатрлар және т.б. өнер ұйымдары, дене тәрбиесі және спорттық дамуы, спорттық серіктестіктер.

11. Өлкенің даму болашағы.

Өлкенің өндіріс орындарын зерттеу олардың түрлі белгілерін анықтайды: тарихи (қалай қалыптасып, дамыды), экономикалық (мамандандырылу деңгейі және өндірістік байланыстары), техникалық (технологиялық процестер, техника және оның қолданылуы, ғылыми-техникалық прогрестің даму жолдары т.б.), әлеуметтік (кәсіпорын жұмысшыларының құрамы, үздік қызметкерлер, жұмысшылардың мәдени-тұрмыстық қамтамасыз етілуі т.б.).

Кәсіпорындардың қысқаша сипаттамасы:

1. Қалыптасу уақыты, себебі мен шарттары; негізгі даму деңгейлері.

2. Экономикалық-географиялық жағдайы; табиғи жағдайларға байланысты орналасу жағдайы (жердің рельефі, су жолдары, ірі

ормандық алқаптар т.б.); транспортқа, басқа тұрғылықты мекен-жайлар мен ірі шаруашылық нысандарға қатысты орналасуы.

3. Мекемелік басқармасы; мекемелік құрылымы; технологиялық процестерінің ерекшеліктері; техникалық жарықтандырылуы және автоматтандыру деңгейі; өндірістік байланыстары; ғылыми-техникалық прогрестің іске асырылуы.

4. Мамандандырылуы және оның негіздері; өндірілетін тауар түрлері; пайдаланылған шикізат, отын мен материалдардың құрамы, оларды үнемдеу шаралары; электроэнергетикалық база; өндіріс қалдықтарын пайдалану.

5. Жұмысшылар саны, олардың еңбек санатына (категориясына), мамандығына, кәсіби деңгейіне байланысты құрамы; жұмысшылардың білім деңгейі; еңбек және тұрмыс шарттары, оларды жақсартуға байланысты шаралар.

6. Еңбек өнімінің артуы; өнім сапасының өсуі; оның өзіндік құнының төмендеуі.

7. Еңбек озаттары, олардың жетістіктері.

8. Болашақта дамуы.

Ауылшаруашылық ұйымдардың (ұжымшарлардың) қысқаша сипаттамасы:

1. Қалыптасу уақыты, даму тарихы.

2. Территориясы, жұмысшылардың тұрғын-жайы.

3. Құрылымы; орталықтың, бөлімшелердің, бригадалар, фермалар, бүгінгі фермерлік шаруашылықтар мен кооперативтер, шеберханалар т.б. орналасуы.

4. Аудан орталығына, қала, агроөнеркәсіп мекемесі (қайта өңдеу, өнім сақтау, техникалық қызмет көрсету орындары т.б.), өнімді тұтыну жеріне, транспортқа қатысты экономикалық-географиялық жағдайы.

5. Жер қоры, оның көлемі мен құрамы; пайдаланылмаған жерлер; жердің жақсаруы (құрғауы, сулануы).

6. Шаруашылықтың негізгі тармақтары; өндірісішілік (ішкі) байланыстар.

7. Өсімдік шаруашылығы; егіс ауданы, оның көлемі мен құрамы, егін түсімі мен оны арттыру шаралары; бау-бақша мен жүзімдіктер ауданы.



8. Мал шаруашылығы, мал басының саны; сапалы көрсеткіштер мен оларды арттыру шаралары; жем-шөп базасы; мал шаруашылығын механизациялау және оның әсерлілігі.

9. Техникамен қамтамасыз етілуі және техниканың қолданылуы.

10. Жұмысшылар саны; мамандар саны; білім деңгейі, ауыл тұрғындарының мәдени-тұрмыстық қамтамасыз етілуі.

11. Еңбек озаттары, олардың жетістіктері.

12. Болашақта даму жоспары.

Кез келген тұрғын-жайдың, ірі қаланың да, кішкене ауылдың да, қалыптасуы мен даму тарихы, экономикалық-географиялық жағдайы және табиғаты, архитектуралық жобасы, құрылысы жағынан өзіндік ерекшелігі болады.

Тұрғын-жайды өлкетану объектісі ретінде қарастырудың негізгі шарты да оның осы өзіндік ерекшелігі мен сипатын анықтау болып табылады.

Кез келген адам өзі тұратын қала, ауылмен бала кезден таныс. Олар өзі тұратын мекенге байланысты жан-жақты деректермен күнделікті таныс болып жатады. Сондықтан өлкетанушыға өзі тұратын аймақтың халық шаруашылығы мен өнеркәсібін зерттеуден гөрі, тұрғын-жайын (қала, ауыл) зерттеу әлдеқайда оңайға соғады.

Қаланың қысқаша сипаттамасы:

-Республикалық, облыстық орталықтарға, ірі қалаларға, табиғи объектілерге (гидрокестелік желі, рельеф т.б.), байланыс тораптарына қатысты географиялық орналасуы.

-Қалыптасу тарихы, белгілі жерге орналасу себептері; қала атының шығу тарихы; даму кезеңдері.

-Ауданы (көлемі) және табиғи жағдайының топографиясы мен микрорельефінің ерекшеліктері.

-Халық саны мен құрамы.

-Өнеркәсібінің дамуы; басты тармақтары мен кәсіпорындары; өнеркәсіптік байланыстары.

-Тұрғын үй құрылыстары мен көріктендірілуі; қалалық транспорт, байланыс, сауда-саттық және қоғамдық тамақтану орындары, базарлар, денсаулық сақтау мекемелері.

-Білім беру мекемелері, мәдени-ағарту орындары, өнер мекемелері.



-Тарихи ескерткіштері мен көрікті жерлері.

-Даму болашағы.

Ауылдық жерлердің қысқаша сипаттамасы:

-Жақын жердегі қала мен аудан орталығына, ұжымдық бірлестіктерге, байланыс тораптарына қатысты географиялық орналасу жайы.

-Ауылдық қалыптасу тарихы, ауыл атауының шығу тарихы.

-Халық саны мен құрамы, өндіріс қызметтері (функциялары) (орталық, бөлімше, бригада т.б.).

-Тұрғындардың ауылшаруашылық және одан тыс жұмыстары, қосымша кәсіптері (аңшылық, балық аулау), тұрғындардың жұмыс орындары (кәсіпорын, мекеме).

-Халықтың мәдени-тұрмыстық және көлікпен қамтамасыз етілуі; балабақшалар, мектептер, кәсіби білім беретін оқу орындары, мәдени-ағарту мекемелері; ауруханалар, медпунктер, дәріханалар; сауда-саттық желісі, тұрмыс үйі, базарлары, асханалары мен дәріханалары; жөндеу шеберханалары; пошта, телеграф, телефон, радио және телевидение; көріктендіру; сумен қамтамасыз етілуі, суландыру жүйесі, газбен және электр энергиясымен қамтамасыз етілуі; байланыс желісі (темір жолдар, автожолдар, су жолдары); көлікпен қамтамасыз етілуі.

-Үйлердің жоспарлануы, көшелердің орналасуы, қоғалдандыру, құрылыс түрлері, қора-қопсы жобалары.

-Даму болашағы.

Өлкенің өнері, соның ішінде *халық шығармашылығы*, жалпы өлкетанудың құрамды бір бөлігі болып табылады. Өнер ескерткіштерінде еліміздің өткені мен қазіргісі және оның рухани өмірінің қайталанбас іздері жатыр.

Арнайы әдебиеттерде “өнертанымдық өлкетану” термині тарихи өлкетанудың архитектуралық, археологиялық, этнографиялық және тарихи-революциялық бөлімдерінің белгісі ретінде кездеседі.

Ережеге сәйкес, *архитектуралық және мүсіндік* ескерткіштер тарихи өлкетану объектісі ретінде қарастырылады. Бұл жағдай өлкетанудың барлық түрлері бір-бірімен тығыз байланысты екендігін көрсетеді. Алайда өлкетанудың кейбір түрлерінде өнертанымдық бағыт көрініс беріп отырады.



Өнертанымдық өлкетанудың барлық объектілерін екі топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа аса шеберлікпен жасалынған, өзіндік құны бар қайталанбас өнер туындыларының түпнұсқалары жатады. Тарихи өлкетанудың негізгі мақсаты осы ескерткіштердің өзін зерттеп қана қоймай, оның бағасын (жанрына, кезеңінің, әдістердің, стильдің, бағыттардың сұранысына қарай) беру және өлкенің көркем мәдени тарихынан алатын орнын анықтау болып табылады.

Екінші топқа өнер қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығына қатысты және олардың туындыларына өзек болған тарихи-ескерткіш орындар жатады. Мұндағы негізгі мақсат - көркем мұраны өлкенің қоғамдық және мәдени өмірімен байланыста қарастыру.

Бұл екі топтың объектілері оларды мынадай екі бағытта қарастыруды қажет етеді: Өлкенің тарихы мен мәдениетінің негізгі бастаулары ретінде және өнердің өзі және оның тарихи дамуы мен мәні, ғылыми, мәдени көркем құндылығының бастауы ретінде.

Өнертанымдық өлкетану өнер ескерткіштеріне құрметпен қарауға, оларды көздің қарашығындай сақтап, келер ұрпаққа аман-есен табыстауға шақырады; мәдени-көркем мұраның өткен тарихы мен болашағына жауапкершілікпен қарауға үйретеді.

Өлкенің тарихы – өлкетану объектісі

Тарихи өлкетану жалпы өлкетанудың құрамды бөлігі ретінде қолданбалы тарих саласын ұсынады және мынадай маңызды екі белгісімен ерекшеленеді: зерттелетін тарихи оқиғалар, тарихи және мәдени ескерткіштердің маңыздылығы және зерттеу сипаты.

Тарихи өлкетанудың бұл екі саласы жалпы мәліметтерді ғана емес, тарихи өлкетанудың түрлі жаңа сапалы құрылымдық жүйесін (танымдық, коммуникативтік, бағалы бағдарлық) қалыптастырады.

Өлке тарихы кең көлемді хронологиялық материалды қамтитындықтан өлкетану жұмысының күрделі объектісі болып табылады. Тарихи өлкетанудың арнайы зерттеу объектісі етіп өлкенің жалпы тарихын немесе жекелеген тарихи кезеңдерін, сондай-ақ жекелеген тұрғылықты жерлерді, көшелерді, фабрикалар мен заводтарды, ғимараттарды, тарихи ескерткіш орындарын т.б.



алуға болады. Өлкетану зерттеу жұмысы кең хронологиялық көлемді, тарихи кезеңдерді қамтуы немесе, керісінше, жергілікті тарихтың нақты бір кезеңімен, белгілі бір тарихи оқиғаға қатысқан адамдардың өмірі мен қызметімен ғана шектеліп қалуы мүмкін. Қалай болғанда да, зерттеу көлеміне қарамастан, тарихи өлкетану зерттеулерінің мақсаты мен оның негізін жергілікті тарихи айғақтар құрайды.

Тарихи өлкетану жұмысында археологиялық және этнографиялық зерттеулер ерекше орын алады.

Тарихи өлкетанудың археологиялық бағыты заттай деректер арқылы адамзат тарихының ежелгі тарихи кезеңдерін оқып-үйренумен тығыз байланысты.

Өлкетануда *археологиялық қазбалардың* маңызы зор. Археологиялық қазбалар біздің ата-бабаларымыздың өткен тарихынан, салт-дәстүрлерінен т.б. хабар береді. Археологиялық қазба жұмыстары арнайы мамандардың қатысуымен жүргізілуі тиіс. Сондықтан жас өлкетанушылар археологтардың ашқан жаңалықтарын зерттеуіне немесе қазба жұмыстары жүргізіліп жатқан жерді жай ғана бақылауына, қажет болған жағдайда археолог мамандарға көмектесуіне болады.

Өлкенің немесе оның жекелеген аймақтарының мәдени және тұрмыстық ерекшеліктері, сондай-ақ олардың қалыптасуы, өзгеруі мен дамуы этнографиялық өлкетанудың объектілері болып табылады. Мұнда өлкенің ішкі өзгешелігі, тұрғын үйлер мен басқа да құрылыстар, салт-дәстүрлер, халық шығармашылығы т.б. зерттеледі.

Жас этнограф-өлкетанушылар деректі материалдар жинау үшін жергілікті тұрғындармен әңгімелесіп қана қоймай, өлкені бақылауға алуы тиіс. Этнографиялық бақылаудың негізгі мақсаты өлке тұрғындары өмірінің өткені мен жаңасын зерттеу болып табылады.

Өлке тіршілігінде тарихи оқиғаларға, қоғам мен мемлекеттің дамуына байланысты тарихи және мәдени ескерткіштер тарихи, ғылыми, көркемдік және басқа да мәдени бағалы болып табылатын материалдық және рухани шығармашылық туындылары өлкетанымдық зерттеу объектісі болып табылады.

Тарихи өлкетануда тек бізге жеткен тарихи ескерткіштер ғана емес, сонымен бірге өткен тарихи оқиғалар жөніндегі аңыздар, сол





жерге, немесс қайраткерге қатысты аңыз әңгімелер, жырлардың да өзіндік маңызы бар. Сондықтан қазақ халқының тілін де зерттеу маңызды. Тіл - адамдардың қатынас құралы ретінде, өмірдің сан ғасырлық байлығын сақтайды. Олай болса, *тілдік деректердің* қайнар бұлағы халық ауыз әдебиеті (ертегі, аңыздар, әндер, мақал-мәтелдер т.б.). *Ауызша дерек* көздеріне халық санасында жатталып қалған, қазіргі көзі тірі кісілердің айтатын әңгімелері де жатады.

Ауызша дерек көздеріне тарихи оқиғаларға қатысқан кісілердің, өнер және қоғам қайраткерлерінің, тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғаушылардың (мыс. Кесене шырақшысының) әңгімелері де кіреді. Бұндай әңгімелердің танымды мәні зор болғандықтан өлкетанушы әңгімелерімен болатын сұхбатқа алдын-ала дайындалуы тиіс.

Сұхбатнама – көп уақытты талап етеді және жеке әңгімелеседі. Сұрақтар мазмұнына қарай – жабық және ашық, жанама және тікелей, негізгі және негізгі емес болып келеді.

Ашық сұрақтар - респонденттерге (сұхбат алушы) жауаптардың ешқандай варианттары берілмейді.

Қойылатын сұрақтарды алдын-ала дайындап алу, жауаптарды мұқият тындап, мүмкіндігінше жазып алуды қарастыру.

Адамдар қызметінің өнімдері мен іздері бізге еңбек құралдары, қару-жарақтар, тұрмыстық заттар мен құрылыс заттар, әдет-ғұрыптары ретінде жетуі. Бұлардың барлығы да тарихи деректер деп аталады.

Қазақстан тарихының кең көлемді дерек көздері бар. Оған археологиялық этнографиялық, жазбаша және ауызша дерек көзі бар. Тарихи мәлімет беретін материал дерек деп аталады. Деректер әр түрлі және бай дерек көздері ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі тарихтың бүкіл болмысын қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді. Зерттеушілер үшін басты кедергі деректердің жоқтығы емес, олардың әрі мәтіндік, әрі типологиялық аспектерге байланысты әлсіз зерттеуші болып отыр. Бізде өзінше кең көлемдегі терең деректанудың ізденістері мүлдем жоқ. Әсіресе, бұл ауызша тарихнамаға қатысты.

Қазақстанның объективтік тарихын жасауда ауызша тарихнаманың маңызы төтенше маңызды, өйткені ХХ ғ. бірінші жартысының аяғына дейін жазбаша көшпелілер қоғамда қандай



да бір елеулі рөл атқара қойған жоқ. Ауызша дәстүрде сонау көне заманнан бергі қазақ тарихының барлық маңызды оқиғалары көп тапқан.

Тіл бір этносты басқа этностан ажыратып тұратын негізгі белгі. Тіл - адамның негізгі қатынас құралы. Лингвистикалық деректер - этностың тіліне, яғни әр халықтың сөзіне, олардың бір-біріне ұқсастығына, сөздік қорына мән береді.

Диалектанушылар аномастиканы зерттейді.

Тілдік ерекшеліктер тіл білімінің жаңа саласы – аномастиканы қалыптастырады.

Аномастика – «грекше аномос» – есімі «бұл тіл білімінің жалпы есімдігін зерттейтін саласы.

Жалпы есімдер: жер, су, ру, тайпа, ел, халық, ұлт аттары. Кісі аттары фамилиялар, астрономиялық атаулар мен хайуан аттары.

Ауыз әдебиетінің шығармалары халық өзінің өмір тұрмыс-тіршілік дүниетанымын, әлеуметтік топтық көзқарасы еңбек кәсібін басынан кешірген тарихи жағдайы. Қуанышы мен күйініші бейнеленген.

Аңыз-мифологиялық батырлар мен тарихи тұлғалар жайында айтылатын әңгімелер.

Көне заман аңыздары: адамзаттың шығу тегі жаратылыс құбылыстары туралы баяндалды. Солардың ішіндегі назар аударарлығы адам баласының дүниеге келгеннен кейінгі өмірі жайлы көп айтылатын «Топан су» аңызы. Табиғаттың бұл дүлей күшінен дүние жүзінде жан-жануарлар түгел қырылып, тек Нұх пайғамбар кемесіне мініп, жүзіп жүргендер. Бұл аңызда Ассирия, Вавилон аймағы, Мессопатамиядағы белгілі тауарлар, әр заманда топан су сипатында қарап болған ертедегі қалалар атап көрсетіледі.

Ал, Ефрат дариясының батыс жағасындағы «Адам-Ата мазары», делінетін Куфа қаласы да аталады. Оның себебі, Француз ғалымы Элизе Реклюдің ойынша бұл аңыз еврей халқының алғашқы «Ветхей» завет атты дін кітабы шығудан көп бұрын, ескі Вавилония патшалығы хандейлер елінен шыққан көрінеді. Ол, дүние жүзілік топан су аңызы әуел баста Тигр мен Ефрат алқабы – Мессопатамияда ғасырлар бойы талай рет дариялар тасып, топан су алып, қырғын қылған оқиғалардан шыққан тарихи жаңғырық деген пікірді айтқан.





Бара-бара ғасырдан-ғасырға бұл аңыз әр тілдегі елдерге тарап, оқиғалар өздерінше түсініп, «Нұх пайғамбар кемесі қалған жер» деп өз жеріндегі бір тауды атай салатын болса керек. Мысалы, Түркиядағы «Арарат», Кавказдағы «Эльбрус», Қазақстандағы «Қазығұрт» таулары басында Нұх пайғамбарының кемесі қалыпты деген аңыз бар.

Мәдени және тарихи ескерткіштер өлкетанудың объектісі

Тарихи өлкетану жалпы өлкетанудың құрамды бөлігі ретінде қолданбалы тарих саласын ұсынады және мынадай маңызды екі белгісімен ерекшеленеді: зерттелетін тарихи оқиғалар, тарихи және мәдени ескерткіштердің маңыздылығы және зерттеу сипаты.

Өлкетанудың бұл екі саласы жалпы мәліметтерді ғана емес, тарихи өлкетанудың түрлі жаңа сапалы құрылымдық жүйесін (танымдық, коммуникативтік, бағалы бағдарлық) қалыптастырады.

Өлке тарихы кең көлемді хронологиялық материалды қамтитындықтан өлкетану жұмысының күрделі объектісі болып табылады. Тарихи өлкетанудың арнайы зерттеу объектісі етіп өлкенің жалпы тарихын немесе жекелеген тарихи кезеңдерін, сондай-ақ жекелеген тұрғылықты жерлерді, көшелерді, фабрикалар мен заводтарды, ғимараттарды, тарихи ескерткіш орындарын т.б. алуға болады. Тарихи өлкетану зерттеу жұмысы кең хронологиялық көлемді, тарихи кезеңдерді қамтуы немесе, керісінше, жергілікті тарихтың нақты бір кезеңімен, белгілі бір тарихи оқиғаға қатысқан адамдардың өмірі мен қызметімен ғана шектеліп қалуы мүмкін. Қалай болғанда да, зерттеу көлеміне қарамастан, өлкетану зерттеулерінің мақсаты мен оның негізін жергілікті тарихи айғақтар құрайды.

Тарихи өлкетану жұмысында археологиялық және этнографиялық зерттеулер ерекше орын алады.

Тарихи өлкетанудың археологиялық бағыты заттай деректер арқылы адамзат тарихының ежелгі тарихи кезеңдерін оқып-үйренумен тығыз байланысты.

Өлке тіршілігінде тарихи оқиғаларға, қоғам мен мемлекеттің дамуына байланысты тарихи және мәдени ескерткіштер тарихи, ғылыми, көркемдік және басқа да мәдени бағалы болып табылатын



материалдық және рухани шығармашылық туындылары өлкетанымдық зерттеу объектісі болып табылады.

Тарихи және мәдени ескерткіштерді тарихи өлкетану объектісі ретінде ғана емес, сонымен бірге адам еңбегінің нәтижесі болып табылатын белгілі бір қоғамдық қатынастардың нәтижесі ретінде де қарастыру керек. Тарихи және мәдени ескерткіштер көп түрлі болғандықтан, олардың бізге беретін ақпараттары да әр түрлі және олар ескерткіш түріне байланысты болып келеді.

Тарихи және мәдени ескерткіштердің ортақ қасиеттері олардың заттай факт екендігі және олардың әрқайсысы жеке назар аударуды қажет ететін өзіндік айғақты деректер немесе құбылыс болып табылатындығы. Өлкетану дерек көздері ретіндегі тарихи және мәдени ескерткіштер олардың бізді өз заманының атмосферасына жетелейтіндігімен құнды. Тарихи және мәдени ескерткіштер ретінде олар тың деректер іздестіру мақсатындағы өлкетану объектісі (ескерткіш-факт) болып табылады. Ал тарихи-мәдени деректерді сақтаушы ретінде олар білім көзі (ескерткіш-білім) болып табылады. Бар мәселе, ескерткіштің бұл екі функциясы бір мезгілде көрініс таппайтындығында. Бірде ол ғылыми ізденістің қалыпты кезеңі ретінде ескерткіш-факт сипатта көрінсе, келесі бір жағдайда ол басқа құбылыс туралы ғылыми көзқарасты қалыптастыруға көмегін тигізетін жаңа деректер ретінде көрінеді.

Мәдени ескерткіштер дегеніміз қоғамдық даму процесін бейнелейтін әлеуметтік құбылыс. Олар халық санасы үшін тарихи оқиғалардың ізін сақтап қана қоймай, Отанымыздың ғасырлар бойғы ескі тарихынан хабар береді. Сондықтан тарихи және мәдени ескерткіштерді мемлекет қамқорлығына алу керек.

Мемлекет қамқорлығына алынатын ескерткіштер:

-тарихи ескерткіштер – ғимараттар, халық тарихында ерекше орын алатын, ғылым мен техникаға, халық мәдениеті мен тұрмысына, саяси және мемлекет қайраткерлерінің өміріне, халық қаһармандары, ғылым, әдебиет пен өнер қайраткерлерінің өміріне қатысты тарихи жерлер мен заттар;

-археологиялық ескерткіштер қалашықтар, қорғандар, олардың қалдықтары, кесенелердің ескі орындары, тастан қашалған мүсіндер, тасқа салынған суреттер, ескі құрал-саймандар т.б.;



—кала құрылыстары мен архитектура ескерткіштері-архитектуралық ансамбльдер мен кешендер, тарихи орталықтар, оралымдар (кварталдар), аландар, көшелер, қалалар мен басқа да тұрғын-жайлардың ескі жобалары мен құрылыстарының қалдықтары; азаматтық, өнеркәсіптік, әскери, діни ғимараттардың архитектурасы т.б.;

-*өнер ескерткіштері* – ескерткіш (монумент), сурет, сәулет және өнердің басқа түрлерінің туындылары;

-*деректі ескерткіштер* – мемлекеттік билік пен мемлекеттік басқарма мекемелерінің актілері, басқа да жазба және графикалық құжаттар, кино, фото-құжаттар мен дыбыс таспалары, сондай-ақ, ескі қолжазбалар мен мұрағаттар, фольклор мен музыка таспалары, сирек кездесетін баспа материалдары.

Тарихи ескерткіштерді шартты түрде екі топқа жіктеуге болады. Бірінші топқа жататын ескерткіштер:

а) жазба және баспасөз құжаттары – жылнамалар, заңды құжаттар, түрлі мақтау қағаздары мен актілер, хаттамалар, сот-зерттеу материалдары, есептер (отчет), мәлімдемелер, статистикалық мәліметтер, хаттар, баспасөз, іс-қағаздар материалдары, жеке құжаттар т.б.:

ә) түпнұсқа фотолар, деректі кинокадрлар, дыбыс жазбалары;

б) заттай ескерткіштер – құрал-саймандар, қол өнері мен өнеркәсіптік өнімдері, тұрмыстық заттар, қару-жарақ, киім-кешек, әшекей бұйымдар, тиындар, мөрлер, қолданбалы өнер бұйымдары, тарихи оқиғаға қатысушылардың жеке тұтыну заттары, әскери бұйымдар (ордендер, медальдар, жеке қару-жарақтар т.б.), азаматтық және әскери техника заттары;

в) жаппай халықтық жиындар, митингілер, демонстрация, әскери немесе басқа да тарихи оқиғалар өткізілген тарихи орындар;

г) түрлі ғимараттар: гидротехникалық (бөгеттер, арналар (каналдар); әскери-инженерлік (окоптар, блиндаждар, камалдар мен қорғандар, қорғаныс жүйелері, мұнаралар т.б.) және жеке ғимараттар мен пәтерлер.

Екінші топты монументтік өнер ескерткіштері құрайтын: мемориалдық кешендер, жекелеген ескерткіш-монументтер, мүсіндер; архитектуралық ғимараттар т.б.

Тарихи және мәдени ескерткіштерді тарихи өлкетану объектісі ретінде ғана емес, адам еңбегінің нәтижесі болып табылатын белгілі бір қоғамдық қатынастардың нәтижесі ретінде де қарастыру керек.

Тарихи және мәдени ескерткіштер көп түрлі болғандықтан, олардың бізге беретін ақпараттары да әр түрлі және олар ескерткіш түріне байланысты болып келеді.

Қазақстандағы тарихи өлкетану жұмыстарының басталуы.

Тарихи өлкетану деректері бұрыннан бері халықтар арасында ауызша ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, жалғасын тауып келді. 1718 ж. 13-ақпанда І Петрдің жарлығымен өлкетанушылардың тапқан қызықты олжалары, заттары патшаға жеткізіліп, өз өлкесіндегі ізденіс жұмыстары үшін марапаттап отыру талап етілді. Бұл қазақ даласына да қатысты еді. XV-XVII ғасырларда өлкетанушылық мәліметтер жылнамаларда, мемлекеттік шекара бөлінісі кезінде өкімет өкілдерінің қажетіне көп пайдаланыла бастады. Сондай-ақ, пайдаланылатын жерлер мен сарайларды сипаттауға құжаттарда көп мәліметтер келтіріле бастады.

Тарихи өлкетанудың қалыптасуы тарих ғылымымен тығыз байланысты. Ол XVIII ғасырдың басындағы тарихи өзгерістермен ұштасады. І Петрдің жарлығымен кейінірек азаматтық және шіркеу басшыларынан барлық грамоталар мен әуесқой хаттарды қарап, тіркеп, қайта көшіріп, Сенатқа жеткізіп отыру талап етілді. Сөйтіп Россияда жергілікті жерлердің ескерткіштеріне мемлекет тарапынан үлкен мән берілді.

Тарихи өлкетануға байланысты материалдар жинауға, жүйелеуге, зерттеуге Қазақстан өлкесі бойынша да орыс ғалымдары көп ат салысты. XVIII ғасырлардың басында Тобольск қаласы баярының ұлы С.У.Ремезов (1642-1720 жж.) «Сібір тарихын» құрап, Ресей мемлекетінің құрамындағы кейбір өлкелерді зерттеу жұмысын бастады. 1737 ж. тарихшы В.Н.Татищев (1686-1750 жж.) алғаш рет жергілікті жерлерден материал жинау үшін анкета жіберіп, мәліметтерді «История Российской» еңбегін жазуға қолданды. М.В.Ломоносов «Академическая анкета» жасап, ондағы қалалар мен



губернияларға байланысты сұрақтарды «Россияның ландкартасын» (географиялық атлас) жасау үшін пайдаланды.

Осындай анкеталардың көптеп тартылуы өлкетанушылық жұмысты жандандырды. XVIII ғасырдың екінші жартысында П.И. Рычковтың «Топография Оренбургская» (1762 ж.) атты Россия құрамындағы алдыңғы қатарлы аймақтар туралы кітабы шықты. Орыстың Географиялық қоғамының өлке тану ісінің дамуында үлкен ролі болды. XVIII ғасырда кейбір жеке аймақтар туралы, әсіресе олардың экономикасын сипаттап жазған мәліметтер жарық көре бастайды. XVIII ғ. аяғы мен XIX ғ. басында ғалымдардың саяхаттарының нәтижесінде жазылған, жергілікті сипаттаған мәліметтер көбейді. Ғалымдар қатысқан энциклопедиялардың көбі елдегі өндірістік қарым-қатынастарды зерттегенімен, облыстар мен қалалардың тарихынан да көп мәліметтер жиналып отырды.

Россияда В.В.Крестининнің «Исторические начатки о двинском народе» (1784 ж.), «Начертание истории города Халмогор» (1790 ж.) «Краткая история о городе Архангельске» (1792 ж.) деген үш еңбегі жарық көрді. Бұл еңбектер Россиядағы ең алғашқы ауыл мен қаланың тарихына арналған өлкетанушылық монографиялық басылымдар еді. Туған жерінің өткенін зерттеу үшін және жерлестерінің назарын осы мәселеге аудару үшін В.В.Крестинин А.И.Фоминмен бірігіп Архангельске «Тарихи зерттеулерге арналған қоғам» атты алғашқы өлкетанушылық қоғам құрды.

Сөйтіп, XVIII ғасырдың аяғына қарай өлкетануда екі бағыт: ресми және қоғамдық-демократиялық бағыттар қалыптасады. Ресми бағыт үшін 1777 ж. 1-қарашасында Сенаттың жарлығымен жүргізілетін топографиялық зерттеу, сипаттау талап етіліп, болашақ зерттеулер үшін үлкен мүмкіншіліктер туды.

1784-1786 жылдары олар бірыңғай бағдарлама бойынша елді мекендердің табиғи жағдайлары мен экономикасына қоса жергілікті жердің тарихына да көңіл бөлуді қарастырды. Губернияларды терең ыждағатты сипаттаған өлкетанушы мамандар А.Шафонский, В.Левшин, И.Потаповтардың еңбектері кейін А.Щекатовтың «Россия мемлекетінің географиялық сөздігіне» («Географический словарь Россиского гасударства») енді. Ол 1801-1809 жылдары жеті том болып жарық көрді. Ғылыми



өлкетанушылық жұмыстармен қатар XVIII ғ. екінші жартысында Россия мектептерінде өлкетануды да өз жұмысын бастады. Оның негізін қалаған М.В.Ломоносов болды. Россияда мұғалімдердің көптеген мазмұнды өлкетанушылық материалдары жариялана бастады. Н.Ф.Бунаков тарихи-өлкетану бағытында жиырмадан астам кітап, алғашқы өлкетану оқу бағдарламасын жасады. Өзінің оқу тәрбие жұмысында өлкетану материалдарын шеберлікпен пайдалана білген және «Отантану» пәнін енгізуді ұсынған педагог К.Д.Ушинский болды. Л.Н.Толстой жергілікті жердің өлкетануына байланысты материалдарды оқу бағдарламасына енгізуді жақтады. Өлкетанушылық бағытындағы материалдар үнемі «Сын Отчества», «Московский телеграф», «Отечественные записки», «Москвитянин» атты әдеби журналдарда жарияланып отырды.

1838 жылдан бастап жарық көрген «Губернские ведомости» журналында өлкетануға байланысты материалдар көптеп жарық көрді. 1863 ж. жаратылыстану, антропология, этнография әуесқойлары қоғамы құрылды. А.С.Гацискийдің «Нижегородский летописец», «Люди Нижегородского Поволжья», «Нижегородка» атты еңбектері жарық көрді. Оралдың тарихи қалалары, заводтары туралы В.И.Генин, И.Ф.Герман, Н.К.Чупин қыруар жұмыс атқарды. Сібір тарихын зерттеуде жер аударылған революционерлер көп еңбек сіңірді. А.А.Бестужев «Отрывки из рассказов о Сибири» еңбегінде якуттар мен тунгустар (эвенкілер) туралы жазды. Орыстың Географиялық қоғамының Сібір бөлімшесі жергілікті жерлерде мұрағаттар ұйымдастыра бастады.

Халықтық училище бағдарламасында 1782 жылдан бастап мұғалімдерге губерниялардың көне тарихы, халықтар туралы мәлімет жинау тапсырылды. Өлкетанушылық жұмыстың өркедеуіне университеттер мен ғылыми қоғамдар көп үлес қосты.

Өлкетанушылық жұмыстың орталықтары губерниялық ғылыми мұрағат комиссиялары және аймақтық ғылыми қоғамдар болды. Әсіресе, 1804 жылы «Россияның тарихы мен көнені зерттеу» қоғамы, 1845 ж. Географиялық қоғам, 1846 ж. археологиялық қоғам құрылып, өлкетануға көп үлес қосты.



XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстандағы өлкетану

XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ даласының экономикасы, қарым-қатынастары және әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер орыс ғалымдарының, саяхатшылары мен дипломаттарының жазбаларында, есептерінде, еңбектерінде көп кездеседі. Олардың қатарында Орынбор өлкесінде жұмыс істеген И.К.Кирилов, В.Н.Татищев, П.И.Рычков, А.И.Тевкелевтер бар.

1768 жылғы жүргізілген экспедиция барысында зерттеушілер қазақ халқының мәдениетінен, тұрмысынан, табиғаты мен шаруашылығынан, тарихынан, өлкетану жағынан өте бай материалдар жинады. Ғылыми өлкетанушылық жағынан өте құнды еңбектердің бірі П.С.Палластың «Путешествие по разным провинциям Российской империи» атты үш бөлімді еңбегі болды. Ол 1773-1788 жж. Петербургте жарық көрді. Бұл кітаптың бір бөлімі «Қырғыздар туралы мәліметтер» деп аталады.

Паллас Петр Симон (1741-1811) Берлинде туып, Германияда, Голландияда, Ұлыбританияда білім алған. 1767 жылы ол Россияға келіп, Петербург Ғылым академиясының мүшесі болды. 1769 жылы ғылыми экспедицияны басқарып, Орынборға келіп, онда қазақ халқының тарихын, мәдениетін, тұрмыс-салтын зерттеумен айналысты. Гурьев, Орал қалаларында болды. Сібірге барар жолында Троицк, Петропавловск, Омбы, Семей бекіністерін аралады. Өз зерттеулерінде П.С.Паллас көптеген этнографиялық материалдар жинады. Әсіресе, қазақ халқының шаруашылығын, қол өнерін, салт-дәстүрлерін ерекше зерттеді.

Қазақ өлкесі туралы мәліметтердің жиналуына XVIII ғ. үшінші ширегінде және XIX ғ. басындағы қазақ даласында жұмыс істеген экспедициялар көп роль атқарды. Бұл салада әсіресе, Семей, Железинск, Өскемен, Ямышевск бекіністерінде қызмет еткен капитан И.Г.Андреев экспедициясы үлкен еңбек етті. 1766-93 жж. инженер қызметін атқара жүріп, оның жазған «Краткое описание о киргиз-кайсака» атты еңбегі өлкетану саласынан маңызды деректер береді. XIX ғасырдың бірінші жартысында орыстың мемлекет қайраткері, Орыс Географиялық қоғамының негізін қалаушылардың бірі, талантты ғалым А.И.Левшин Орынбор



өлкесіне келеді. Левшин Алексей Ираклевич (1799-1879) 1820-1822 жылдары Орынборда, Оралда қызметте болып, қазақ ауылдарын аралайды, Орынбор мұрағатындағы мәліметтермен танысып, қазақ халқының тарихын, әдет-ғұрыптарын зерттейді. Ол қазақ халқының тарихы мен этнографиясы жөнінде көптеген мақалалар мен очерктер жазды. Олар: «Путевые записки», «Свидание с ханом меньшей киргиз-кайсацкой орды», «Известия о древнем городе Сарайчике», «Исторические и статистические обозрения уральских казахов», «Об имени киргиз казахского народа и отличии от подлинных или диких киргизов» атты еңбектер.

1832 ж. Петербургте Левшиннің «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» атты үш томдық монографиясы жарық көрді. Бірінші томы - көне дәуірден XIX ғасырға дейінгі тарихына, үшінші томы этнографиясына арналды. А.И.Левшин өз жұмысында «қазақ» атауының қолда-нысына сын айтты. Бұл монография ғылыми ортада кең қолданысқа ие болып, шет елдерде француз және неміс тілдеріне аударылды. Ш.Уәлиханов А.Левшинді «Қазақ халқының Геродоты» деп атап, оның еңбегін ғылымдағы бағалы дүние деп көрсетті.

1832-41 жж. Орынборда Владимир Иванович Даль қызмет етті. Ол этнограф, жазушы, ғалым адам еді. 1838 жылы Дальді Орынбор мұражайының құрылуына сіңірген еңбегі үшін Ғылым академиясы өзіне корреспондент мүшесі етіп қабылдады. Мұражайдың дүниеге келуі қазақ өлкесін танудаға үлкен қадам болды. В.И.Даль Орынбор ведомствосын, Орал, Гурьев, Бөкей ордаларын аралап, қазақ халқымен тығыз қарым-қатынаста болды. Қазақ өлкетануы үшін Дальдің «Майна», «Полуношник», «Уральский казак», «Солдатские досуги», «Бикей и Мауляна» шығармаларының дүниеге келуі қазақ халқының ауыз әдебиетіне, оның тағдырына деген қызығушылығының белгісі еді.

XIX ғ. Орынбор, Омбы, Ташкент қалалары Қазақстанды зерттеуге байланысты ірі орталықтарға айналды. 1857-62 жж. Орынборда Қазан және Москва мұражайларына арнап өлкелік материалдар жиналды. Бұл жиналған материалдардың тізімі мен сипаты әлі күнге дейін мұрағаттарда сақтаулы.



XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы орыс географиялық қоғамы мен бөлімшілері.

XIX ғасырдың екінші жартысында елімізге революциялық, демократиялық идеялар ене бастады. А.И.Герцен мен Н.Г.Чернышевскийдің идеялары кең тарады. Қазақстандағы саяси жер аударылғандар саны 1863 жылғы поляк көтерілісіне қатысушылар санымен толықты. Жер аударылған поляктар Сырдария бойында, Семей, Өскемен, Верный қалаларына қоныс тепті. Саяси жер аударылғандардың көпшілігі Қазақстан өлкетануымен айналысты. Олар жергілікті жерде ағартушылықпен айналысып, ғылыми экспедициялардың және жергілікті жерлердегі Орыс География қоғамының бөлімше жұмыстарына қатысты.

Орыс Географиялық қоғамының тапсыруымен 1850 ж. Қазақстанға белгілі этнограф П.И.Небольсин келді. Ол Орынбор, Орал, Астраханьда екі жыл болып, қазақтармен етене араласты. Соның нәтижесінде оның «Очерк торговли России с Средней Азией», «Очерки Волжского низовья», «Заметки об обычаях при сватовстве и свадьбе у эмбенцев» еңбектері қазақ халқының әдет-ғұрыпынан, шаруашылығынан, өмір сүру ерекшелігінен мол деректер береді. 1860 жылы ол «Путешествующие киргизы» мақаласын жариялады және оны қазақ делегациясының Петербургке келуіне арнады.

Бұл мақаласында П.И.Небольсин қазақтардың білімге, мәдениетке құштарлығын, алға ұмтылатын қасиеттерін атап көрсеткен. Жиырма екі жасында Орыстың Географиялық қоғамының мүшесі болған П.П.Семенов-Тянь-Шанский (1827-1914 жж.) тарихта «ең басты өлкетанушы» деген атаққа ие болды. 1856-1857 жж. ол Тянь-Шаньға зерттеу сапарына шықты. Жолда ол Семей, Аягөз, Лепсі өзендері бойымен Қапалға дейінгі аралықта жол жүрді. Біраз дем алған ол ары қарай Верный, Шу даласынан асып, Ыстықкөлге дейін сапар шекті. П.П.Семенов көптеген ғылыми бастамалардың ұйытқысы болды. Қазақ ғылымы Ш.Уәлиханов пен орыс ғылымы Г.Н.Потаниннің ғылымға құштарлығын бірінші болып бағалып, көмек көрсеткен де осы П.П.Семенов болды. Қазақ ғалымы Ш.Уәлихановтың ғылымы мен білімнің, мәдениеттің дамуына зор үлес қосқаны сөзсіз. Ол

ғылыми-өлкелік ізденіс сапарларының бірінде М.М.Хоментовский экспедициясының құрамында жұмыс істеді.

Экспедиция 1855 жылы Омбыдан Семейге Аягөз, Қапал арқылы өтіп, Іле Алатауына дейін жетті. Ары қарай олар Жонғар қақпасы арқылы Алакөл, Тарбағатай жерлерін басып өтті. Сөйтіп, Орталық Қазақстанның Қарқаралы, Баянауыл Көкшетау жерлері арқылы жүріп, Омбыға оралады. Осы сапарда Ш.Уәлиханов көптеген фольклорлық, этнографиялық және тарихи материалдар жинады. 1856 жылы Ш.Уәлиханов Хоментовский бастаған әскери ғылыми экспедиция құрамында Қырғыз өлкесін, Ыстықкөлді тереңірек зерттеп, қартаға түсіру мақсатымен жаңа сапарға шығады. Экспедиция Верный қаласы арқылы шілденің ортасына қарай Тянь-Шанның шығыс және солтүстік-шығыс жоталары мен асуларынан өтіп, қартаға түсіру жұмыстарымен айналысады.

Осы жерде Шоқан П.П.Семеновпен жолығады. Оған дейін ол онымен 1856 жылы Омбы қаласында кездескен еді. 1856-57 жылдары ол жиі кездесіп, Жетісуда ғылыми зерттеулер жүргізілді. Шоқан 1858 жылы «Киригизы», 1861 жылы «Очерки Джунгарии» атты еңбектерін жариялап, өзінің ғылыми жұмысын қорытындылайды.

П.П.Семенов-Тянь-Шанскийдің аттестациялауы арқасында жиырма жасында Ш.Уәлиханов 1857 жылы 27-ақпанда Орыс Географиялық қоғамына мүше болып сайланды. Ш.Уәлихановтың Қашқарияға сапары оны көпшілікке танытады. Оның Құлжа мен Қашқарияға сапары өлкетанушылық бағыттағы еңбектер болды. XIX ғасырдың 70-90 жылдары Қазақстан жерінде *облыстық статистикалық комитеттер* құрылады, Орыс географиялық қоғамының бөлімшелері жұмыс істей бастайды, Орынбор Ғылыми Мұрағат комиссиясы дүниеге келеді.

XIX ғасырдың соңына қарай республика территориясында Орыс География қоғамының үш бөлімшесі: Орынбор (орталығы Орынборда), Түркістан (орталығы Ташкентте), Батыс Сібір (орталығы Омбыда) бөлімшелері және статистикалық комитеттер жұмыс істей бастайды. Бұл ұйымдар Қазақстанда мұражайлар мен кітапханалар ұйымдастыра бастайды. Өлкетанушылық бағыттағы облыстық мұражай, отантану мұражайы т.с.с. құрылды. Россиядағы сияқты көптеген мұражайлар жұмысы Қазақстанда

Орынбор, Семей, Жетісу сияқты үш қана жерде музей құрылған еді.

Бұлардың барлығы өлкетанушылық бағытта қызмет етті. Орынбор, Семей, Жетісудағы ғылыми-өлкетанушылық жұмысты жандандыруда 1868 жылы құрылған Орыс Географиялық қоғамының Орынбор бөлімшесі көп қызмет атқарды. Олар Москва, Петербург, Қазан қалаларының ғалымдарымен, ұйымдарымен тығыз байланысты болды. Бөлім мүшелері Ы.Алтынсарин, Г.Карелин, Л.Н. және В.Н. Плотниковтар, Б.Дауылбаевтар болды. 1870 жылдан бөлім «Записки» атты өз басылымдарын шығара бастады. Барлығы төрт номер 1870, 1872, 1875, 1881 жж. жарық көрді. Өлкетанушылық этнографиялық тақырыпқа Ы.Алтынсарин көп мақала жазды. Оның «Очерк обычаев при сватовстве и свадьбе у киргизов Оренбургского Ведомства» және «Очерк обычаев при похоронах и поминок у киргизов Оренбургского Ведомства» мақалалары өте құнды саналады. Орынбор өлкесінде өзінің зерттеу жұмыстарымен көзге түскен өлкетанушы-этнограф Салық Бабажанов болды.

Ол Орыстың Вольный экономикалық қоғамының мүшесі, Орыс Географиялық қоғамы қызметкерлері болып, 1862 ж. Орыс Географиялық қоғамы күміс медаліне ие болған. С.Бабажанов ел арасынан көне бұйымдарды көптеп жинады. Бөкей ордасынан алынған көп бағалы дүниелер Ресейдегі Мемлекеттік Эрмитажда сақталулы. Орыс Географиялық қоғамының Орынбор бөлімшесі мүшесінің бірі Бейбіт Дауылбаев болды. Ол этнограф ретінде Қазан университетіне материал жинады, Орынбордағы музейдің ашылуына көп көмегін тигізді. 1881 ж. Дауылбаев «Рассказ о жизни киргиз Николаевского уезда Тургайской области с 1830-1880 гг.» атты мақаласы үшін Орыс Географиялық қоғамы Орынбор бөлімшесі Қазақстандағы ірі ғылыми орталыққа айналды.

Шығыстанушылар В.В.Григорьев, В.В.Веляминов-Зернов, Н.И.Ильминский, А.А.Тилло сияқты зерттеушілер кадр дайындау мәселесіне көп қызмет атқарды. Шығыстың тарихшысы В.В.Веляминов-Зернов (1830-1904) болды. Ол Орынборда 1851-56 жылдары қызмет етіп, философиялық және этнографиялық байқаулар жүргізді. Ол әсіресе мұрағат материалдарына көп көңіл бөлді. «Исторические известия о киргиз-кайсаках и сношение

России со Среднею Азию со времен... Абул-Каирхана (1748-1765)» атты екі бөлімнен тұратын еңбегі 1853-55 жылдары жарық көрді.

В.В.Веляминов-Зернов шығыс қолжазбаларына көп көңіл бөлді. Ол Орынборда Бұхара хандығы, қазақ даласы мен көршілері туралы мәлімет жинап, «Абдулла-наме» атты басылым дайындады. Ол арабша, парсыша, шағатай, қазақ, татар тілдерін біліп, қолжазбаларды өзі оқыды. 1856 жылы Петербургқа келіп, қазақ тарихына байланысты 1864 жылы «Исследования о касимовских царях и царевичах» еңбегін жазды. Кітаптың негізіне «Бабурнаме» (1520), «Хабиб-ас-ситар» (1523), «Джахан-ара» (1564), «Тарих-и Рашиди», «Шайбани-наме», «Джами-ат-тауарих», «Тарихи Хайдари», т.б. қолжазбалар енген.

1895 ж. Торғай облыстық статистикалық комитеті құрылды. Комитет мүшелері Қостанайда, Ырғызда, Торғайда, Орынборда да қызмет етті. Орыс Географиялық қоғамы Орынбор бөлімінің, Торғай статистикалық комитетінің белсенді мүшелері Н.Бекчурин, Д.Беркімбаев, С.Жантөрин, Т.Сейдалин, т.б. болады. 1877 ж. Омбыда Орыс Географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімі құрылды және бір уақытта Ақмола облыстық статистикалық комитеті құрылды. Бұл ұйымдардың құрылуында П.П.Семенов-Тянь-Шанский көп роль атқарды.

Ал, Орыс Географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімшесі қазақ даласының солтүстік-шығыс жағын зерттеумен айналысты. Оған Семей, Жетісу, Ақмола облыстары кіріп, 1882 ж. Дала өлкесін құрды. Бөлімшенің алғашқы мүшелері болып Г.Н.Потанин, Н.М.Ядринцев т.б. кірді. Қазақстандағы өлкетанушылық жұмысты жандандыруға Г.Н.Потанин көп үлес қосты. Ол Павлодар облысының, Ямышево селосында дүниеге келген. 1852 ж. Омбы кадет корпусын бітіріп, Семейге жұмысқа келеді. Верныйда, Құлжада, Алтайда сапарларда болады. 80-жылдары Абай Н.И.Долгополов, С.С.Гросс, А.А.Львонтев, П.Лобановский сияқты адамдармен жақын таныс болды. 1902 жылы Семейде Орыс Географиялық қоғамы Семей бөлімшесі ашылды.

Бұл Қоғамның мүшелері тарих, археолог, этнография, ауыл шаруашылығы, қазба байлықтарын іздеу сияқты салалармен жүйелі айналасты. Семей бөлімшесінің жұмысына Г.Н.Потанин, В.А.Обручев пен П.П.Семенов-Тянь-Шанский белсенді қатысты.

Құрметті мүшелері қатарында академиктер А.П.Карпинский, С.Ф.Ольденбург, Ю.М.Шокальский, ал жергілікті өлкетанушылардан Е.П.Михаэлис, Б.Г. Герасимов және Абай Құнанбаев болады. Семейде дүниеге келген А.Н.Белослюдов пен оның бауырлары Виктор, Федор, Николай Қазақстандағы өлкетану жұмысына көп үлес қосты. Әсіресе халық ауыз әдебиетіне көп көңіл бөлген А.Белослюдов 200-ден астам ертегі, тоқсан жеті жұмбақ жазып алған.

Белослюдовтар жинаған заттарынан үйлеріне де мұражай құрды, онда геология, минералогия, палеонтология, антропология, этнография, нумизматика, көркемсурет т.б. бөлімдері болды. Көп күштерін, білімдерін Семейдегі облыстық тарихи-өлкетану мұрағаты жұмысына жұмсады, ал А.Н.Белослюдов ұзақ уақыт осы мұражайды басқарды. 1911 жылы олар үйдегі коллекцияларынан облыстық музейге 500 зат тапсырды. 1914 жылы ол Семейдің қысқаша тарихи очеркін құрастырды. Онда қаланың құрылған кезінен бастап ХХ ғасырдың басына дейінгі тарихы, мектеп пен кітапхана ісі жөнінде жазылды.

1903-1916 жылдары Орыс Географиялық қоғамының Семей бөлімшесі «Записки» атты басылымының он бір санын шығарады. Бұл басылымдарда өлкетанушылық саласы да көптеп қамтылды. 1867 ж. Түркістан (1868), Сырдария (1887), Жетісу (1879) облыстық статистикалық комитеттері, Архелогия әуесқойларының Түркістан үйірмесі (1825-1917), Орыс Географиялық қоғамы Түркістан бөлімі (1897-1917), шығыстану бөлімі (1901-13) құрылады.

Түркістандағы Архелогия әуесқойлары үйірмесінің мүшесі Әулеата, Перовск уездерінің бастығы болған В.А.Каллаур 1876-1908 жылға дейін Жетісудың өлкетанушысы, әуесқой архелогы ретінде танылады. Ол Талас өзенінің бойынан көне түркі руникалық жазулар табылуы туралы 1896 жылы «Түркістан әуесқой археологтары үйірмесінің протоколдарында» хабарлама жасайды. Алғаш рет ол Қарахан мазарын, Айша бибі мавзолейлерін зерттеп, сипаттап жазады. Түркістанда фольклорист, этнограф ретінде Ә.Диваевтың (1856-1933) есімі белгілі.

Диваев Әубәкір Ахметжанұлы - ғалым, фольклорист, этнограф, тіл маманы. Ташкенттегі Орта Азия Мемлекеттік университетінде, Түркістан шығыстану университетінде профессор

болған. Ташкент өлкелік мұражайының этнографиялық-архелогиялық бөлімін басқарған ол қазақ, өзбек, қарақалпақ халықтарының фольклоры мен этнографиясы жөніндегі көптеген еңбектердің авторы. Ш.Уәлиханов, Г.Н.Патонин, В.В.Радловтан кейін қазақ халқының мәдени әдеби мұраларын, этнографиясын зерттеуге, халықтың ауыз әдебиетін жинап бастыруға елеулі үлес қосқан белгілі ғалым.

Ұлты башқұрт. Бала күнінен қазақ арасында өскен ол Неплюев атындағы кадет корпусында қазақ балаларымен бірге оқып, бірге тәрбие алды. Корпусты бітірген соң (1876) шығыс тілдерінің маманы деген атақ алып, Түркістан гинерал-губернаторының қарамағына қызметке келді. Алғашында Әулеата уезінде, кейін төтенше жұмыстарды орындаушы болып Сырдария өскери губернаторының қарамағында істеді. Ол негізгі қызметімен қоса Түркістанды түгелдей дерлік аралады. Қазақ халқының әдет-ғұрыпымен және тіршілік ерекшеліктерімен танысты, көп жасаған қариялармен, шешендермен, ақын-жазушылармен, ғалымдармен кездесті. Солардың айтуынан қазақ халқының әдеби, мәдени мұраларын жинауға кірісті. «Қазақ халқының сөзге ұсталығы, тілге байлығы мені қатты қызықтырды»- дейді ол. Өзінің қазақ халқынан алған алғашқы әсерін осылай айта келіп, қазақ әдебиетінің болашағына зор мән берді.

Көрші отырған туыстас елдерге үлгі болуы анық деп қортынды жасады. Ә.Диваев «Шора батыр», «Бекет батыр», «Қобаланды батыр», «Алпамыс батыр», (мұның бірнеше нұсқасын), «Қамбар батыр», «Ер Тарған» эпостары, «Айман-Шолпан» жырын «Аланғасар алып», «Ажы Алаша хан мен Алдар көсе», «Қазығұрт», «Ысмайыл ата» ертегілерінен қазақ балаларының ерте замандағы ойындары, «Шешендік сөздерін» жинап, қағаз бетіне түсірді. Бұлардың кейбіреулерін орыс тіліне аударды. Алаша хан, Асан қайғы, Ақсақ құлан, Орманбет би, Қараш батыр, Әмір-Темір туралы деректер мен ақындар айтысын, мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді, жұмбақтар мен өтірік өлендерді, бесік жырын, басқа сарының, толғаулармен той бастар, бет ашар т.б. жазып алды. Оның ішінде ислам дініне байланысты албасты, жын, марту, жезтырнақ, жеті басты алып, жалмауыз кемпір, жалғыз көзді дәу, Қорқыт туралы аңыздар да, арбау, бөдік айтыстары да бар. Ә.Диваев жинаған материалдардың тағы бір саласы ежелгі

күнтүзбе, астраномия, жұлдыз, ай, күн туралы халық ұғымдары туралы мәліметтер.

Бұлардың көбін Кеңес дәуірінде (1921-33) экспедицияда жүріп жинаған Диваев өзінің көп жыл бойы жинаған халық қазынасының бірсыпырасын, соның ішінде қазақ фольклорлы үлгілерін жинаған, 1923 жылы Ташкентте, көзі тірісінде жарыққа шығарған. Оның еңбектері Қазан университеті және археологиясы қоғамының шығысты зерттеу бөлімі журналдарында, Орталық Азия мен Қазақстанның газет журналдарында, оның ішінде көбінесе «Түркістан хабаршысында» басылып тұрды. Диваевтың ғылыми-зерттеу жұмысы революциядан кейін кең өріс алды. Бұрын жарыққа шығара алмай жүрген еңбектерін (батырлар жыры, мақалдар, т.б.) бастыруға жол ашылды. Оған қоса өзінің көптен бергі ойларын «Просвещение», «Известия», «Бюллетень», «Білім ошағы», «Ақ жол», «Еңбекші қазақ», газеттерінде жиі жариялап тұрады. ҚазКСР ҒА «Ғылым Баспасынан (1964) «Қазақтың халық поэмасы» деген жинағы шықты. Еңбектерінің басылмағаны, тіпті кейін жоғалып кеткендері де көп. Ә.Диваев еңбегінің орыстын көрнекті ғалымдары В.В.Бартольд, В.А.Гордеевский, Н.Ф.Катанов, А.Шмид, тағы тбасқалары жоғары бағалады.

Әсіресе Ә.Диваев қазақ эпосына көп көңіл бөлді. Оның еңбектері В.В.Бартольд, С.Ф.Ольденбург, В.Радлов тұрғысынан жағары бағаға ие болды. Түркістан ғалымдары мен өлкетанушылардың ең бір жеткен жетістігі «Түркістан» жинағын жарыққа шығару болды. Оған Ә.Диваев та белсене қатысты. Белгілі библиограф В.И.Межов 1868 жылдан бастап Орталық Азия мен Қазақстан туралы газет журнал беттерінде шыққан мәліметтерді жинап, 416 томдық библиографиялық көрсеткіш жасаған. Оның төрт томы Ә.Диваевтың еңбегі. 20 жыл талмай жұмыс істеген В.И.Межов Түркістан өлкесінің энциклопедиясын жасады. «Түркістан» жинағының барлық мазмұны 620 томнан тұрады.

Қазақстандағы өлкетануға еңбек сіңірген тағы бір ғалым А.Е.Алектров болды. Ол «Имена киргизов», «Киргизская народная мақалаларымен қатар педагогикаға байланысты оқу құралдарын дүниеге әкелді. Оның «К мудрости ступенька», «Киргизская хрестоматия» атты оқу құралдары қазақ мектептерінде Ы.Алтынсарин оқулықтарымен қатар жүрді. 1872 жылы Түркістан

статистикалық комитеті өлкетанудағы зерттеу жұмысын кеңейтуді мәселе етіп көтерді. Сөйтіп, 1887 жылдың басында Сырдария облыстық статистика комитеті «Сборник материалов для статистики Сырдарьинской области» деген 13 басылымды жарыққа шығарды. Сырдария статистикалық комитетінің мүшесі Құдайбай Қостанаевтың ғылыми ізденістері құнды болды. Оның «Этнографические очерки киргиз Петровского и Казалинского уездов» атты еңбегінде қазақ халқының материалдық (заттық) мәдениетіне аса зор көңіл бөлінген. Жетісу облыстық статистикалық комитеті 1879 жылы құрылды. Оның жұмысы дәрігер Ф.Поярков, суретші Н.Г.Хлудов, хатшы А.Флеровтың белсенділігімен жанданды.

1874 жылы Жетісу өлкесіне Петербург университетін бітірген, В.В.Григорьевтің шәкірті Н.Н.Пантусов келеді. Ол әкімшілік комиссиясын басқарады, Осы еңбегі үшін Н.Пантусов Орыс Геграфиялық қоғамы алтын медалімен марапатталды. Оның «Материалы к изучению казак-киргизского наречия», «Описание раскопки трех курганов, находящихся на западной стороне города Верного, в апреле и мае 1899 года» еңбектері ғылыми терең зерттеулер болды.

Н.Н.Пантусов Верныйда мәдениет пен білім саласын дамытуға да ат салысты. 1896-1907 жылдары статистикалық комитетті басқарды. 1898 жылы оның басшылығымен Жетісу мұражайы құрылды. Онда тарихи және архелогиялық бөлімдер болды. 1897 жылы ол Қапшағайда жазуы бар 18 тас табады. Бұл жөнінде ол Орыс Геграфиялық қоғамына хабарлайды. 1902 жылы Верныйда Орыс Геграфиялық қоғамының Жетісу бөлімі құрылады. Оған белгілі өлкетанушы В.Е.Недзвецкий, Л.И.Бессонов, С.Неустроев, суретші Н.Хлудов қатысты.

Н.Г.Хлудов (1850-1935 жж.) Одессада білім алып, 1877 жылы Верныйға келді. Бұл жерде ол суреттен сабақ беретін мұғалім болып қызмет етті. Қазақ халқының өмір тіршілігі, әсем табиғаты оны баурап алады. Ол 130-дан астам картинаны дүниеге әкеледі. Оның 78-і Орталық мұражайда сақтаулы.

Қазақстанның өлкетануына көп еңбек сіңірген ғалым Александр Иванович Добромислов (1854-1915) болды. Ол тарихшы, этнограф ретінде көп еңбек жазып қалдырды. Орыс Геграфиялық қоғамының Орынбор бөлімшесінің мүшесі болды.

Оның «Заметки о народонаселения Тургайской области» (1893), «Приготовление кумыса киргизами Тургайской области» (1893), «Скотоводство в Тургайской оласти» (1895), «Киргизские изделия из шерсти и волоса» (1899), «Суд у киргиз Тургайской области в XVIII-XIX веках», «Этнографические очерки казахов» т.б. деп аталады.

Ірі шығыстанушы ғалым В.Бартольдтің шығармалары «Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893-1894 гг», «Очерки истории Семиречья» деп аталады. 1902 жылы атақты орыс шығыстанушылары В.В.Бартольд, Н.И.Веселовский, И.М.Мелиоранский, С.Ф.Ольденбург, В.В.Радлов Орта және Шығыс Азияны зерттеу үшін Орыс комитетін құрды. Алайда, көп ұзамай 1919 ж. комитет жұмысын тоқтатты. Жергілікті қазақтар зерттеушілерге тілмаш, аудармашы ретінде көмек көрсетіп отырды. Олардың қатарында А.Н.Харузиннің Бөкей ордасына (1887-88) экспедициясына қатысқан Өтемғали Антаниязов, Жүсіпәлі Үдеров, Жұмағали Бекмембетов болды. Осы экспедицияның нәтежесінде «Киргизы Букейской орды» атты еңбек дүниеге келді.

Кенестік дәуірдегі тарихи өлкетану жұмыстары

Қазақстанда 1919 жылы желтоқсан айында жарты жылдай ғана жұмыс істеген тарихи-статистикалық бөлім құрылады. Оған қызмет еткен Орынбордағы өлкетанушы ғалым А.П.Чулошников, филолог және этнограф А.А.Четыркина, юрист Е.А.Яковлева, статистик К.П.Шагаевтар болды. 1920 жылы наурызда тарихи-статистикалық бөлім Қазақстан еңбекшілеріне қазақ халқының тарихы туралы мәліметтерді жинауды, іздеуді және бөлімге жіберуді сұрап ұран тастайды. 1920 ж. 10- сәуірде тарихи-статистикалық бөлім Өлкелік революциялық комитеттің халық ағарту бөліміне беріліп, оны ғылыми комиссия деп атайды, ал 1920 жылдың желтоқсан айынан Қазақ АКСР-і құрылып, бөлімді Халық ағарту комиссариатының құрамында ғылыми бөлім деп аталды.

Бұл бөлім ғылым, әдебиет, өнер, мұражай және мұрағат мәселелерімен айналысты. 1921 жылдың тамыз айында ғылыми бөлім Халық ағарту комиссариатының Академиялық орталығы

болып өзгерді. Ол екі секциядан: ғылыми және көркем секциядан құрылды. Академиялық орталықтың құрамына Бас мұражай мен Бас мұрағат енді.

Республика өмірінің ғылыми саласында ерікті ғылыми қоғамдар үлкен роль атқарды. Ондай ерікті қоғамының бірі - Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамы болды. 1925 жылдан бастап ол Қазақстанда зерттеу қоғамы болып қайта құрылды. Бұл қоғам Халық ағарту комиссариатының ғылыми бөлімінен бөлініп шықты. Қоғамды құруға белсенділік танытқандар тарихшы-өлкетанушы А.П.Чулошников, Орынбор өлкесін зерттеуші, Орынбор мұрағат комиссиясының мүшесі А.П.Гра, тарихшы-этнографтар Ә.А.Диваев, С.М.Петров, С.М.Петров, А.Л.Мелков, И.В.Мелкова, А.А.Четыркина, И.М.Расторгуев т.б. болды.

Құрушы-мүшелері арасында Орталық Атқару комитетінің төрағасы С.Меңдешев, әскери комитет штабының бастығы А.Н.Турский болды. Орынбор өлкелік мұражайында 1920 ж. 15-қазанда жиналыс өтті. Оған қоғамның 35 мүшесі қатысты. Баяндаманы А.П.Чулошников жасады. Жиналыс қоғамы басқармасын сайлайды. Басқарма төрағасына А.П.Чулошников, орынбасарлығына А.П.Гра, хатшылығына И.М.Расторгуев тағайындалса, А.Романов, А.Четыркина, С.Петров, Л.Курашевичтер мүшелікке кандидат болды. Қабылданған Жарғы бойынша басқарма бір жылға сайланды. Қазақстанды зерттеу қоғамы 1920 жылы 15-қазандағы Қазақ АКСР Халық ағарту комиссариатының протоколымен бекітілді. Ал ресми түрде жұмыс бастаған уақыты 1920 ж. 1-қараша болып тіркелді. Жаңа қоғам Орынбор ғылыми мұрағаты комиссиясының, Орыс Географиялық қоғамы Орынбор бөлімінің жұмысын жалғастырушы орган ретінде Қазақ республикасын тарихи-архелогоиялық, этнографиялық, жаратылыстану және басқа салаларда терең зерттейтін органға айналды.

Қоғам жарғысында: 1) Қазақстанға байланысты жиналған және мұрағат, кітапханадағы, жеке адамдарда бар материалдарды жүйеге келтіріп, олардың ғылыми-зерттеу жұмысын анықтау; 2) жергілікті жерлерде ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізіп, өлкені зерттеу үшін экспедициялар жабдықтау; 3) осы өлкені зерттейтін адамдарға, ғылымдарға көмектесу, оларды қолдау; басқа ғылыми, қоғамдық



бірлестіктерімен тығыз байланыс орнату; 4) ғылыми материалдарды, кітаптарды, қолжазбаларды, актілерді, карталарды басылымдарды, өнер бұйымдарын сақтауды және жергілікті жерлерде музей құруды ұйымдастыру сияқты мақсаттарды белгіледі.

Қазақстанды зерттеу қоғамының қызметінің алғашқы он екі жылын үш кезеңге бөлуге болады. Бірінші-Орынбор кезеңі 1920-1925 жж, екінші - Қызылорда кезеңі 1925-1929 жылдар, үшінші - Алматы кезеңі 1929 жылдан басталады.

1921 жылы Қазақстанның Бас мұрағаты құрылды. 1922 жылы ол Орталық республикалық мұрағат болып өзгертілді. Мұрағаттың құрылуы өлкетанушылық жұмыстың жүйелі түрде жүргізілуіне себеп болды, ол жергілікті өлкетанушыларға көп көмек жасады және құжаттар тіркеу, сақтау ісі алға басты.

Қазақстанды зерттеу қоғамы Бас мұрағатпен және Бас мұражаймен тығыз байланысты жұмыс істеді. Өз жұмысынан Халық ағарту комиссариатының академиялық орталығының, өлкетану мұражайының Орталық кеңесінің басшылығымен жүзеге асырды.

Қазақстанды зерттеу қоғамының мүшелері 1922 жылы қаңтарда құрылған Өлкетанушылардың Орталық бюросына да қатысты. Қоғамының белсенді мүшелерінің бірі А.Л.Мелков ғылыми қоғамдарының бірінші Россиялық конференциясына қатысып, Орталық бюроға мүше болып сайланды. Қазақстанды зерттеу қоғамы Оралда, Қостанайда, Көкшетауда, өз бөлімдерін құрды. 1921 жылы Орал бөлімшесінде 52 адамнан тұратын ұжым жұмыс істеп, өлкетану жұмысын облыстық мұрағатты жүйелеуден бастады. Библиографиялық көрсеткіштер жасап, мұғалімдерге көмек-нұсқаулар ұйымдастырды.

Қазақстанды ғылыми зерттеу қоғамының отырысында 1921 жылы 28-шілдеде Қостанай бөлімі тіркелді. Қоғамның екі айлық есебінде олардың оқыған баяндамалары, ашқан ғылыми кітапханалары, ұйымдастырған экспедициялары туралы деректер келтірілді. 1922 жылы Қазақ КСР Орталық комитеті «Қызыл керуен» атты шара өткізіп, ауылдардан, ел арасынан ертегі, аңыз, қолөнер бұйымдарын жинауға үлкен көңіл бөлді. А.Л.Мелков 1923-24 жылдары қазақ ауылдарынан қолөнер бұйымдарын



жинаған көп экспонатты 1925 жылы Парижде өткен Дүниежүзілік көркем өнер және әдебиет өнері көрінісіне апарған.

1923 жылы 23-желтоқсанда басқарманың кезекті сайлауы өтеді. Онда Басқарма төрағалығына К.К.Саковский, орынбасар болып М.Батилов сайланды, басқарма мүшелігіне А.Мелков, В.Тележников (казначей), А.Лошкарев (хатшы) сайланды. А.П.Чулошников корреспондент-мүшесі болып қалады. 1923 жылы кітапханада 40 мың том кітап болған. Шет елдерден де көптеп кітаптар келіп түседі.

Қоғамының маңызды бағыттарының бірі 1924 жылы ұйымдастырылған мектептегі өлкетану бөлімі жұмысына мұғалімдерді тартуды, үйірмелер ашуды, мектепте өлкетану жұмысын күшейтуді қолға алуы болды. Мектеп қызметкерлерімен экскурсиялар ұйымдастырылады. Халық ағарту комиссариатының мектепке арналған Қазақстанның географиялық картасы дайындалды. Қазақ тіліне оқулықтар аударылады. 1921 жылы Орынборда «Қырғыз өлкесін зерттеу қоғамының Орынбор еңбектерінің» алғашқы басылымы жарық көрді. 1924 жылға дейін оның алты басылымы жарияланды. Журнал бетінде кейбір мақалалар мен басылымдардың кереғар пікірлері кездескеніне қарамастан, басылым беттерінде осы құнды ғылыми деректері мол материалдар да аз болған жоқ.

1924 жылы қоғам бесжылдық жұмыс жоспарын қабылдады. Онда елді мекендердің орналасу картографиясын, табиғи байлықтарын және табиғат жағдайларын зерттеу, гидрографикалық комиссия құру т.б. мәселерімен қойды. Қоғам сондай-ақ ауыл шаруашылығындағы мәселелерді де алға қойып, халыққа өлкетану ісіне байланысты дәрістер оқуды мақсат етті. Қоғам мүшесі, белгілі копазитор А.В.Затаевич қазақ ауылдарын аралай жүріп, 1920 жылдан бастап қазақ әндері мен мелодияларын жинады. Ол 1000 қазақ өнін жинады. 1925 жылы Халық ағарту комиссариаты бұл әндерді басып шығарды. «Қазақ халқының мың әні» жинағы үшін А.В.Затаевичке Қазақ КСР-і халық артисі атағы берілді.

Александр Юрьевич Якубовский (1886-1953) тарихшы, шығыстанушы, архелог ретінде Орта Азия мен Қазақстанға байланысты көп еңбек жазды. Оның «Главные вопросы изучения истории городов Средней Азии», «Археологические коллекции»



Эрмитажа», «Самарқанд при Тимуре и Тимуридах» т.б. өлкетануға байланысты шығармалары еді. 1926-27 жылдары ол Әулиеата, Фрунзе, Алматы маңайларына архелогиялық ізденістермен айналысты. Сырдария қоғамының құрметті мүшесі болды.

1927 жылы өлкетану жұмысына Қазақтың педагогикалық техникумы, Шымкенттегі мектептер тартылды. Жергілікті өлкетанушылардың ішінде Әлқуат Қайнарбайевты атап өтуге болады. Қазақ халқының мәдениетімен көп материал жинаған ол 1920 жылы этнографиялық экспедицияда Ә.Диваевпен кездесіп, оған көп қызықты материалдар береді. Мектепте мұғалім, инспектор, оқу бөлімінің бастығы т.с.с. қызметтерді атқара жүріп, ол 200 мың жол этнографиялық, фольклорлық қолжазбаны Ғылым Академиясының кітапханасына өткізді. Оның жинаған материалдары «Айтыс», «Үш ғасыр жырлайды», «Қазақ эпосы» т.б. жинақтарда басылды.

Орал губерниясының өлкетану ұйымдары өз жұмыстарын 1925 жылдан бастады. 1926 жылы олар Паллас, Рычков, Лезшин, Небольсиннің еңбектері бар жақсы кітапхана ұйымдастырды. Қоғамның ғылыми-зерттеу жұмысына С.Неуструев, И.Ларин, Н.Мүсатаева, Л.Берга, И.Кожевников т.б. қатысты. 1926 жылы қоғамның ұсынысымен Орал өзені бойында балық шаруашылығын зерттеуге қаржы бөлінеді. Жұмысты Л.С.Берга басқарады. 1927 жылы Оралда «Орал-Каспий өлкесінің орыс халықтарының тұрмысындағы және тарих, география, экономикадағы өлкетану анықтамасы» жарияланады. 1924 ж. Атбасарда үйірме құрылады. 1929 жылы Орталық мекемелер Алматыға көшірілгендіктен Қазақстанға байланысты барлық материал Алматыға әкелінеді. Алматыдағы Қазақстанды зерттеу қоғамы Шу мен Қостанайға арнайы экспедиция ұйымдастырады.

Қазақстанға арнайы экспедиция ұйымдастырады. Қазақстандағы мәдени құнды дүниелерді жинау басталады. Оған ғылыми кітаптар, журналдар, фотографиялар, қолжазбалар, архелогиялық заттар, көне ақшалар, т.б. кіреді. 1929 жылы 23-қазанда Қазақ КСР-інің Халық Комиссарлары Кеңесі 1930 жылы Алматыда Бүкілқазақстандық өлкетанушылар съезін шақыруға қаулы етеді. Оған Москва, Ташкент т.б. ірі қалалардан өкілдер шақырылды. Қоғамның Алматыдағы қызметі О.Жандосов, С.Асфендияров, М.Жолдыбаев т.б. қайраткерлердің есімімен

тығыз байланысты. О.Жандосовтың «Өз өлкенді таны» мақаласы елді елең еткізер мақала болды.

1930 жылы қоғамға құрметті мүше болып Ә.Жангелдин сайланды. Сол жылдың 15-ақпанында филолог ғалым Ә.Қоңыратбаев мүше болды.

1930 жылы Алматыда үш дербес қоғам болды: олар – Алматы географиялық ассоциациясы, Жетісудың өндірістік куштерін зерттейтін қоғам, Алматы өлкелік жоспарлау мекемесі жанынан құрылған Жетісуды зерттейтін қоғам. 1930 жылы 15-ақпанда бұл қоғамдарды біріктіруге шешім қабылдады. Мұражайлық өлкетанулық дамуы «Қазақ АКСР-інің құрылуы туралы» декретке қол қайғаннан кейін 5 жыл уақыт өткен соң Орынбордағы мұражайды кеңейтіп, Халық ағарту комиссариатының құзырына өткізу туралы шешім қабылданды.

1923-24 жылдары Қазақстанның Орталық мұражайының жұмысы Қазақстанды зерттеу қоғамымен тығыз байланысты жүргізді. Мұражайдың мәдени-ағартушылық қызметін, тәрбиелік ролін көтеру мақсатында тематикалық көрмелер ұйымдастырылды. Мысалы, 1923 жылы 24-қаңтардан 15-ақпанға дейін «Балалар шығармашылығы» көрмесі жұмыс істеді. Оның жұмысына 6.482 адам қатысты. Басқа мұражайлармен тәжірибе алмасу жағы да қарастырылып отырды. 1923 жылы Қазақстанды зерттеу қоғамы өзінің мүшесі С.М.Петровты Қазан, Пермь, Екатеринбург қалаларының музейлеріне жіберді.

1929 жылы Орталық мұражай жанында «Қазақстандағы ескерткіштерді қорғау комитетін құру» жөнінде кеңес өтіп, бұл комитеттерді қорғау комитетін құру» жөнінде кеңес өтіп, бұл комитетті ғылыми-зерттеу комитеті ретінде құрып, Орталық мұрағат жанынан басқаруды ұйғарады. Оған 14 маман тартылады. Мамандар оқу-ағарту, ауыл шаруашылығы, мемлекеттік жоспарлау, финанс органдары, денсаулық сақтау, мұрағат, геологиялық институт, т.б. мекемелерден тартылады. Орталық мұражайға ереже жасау ісі тапсырылып, оны 1929 жылы қазанда Қазақ АКСР Халық комиссарлары кеңесі бекітеді. Барлық мұражайлар мен Қазақстанды зерттеу қоғамдары алдында ескерткіштерді есепке алу жұмысы жүргізілді және оларды картаға түсіру талап етілді.



Айта кететін бір жай, Кеңестік мемлекетінде 1920-21 жылдары өлкетану мектеп бағдарламаларына енгізілді. 1921 ж. желтоқсанда РҚФСР-дің Халыққа білім беру комиссариаты Москвада өлкетанушылық бағыттағы ғылыми қоғамдардың І Бүкілроссиялық конференциясын шақырды. Оған 67 ұйым қатысты. Конференцияда тарихи өлкетанудың дамуы туралы баяндама жасалды. Өлкетану қоғамдарының Жарғысы қабылданып, Өлкетану орталық бюросы құрылды.

1924-25 оқу жылынан бастап Россияда өлкетану Мемлекеттік ғылыми кеңесінің жаңа бағдарламасына енгізіліп, бастауыш және орта білім беретін мектептерге міндетті түрде жүргізілетін болды. 1930 жылдардан бастап өлкетану жоғарғы педогогикалық оқу орындары бағдарламасына енгізілді. 1930 жылдың наурыз айында Бүкілроссиялық өкетану конференциясы өтті. Осы жылдардан бастап Россияның барлық аймағында үнемі өлкетану жұмысына байланысты қаулылар, жарлықтар қабылданып тұрды.

Оңтүстік өңірі тарихи өлкетанудың зерттеу нысаны

Ерте дәуірдегі өлке

Археологиялық қазбалардың нәтижелері көрсеткеніндей, оңтүстік өңіріндегі Қаратау жотарлары мен Сыр бойындағы, Бетпақдаладағы қаптаған аңдардың, қажетті тамақ пен су көздерінің, өзендер жағасындағы жақсы орындардың көптігі мұндағы адамдардың күн көруі үшін мейлінше қолайлы болды. Атақты археолог Х.А. Алпысбаев алғашқы адамдардың тұрақтарын осы өңірден тапты. Арыстанды, Шаян, Боралдай өзендерінің басынан тас дәуірінің құралдары табылған мекендердің санының өзі қазір отыздан асып отыр. Адамдардың шығуы, оның дамуы мен еңбек қызметінің тарихы жер бетінде бір-біріне ұқсас жүрді.

Тас ғасырының палеолит, мезолит, неолит кезеңдеріне байланысты өзіндік ерекшеліктерімен көзге түсетін археологиялық деректер мен қоныс тұрақтар еліміздің оңтүстік аймақтарынан табылды. Бұл турасында Ашель-мустье дәуіріне сай келетін тұрақтардан табылған жаңа формадағы құралдарды және Көктал өзенінің шығыс жағындағы Тоқалы қойнауынан табылған үш



комплекті, Қаратау қаласының солтүстік-шығыс жағындағы орналасқан Бөріқазған және Тәңірқазған, Кемер 1 сияқты т.б. мәдени тұрақтарын айтуға болады. Ондағы табылған құралдар уақыты 800 мың жылдай бұрынғы кезді меңзейді. Осы айтылған жерлерден 300-ден астам тас заттар жиналды. Олардың көбі долбарлы имек жүзді малта тас құралдар мен ежелгі ауыр қырғыштар болатын. Жоғарыда айтқан қазіргі Бәйдібек ауданынан Созаққа асатын шекараға жақын жердің шығысындағы Арыстанды өзенінің оң жағасында, Қарасу қойнауынан зерттелген ескерткіштерден шақпақ және халщедон заттардың мол жинағы табылды. Шақпақ ойпатынан дөңгелек нуклеустер, тегіс қалақтар Қарасу елді мекенінің маңында табылған.

Жаңа тас дәуірінде адамдар өндіріс құралдарын дамытты. Ол дәуірдің ескерткіші Түлкібас ауданының Қараүңгір ауылына жақын жерден тастан, сүйектен жасалған бұйымдар: қырғыштар, пышақтар, шотбалталар, келсаптар мен қырғыштар, басқа да құрал-саймандар табылды. Құралдардың жетілдірілуі, икемділігінің артуы енді олардың бұрынғыша табиғи үңгірді жарқабақтардың саясын тұрақ етуімен қатар ағаштан, ірі жануарлардың сүйектерінен іргесін бекіткен жеркепелер мен шайлалар сала білуіне әкелді.

Оңтүстік өңірінде адамзат дамуындағы мезолит пен неолит ескерткіштерін арнайы зерттеу әлі кең түрде жүргізілген жоқ. Соның өзінде Қаратау аумағындағы өзендердің бойларынан, бұлақтардың басынан және үңгірлерден сол дәуірден қалған құрал-саймандар мен мүліктер табылуда. Олардың ішінде әрі көлемді, әрі ұзақ уақыт пайдаланылған қоныстар Бүркітті өзенінің жағасынан, Қайтпас сайы мен Үшбұлақ атты жерлерден және Мойынқұмнан кездесіп отыр.

Б.д.д. XVIII-VIII ғғ. қамтитын қола дәуірінде адамдар металдан еңбек құралдарын, сәндік бұйымдар жасауды жақсы меңгерген және шаруашылыққа пайдаланатын құралдар да жетілдірілген. Оңтүстік өңірінде бұл дәуір ескерткіштері – Сырдарияның ескі арнасы – Іңкәрдариядан, анығырақ айтқанда Ұйғарақ аңғары Есіккөл және Көксеңгір атырабындағы тұрақтарда табылған. Ал кейінгі қола дәуірінің ескерткіштерінің ірісі Солтүстік Түгіскен мазарынан кездеседі. Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесіне қарасақ, б.д.д. II-мыңжылдықта бүгінгі Шымкент



қаласында қола дәуірінің Андронов мәдениеті кезеңіне сай келетін түрлі керамикалық ыдыстары кездессе, екінші бір жерінен б.д.д. I-мыңжылдық дәуіріне жататын скиф-сак кезеңінің семсері табылған. Сол сияқты, осы кезеңнің тұрақтары Жамбыл облысының Құлан өңіріндегі Ақбұлақтағы беткейлерден, Мойынқұм ауданынан да табылуда.

Қола дәуірінің іргесін мықтап бекіткен малшылық пен егіншілік б.д.д. I-мыңжылдықтың басында мал басының өсуі көшіп-қонуға қолайлы жинамалы киіз үйдің жасалуына, дөңгелекті арбаның көбеюіне алып келді. Осыдан кейін елімізді мекендеген тайпалардың мал жаю үшін шөбі шүйгін жайылымдар іздеп қоныс аударып көшкен жайлаулары мен қыстаулары және көшіп-қону жолдары қалыптасты. Сақ тайпалары мекендеген жерлері ескі зираттары Талас, Шу, Іле өзендерінің жағалауларынан да табылып отыр. Сақтардың, ежелгі грек деректемелері бойынша, массагет, яксарт Көк теңіздің (Арал) оңтүстік және солтүстік-шығыс өңіріне, Сырдарияның оң жақ алқабында орналасқан. Дай немесе Дахи тайпасы Сырдария алқабында қоныстанса, Фарат тайпасы Талас Алатауынан және Қаратаудың солтүстік, солтүстік шығыс бөлігін мекендеген. Ежелгі ата-бабаларымыздың тұрақтары болған жерлердегі жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары бізге олар туралы аса көп мағлұматтар береді. Оңтүстіктен табылған заттардағы бұғы, арқар, арыстан, самұрық құстардың суретін салуынан біз сол кезде алтыннан құйып жасау стилінің деңгейінің қандай болғанын және сахарамыздағы өмір сүрген аңдардың түрлерін көреміз. Бізге жеткен жазбаларда Оңтүстік өңірін мекендеген сақтар көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан, өте төзімді, жауынгер ел ретінде суреттеледі. Б.д.д. III ғ. қалыптасып IV ғ. дейін өмір сүрген кангюлер немесе қаңлылар бірлестігі бүгінгі Ташкент жазирасы және Сырдария, Жаңадария, Қуандарияның ежелгі арнасының, Жетісудың оңтүстік-батыс бөлігін, бүгінгі Оңтүстік Қазақстан жерін алып жатты.

Орта ғасырлар дәуіріндегі өлке

“Түрік” деген ат алғаш рет Қытай деректерде 542 жылы аталады екен. Түріктер Орталық Азияны жаулап алған соң батысқа жорық жасап, Жерорта теңізіне баратын “Жібек жолының” көп

бөлігіне иелік етті. Бірақ 603 жылы Түрік қағандығы өзара қырқысып екі қағанатқа бөлініп, Батыс қағанатының астанасы Жетісу жеріндегі Суяб қаласы (қазіргі Токмаққа жақын жерде) болыпты, Қаратаудың шығысынан Жоңғарияға дейінгі жерді алып жатты. Қағанның жазғы ордасы Мыңбұлақ (Түркістан қаласының жаны) болған екен. Түрік қағанаты көшпелі мал шаруашылығымен және отырықшы егіншілікпен айналысты. Қолөнер, сауда дамыды. Қалалары өркендей бастады. Шу өзенінің бойындағы Суяб қаласы арқылы Орталық Азия, Қытай елінен керуендер өтіп жатты. Олардың жазуының болғандығын Жетісу жеріндегі табылған ескерткіштерден көреміз. Ұшы-қиыры жоқ жерді мекендеген түрік батырлары “басы барды иідірдік, тізесі барды бүктірдік” деген сөздерді тасқа қашап жаздырып қалдырған. Бүгінгі Монғолия жеріндегі “Күлтегін” жазба ескерткіштеріндегі жырлар да осы тас жазуы арқылы жетіп отыр.

Алайда, Батыс түрік қағанатындағы ішкі алауыздық, билеушілердің жиі-жиі ауысуы мен 640-657 жылдардағы тайпалар арасындағы соғыс Жетісуға Қытайдың Таң империясы әскерлерінің кіруіне жағдай жасады. Дегенмен түріктердің қытайлықтарға қарсы күресі түргештердің күшеюіне жағдай жасап, 704 жылы Жетісуда олардың билігі құрылды.

Ортағасырлық дәуір басында оңтүстік өңіріндегі тайпалар мал өсірумен бірге диканшылықпен де айналысты. Металл өңдеу жоғары дәрежеге жетіп, алтын, күміс, жез, темір, қорғасын өндірілді. Қалаларда қолөнермен бірге тоқымашылық дамыды. Сауда-саттық кең өркендеді. Осы кезде Сүткент, Аргубаникент, Аққорған, Өзгнет, Ашнас, Баршынкент, Жанкент, Фараб, Исфиджаб, Кедр, Шауғар, Қарнак, Сығанақ, Сауран, Жөлек, Баласағұн, Алмалық, Тараз, т.б. қалалардың бірі мейлінше гүлденсе, енді бірі өсіп-өркендеп келе жатты. Ұзындығы шамамен жеті мың шақырымнан астам жерді алып жатқан «Жібек жолы» бойында орналасқандықтан бір жағы Үндістан, Қытай, екінші жағы Византия, еуропалық мемлекеттерімен сауда осы жолдар арқылы өтті. Испиджабтан солтүстікке қарай шыққан жол Қаратаудың терістік баурайындағы Құмкент, Бабата, Созақ қалаларына баратын. Бұл жерден ары қарай Кеңгір, Жезді және Кура, сондай-ақ Ырғыз бен Ертіс аңғарларындағы Қимақ, Қыпшақ тайпалары мекендеген жаққа жол тартатын.



Енді “Ұлы Жібек жолының” негізгі бағыттары осы Қарахан мемлекеті арқылы өтті. Керуен жолының өтуі бұл өңірдегі сауданың өсуімен бірге мәдениеттің өркендеуіне, өнер мен ғылымның дамуына ықпал жасады. Қарахан мемлекеті кезінде бұл өңірде ислам мемлекеттік дінге айналды. Қарахан дәуірінен бізге жеткен екі ескерткіш бар. Бірі – Қарахан кесенесі болса, екіншісі Айша бибі Айғожа қызы сынды аруға салдырған кесене.

X ғасыр бұл өңірге тыныштық әкеле қоймағаны белгілі. Өйткені IX ғасырдың аяғы мен X ғасырдың басында Шаштан Сырдың төменгі ағысына дейінгі аймақты иемденген оғыздар шапқыншылықтарынан бұл өңір тұрғындары Отырар алқабынан батысқа қарай ығысқан, қалғандары Оғыз мемлекетінің құрамына еніп кеткен.

Бұл кезде оғыздар негізінен Қаратау өңірін, Бөген, Шаян, Арыс өзендерінің маңайын, сондай-ақ Келес өңірін, Ангрен, Шыршық аңғарларында, Шатқал және Өгем жоталарының баурайларында қарлұқтармен т.б. түркі тілдес топтармен араласып мекендесе керек.

Тарихта оғыздармен бірге Сыр бойында қыпшақ тайпаларының да болғаны белгілі. Олардың Сығанақ, Сауран, Түркістан т.б. кенттері болған. Ал XI ғасырдың ортасында селжұқтармен ұзақ жылдар бойы соғыста қатты әлсірегенін пайдаланған қыпшақтар оғыздарды қуып шығып, бұл өңірді солар биледі. Ұзақ уақыт қазіргі даласын билеген қыпшақтар батысқа қарай жылжып, Киев Русі мен Византияға «половецтер» деген атпен көрші болған. XI ғасырдың тұсында шығыс деректерінде бұрын «Оғыз даласы» деп аталатын сайын дала «Дешті қыпшақ» немесе «Қыпшақ даласы» деп те атала бастады.

Елді танытатын сәулетті қалалар, дамыған сауда ғана емес, сонымен бірге ғылым екені де белгілі. Мұнда философия, әдебиет, музыка ерекше орын алды. Сыр бойында оғыздар үстемдік еткен дәуірде көшпелі халықтың рухани көсемі болған, сол заманның абызы, музыка өнерінің дамуына ықпал еткен Қорқыт халық аңыздарында сақталған. Ол ақын, ақылшы, жыршы, сәуегей және қол бастаушы батыр болса да керек. Анасы қыпшақ, әкесі оғыздан шығуына байланысты ол қыпшақ пен оғыздар арасында бірдей кемеңгер болып өскен деседі. «Қорқыт сарыны», «Қорқыт күйі», «Елім –ай», «Тарғыл тана», «Желмая», «Қоңыр», т.б. күйлері



«Қорқыт күйлері» деп орындалады. Оның күйлерін ғасырлар бойы бақсылар қадір тұтып келген.

Қорқыттың қасиетті кісі болғандығы жөнінде аңыздар көп. Соның бірін, яғни оның дүниеден өткендегі кезді Қытайдағы А.Әбеуұлы деген жазбагер былай деп суреттелетіндігін айтады: Ашық аспанда қара бұлт ойнап, Сырдың сілбір ақ жауыны алты күн тоқтамайды балық Сырдың шуынан көрінбей, мал отамай, адамдар түтін түтетуін тоқтатты. Бақсылар алты бойына Қорқыттың күйлерін тартып, күніренді. Тәңірдің ерекше пейілі түсіп, бұл өнермен қасиетті дарытқан осы пендесіне оғыз-қыпшақ емес, күллі табиғат аза тұтты.

Бұл қалаларда ғұлама ғалымдар көптеп саналды. Соның бірі-әрі бірігейі Әбу-Насыр әл-Фараби (870-950 ж.ж.) Арыс өзенінің Сырға Құяр жеріндегі Фараб қаласында тұрды. Қаңлы-қыпшақ тайпасынан шыққан ол астрономия, астрология, математика, логика, музыка, дәрігерлік, табиғат, әлеуметтану, тіл білімі, поэзия-риторика, философия т.б. салалары бойынша үш жүзден астам шығармалар жазыпты.

Түркі халқының XI ғасырдағы өмір сүрген аса дарынды перзенттерінің бірі Жүсіп Баласағұни замандасы, Шу алқабындағы Барысхан қаласында дүниеге келіп, сонда өмір сүрген Махмұт әл-Қашқари. Оның «Диуани лұғат ат-түрік» кітабы түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы ғана емес сонымен бірге түркі халықтарының рухани өмірін, қоғамдық тіршілігін көрсететін де мұра.

XIII ғасыр бұл өңірге аса бір ауыр, ірі дүрбелең оқиғаларды ала келді. Монғолдың құпия шежіресінде атап көрсетілгендей, 1206 жылы Онон өзенінің жағасында өткен құрылтайда хан сайланған Шыңғыс хан дүние жүзін жаулап алуды мақсат етті.

Ол көрші тайпаларға сөз салып, қол астына өз еркімен кіретіндерінің еш біріне тиіспеді. Соның мысалының бірі-көшпелі қоңыраттарға елшісін жібергенде: осынау қоңыраттар атам заманынан жиеннің жөнімен, қызының өңімен жақындай жүріп келеді. Оларға жөнін айтса бізге ерер, егер қарсыласса күшпен басып алындар,- деген екен. Содан Шыңғыс ханға өз еріктерімен берілгеннен кейін, монғолдар қоңыраттарға тиіскен жоқ. Дәл осындай бейбіт келіскен жайлар басқа да өз еркімен берілген тайпалармен де болды.





Шынында ол егескісі келгендерді талқандап бір тайпадан кейін екіншісін өзіне бағындырып жатты. Шыңғыс ханның қазақ жеріне шабуылының алдында Отырар билігі қыпшақтар қолында болғаны мәлім. Билікке таласқан қыпшақ үстем таптарының жат жерліктердің қолдауына сүйенген кездері де болды. Отырар өңірі ғасырдың басына Хорезмшах Мұхаммед (1200-1220 ж.ж.) пен моңғол билеушісі Шыңғысхан сияқты мейлінше алып екі билеушінің текетірескен аймағына айналды десе де болған еді.

Отырарлық билеуші Қайырханның Хорезм шахы Мұхаммедті қолдағаны белгілі. Өйткені сол кезде Отырар және оның төңірегіндегі Йассы, Шаш, Сауран, Сайрам өңірі Мұхаммед Хорезмшахқа қарап қалды. 1214 жылы ғана Хорезмшах Испиджапты қиратса, 1216 жылы Отырар билеушілерінің көтерілісін басқан болатын. Дәл осы жылы ол Қайырханды Отырар билеушісі етіп қойды. 1219 жылы моңғолдардың керуеніндегі саудагерлерін өлтірткен Қайырханды Мұхаммед Хорезмшахтан Шыңғысхан өз қолына беруін сұрады. Жүз «елшісін» өлтірткенін естігенде Шыңғысхан: Алтын арқанымды қидырып, қол қусырып отырамыз ба? ...жүз жігітіміздің кегін қайтарып, сартауылдармен соғысып, егеске қысас істеп, сартауылдармен соғысайық,- деген. Ал Қайырханды Шыңғысханның қолына ұстап беру мәселесіне келсек, әрине олай болу мүмкін емес еді. Талас бойындағы Тараз бен басқа да қарсылық жасаған қалаларын бірінен соң бірін талқандаған моңғолдар Қаратаудан асып, күзде ортағасырлық кезеңдегі осы бір өңірдегі аты әлемге аян болған аса бір сәулетті, саудасы дамыған, мәдениет пен ғылымның орталығы болған Отырарды қоршады. Алты айдан соң жер астымен Арыс өзенінен тартқан құбыр арқылы келетін судың арнасын тауып, бұзғаннан кейін қаланың беріліп, жермен-жексен етілгені, тірі қалғандарды қырып, қолға түсірген Қайырханды Самарқандағы Шыңғысханға апарып, өңешіне балқыған күміс құйып өлтіргені белгілі. Бұл жөнінде Рашид ад-Дин, Әбілғазы жазбаларында ерекше айтылған. Соның бірінде Жентке бет алған Шыңғыс әскерлері сол кездегі экономикасы өсіп, мәдениеті мейлінше гүлденген, шеттен келген тайпаларды тамсандырған сәулетті құрылыстары бар, тамаша әкімшілік орталықтары болған Сығанақ, Өзгент, Баршыкентті жаулағаны, Ашнасқа беттеген.



1227 жылы Шыңғысхан қайтыс болғаннан кейін оңтүстік өңір Шағатай ұлысының құрамында болды. Сөйтіп, моңғолдардың оңтүстік өңіріне шапқыншылығына үш он жылдық өткен соң Отырар, т.б. қалалар қайтадан қалпына келтіре бастады. Сауда, мәдениет өсті. Бірақ бұрынғы дәрежеге жете алмады. Жібек жолы бойындағы сауда қайта жанданды. Оның себебі, біріншіден, Дешті Қыпшақ пен Мәуереннахр аймағы бір саяси кеңестікке енді, саяси тұрақтылық қалыптасты. Екіншіден, XIII ғасырдың ортасынан бастап Алтын Орданың саяси орталығы Еділдің төменгі ағысы бойында орналасуына байланысты Еуропа, Византия саудагерлері, елшілері Шығыс елдерге барар жолын Алтын Орда астанасынан бастады. 1448 жылы Сығанақ және Оңтүстік өңір жері Әбілхайыр ханның иелігіне өтіп, көшпелі өзбек хандығының құрамына енді.

Қазақ хандығының құрылуынан кейінгі дәуіріндегі өлке

1457 жылы ойраттар (қалмақтар) Моғолстанның шығыс бөлігі арқылы Жетісуға өтіп, Түркістанға ұмтылды. Шайқаста Әбілхайырдың әскері жеңілді. Ақырында Әбілхайыр қалмақтармен қорлықты бітім жасауға мәжбүр болды. Әбілхайыр ханға өкпелеп, оның билігінен Жәнібек және Керей султандары Моғолстанға кетті. Есенбұға хан Моғолстанның батыс шебін құрайтын Шу, Қозыбасы өңірін берді. Шамасы, Шу аймағына Керей мен Жәнібектің көшіп келген уақыты – 1457 жылдың күзі, Керейдің хан көтеріліп Қазақ хандығының түпкілікті құрылған жылы 1458 жыл. Ал Әбілхайыр өлгеннен кейін оның билігіндегі жерде алауыздықтар болып, қоластындағылардың бір бөлігі Керей және Жәнібек хан жаққа қарай көшіп кетті. Сөйтіп, қазақ хандығы барған сайын нығая бастады. 1470 жылы Қаратау етегіндегі ежелгі Созақты қосып алады. Одан кейін таудың арғы бетіндегі Сауран да алынады. Түркістан қаласы үшін талас күшейеді. Жалпы Түркістан XV-XVI ғасырларда Мәуеренахр билеушілерінің осы өңірдегі әкімшілік орталығы болған. Ол қазақ хандығы мен Мәуеренахр билеушілері арасында үлкен таласты жерге айналды. Олар қаланы алма-кезек бағындырып, ақырында XVI ғасырдан бастап оның қазақ хандығының астанасына айналғаны белгілі. Қасым (1511-1523 жж.), Хақназар (1538-1580 жж.) және 1583 жылдан билік





жүргізген Тәуекел хандар тұсында Сыр бойы қалалары ғана емес, Ташкент те қазақ хандығының құрамына кірді. 1598-1628 жылдары билік жүргізген Есім ханның тұсында Түркістан қазақ хандығының астанасы болды. Оның дәуірінде хандықтың территориясы одан әрі кеңейді. Ал XVI-XVII ғасырларда осы қаладағы әйгілі кесене қазақ хандарының резиденциясы болып, онда шетелден келген елшілер қабылданып, әскери, сауда мәселелері бойынша келісімдер жүргізген. Қазақ хандығының алғашқы кездерінен бастап-ақ көрші елдермен елшіліктер жасалына бастады.

XVII ғасырдың екінші жартысында қазақ жеріне көрші елдердің көз алартуы бұрынғыдан да күшейді. Оның үстіне жүздер, тайпалар, рулар арасында талас-тартыс орын алды. Бұл алауыздықтарды көршілер пайдаланып, ретін тауып бір-біріне айдап салды. Араларына шоқ тастап, қазақ хандығын мейлінше әлсіретіп, жерін алуды ойлады. Солардың ішінде қазақ жеріне ерекше көз тіккен жоңғарлар болды. 1635 жылы торғауыт, кошут, дүрбет, жоңғар тайпалары бірігіп Жоңғария хандығын құрды. Жоңғарлар негізінен бүгінгі Қытай елінің Іле өзенінің басындағы аңғарларда көшіп-қонған. Жиырма жыл елде шексіз билік жүргізген алғашқы қонтайшысы Баатур іргесіндегі барған сайын күшейіп бара жатқан Есім және Жәңгір хандар тұсында қазақ жеріне үш рет ірі шабуыл жасаса, осы шабуылдарға қазақтар тарапынан тойтарыстар берілді.

Дегенмен Баатурдан кейін ел билеген Жоңғарияның Сенеге қонтайшысы да, одан кейін 1671 жылы ағасын өлтіріп орнын алған, 1697 жылға дейін билік жүргізген Қалдан Бошоқту да қазақ жеріне басқыншылықты одан әрі жалғастырды. 1681 жылы Қалдан Бошоқту әскерлері Сайрамды қоршап, Түркістаннан қол бастап келген Тәуекел хан оларға тойтарыс берді. Бірақ, жоңғарларды осы жолы кейін шегіндіргенімен 1683 жылы Цеван Рабдан қолбасшылығымен қайта келіп, Сайрам қаласының тас-талқанын шығарды. Осыдан кейін оның жанында жиналатын Мәртебе кездесуі өтпей қалды. Жоңғарлар Ташкентті де алды. Қазақтар оны 90-шы жылдардың ортасында ғана өзіне қайтарды.

Ташкенттің оңтүстігіндегі 45 шақырым жердегі Ангрен өзенінің жағасындағы Күлтөбеде өз Тәуекелдің басшылығымен Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің қатысуымен «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолы» негізінде «Жеті жарғы»



қабылданды, әр рудың таңбасы белгіленді. Елдің сыртқы жағдайы шиеленісіп, ішкі алауыздықтар өсіп келе жатқан кезде өз-Тәуекел қайтыс болды. Түркістанда өткен хан сайлауында билер оның баласы Болатты сайлады. Бірақ, ол «төбе хандық» билік жүргізе алмады. Алғашқыда 1718-1719 жылдары Ұлы жүздің ордасы болған Ташкентте бұған дейін сұлтан делінген Жолбарыс өзін хан жарияласа, Сәмеке Орта жүздің, Әбілхайыр Кіші жүздің ханы болды. Біртұтас қазақ хандығы үшке бөлініп, ынтымақ кете бастаған кезде ел ішіндегі берекесіздікті пайдаланған жоңғарлар 1723 жылдың ерте көктемінде Цеван Рабдан қонтайшының баласы Шона Добаның қолбасшылығымен 70 мыңнан астам әскер Оңтүстікке, Қазақ хандығының астанасы Түркістанға Жетісу жақтан лап қойды.

Ұлы жүз қазақтары басқыншыларының табанында тапталды. Билік басындағылардың таласы қазақ халқына орны толмас қасірет алып келді. Ел алдында күш біріктіріп жауға қарсы соққы беру міндеті тұрды. Осы міндетті жүзеге асыру үшін 1726 жылдың көктемінде Бадам өзенінің Арысқа қуяр жерінен жиырма шақырымдай жердегі Ордабасы тауында қазақтың үш жүзінің өкілдерінің бас қосқан жиыны өтті. Кездесуді үш жүздің ханы Болат ашты. Оның қасында билерден Төле би, Қазыбек би, Ақсуат шешен мен Жолбарыс, Сәмеке, Әбілхайыр хандар, Бөгенбай, Қабанбай т.б. батырлар болды. Ордабасыда Әбілхайыр үш жүз әскерлерінің бас сардары сайланып, туды қанжығалы Бөгенбай батыр көтерді. Ордабасы жерінен жоңғарларға қарсы азаттық соғыс басталып, 1729 жылғы Аңырақайдағы ірі шайқаста қазақтар жоңғарларды таудың арғы бетіндегі Іледегі апанына қарай ығыстырды.

Кіші жүз жері Ресей қоластына өтіп жатқан кезде оңтүстік өңірінің қазақтары өз бастарынан көптеген қиындықтарды кешіріп жатты. Атап айтқанда, 1733 жылы Ұлы жүз жоңғар қонтайшысына аманат беріп тұруға мәжбүр болды. Бірақ, 1745 жылғы шайқастан кейін жоңғарлар қазақтардан бітім сұрауға мәжбүр болды. Созақ, Сайрам, Манкент, Шымкент өңірінде қайтадан қазақ билігі орнады. 1757 жылы Шин (Цинь) әскерлері жоңғарлардың бәрін қырып, Аягөзге келгенде алдынан Абылай шығып, кездесті. Сөйтіп Қытай империясының бодандығына өту туралы бітім жасасты.





Жоңғар тепкісінен азат болып, еңсесін енді көтере бастаған Оңтүстік қазақтарына Орталық Азия хандықтарының шапқыншылықтары күшейді. XVIII ғасырдың соңында Бұхара, Хиуа, Қоқан хандықтарымен тығыз байланысып жатқан еді.

Орталық Азия хандықтары мен Ресей бақталастығы жылдарындағы өлке

XIX ғасырдың басында Сырдың төменгі ағысын билеген Хиуа хандығы қазіргі Қызылорда облысының жеріне бірқатар бекіністер салдырды. Бұхара билеушілері 1785 жылы Түркістан қаласына шабуыл жасады. Ақырында, Бұхара билеушісі Мир-Масум шах Мурад Түркістан қаласын қазақтардан тартып алды. XIX ғасырдың басы Қоқан хандығының күшейген кезі еді. 1809 жылы өзінің қаталдығымен «залым хан» аталған Әлім хан Ташкент қаласын басып алды, ал інісі Омар хан 1810 жылы Шымкентке шабуыл жасады. Шымкентті алғаннан кейін келесі жорық Сайрамға бағытталып, үш күн болаған шайқастан кейін қала халқын тізе бүктірді. 1815 жылы қоқандықтар Түркістан қаласын басып алды. Оңтүстік қазақтардың жерін басып алған Қоқан билеушісі бұл өңірді отарлап, игеру саясатын жүргізді. Қалалардағы билеушілерге өз адамдары қойылды, ірі елді мекендер Түркістан, Созақ, Шымкент, Сайрамға өзбектер көптеп келе бастады. Өңір халқына ауыр салықтар салып, жергілікті халықты қанауды күшейтті, зорлық-зомбылық орын алды. Соның салдарынан қазақ халқы 1821 жылы қоқандықтарға қарсы бас көтерді. Көтерілісті кейінен лақап аты Тентек төре аталып кеткен (шын аты Мәлік) адам басқарған. Көтеріліс кең ауқым ала бастағанымен қару-жарағы нашар, ұйымдасу дәрежесі төмендігімен бірге бірікпей, Шымкент пен Сайрамға бөлініп кеткен қазақ шаруларының бұл бас көтеруін Омар хан әскерлері қанжоса етіп басты. 40-жылдардың басындағы Қоқан хандығының күші Омар хан кезіндегіден бәсеңдеді. 1842 жылға дейін билік жүргізген Мұхаммед Әли, одан кейін 1845 жылға дейін тақта отырған Шералы өзінен кейінгілерге едәуір төмендеген экономиканы мұраға қалдырды.

1853 жылы генерал Перовский қолбасшылық еткен әскер Ақмешітті басып алды. 1864 жылдың маусым айының басында



полковник Н.А. Веревкин бастаған орыс әскерлері айналасы үш шақырымдық дуалмен қоршалған ежелгі Түркістан қаласының түбіне келді. Отрядтың құрамында 5 рота жаяу әскер, казактардың екі жүздігі, 100-ден астам қазақ жауынгерлері бар болды. Әскер құрамында жалпы 44 офицерлер мен 1598 төменгі шендегілер болды. Олада қарудан 10 ірі зеңбірек, 6 кіші зеңбірек, 2 ракеталық қондырғы болды. Маусымның 12 күні қоқандықтар қаланы тастап кетуге мәжбүр болды. Қаланы орыс әскерлері алды.

Қаланы алу кезінде орыс әскерлерінің зеңбірегінен атылған он бір оқ Әзірет Сұлтан кесенесінің оңтүстік-батыс бұрышын опырып жіберді. Қаланы қару күшімен алған Н.А. Веревкин генерал-майор болды. Дәл сол кезде, 4-маусымда Алатау соғыс округі жағынан шыққан полковник М.Г.Черняев бар-жоғы 1500 қоқан әскері бар парваначи Ниязалы басқарып отырған Әулиеата бекінісін зеңбіректің оғының астына алды. 1864 жылы қыркүйек айында М.Г.Черняев 10,5 рота жаяу әскер, 1000-дай казактар, көптеген зеңбіректері бар қалың қолмен айналасы алты шақырымдық дуалмен қоршалған Шымкентке келген. Сөйтіп 22-қыркүйек күні қаланы шабуылмен басып алды. Қала халқын орыс әскерлері екі күн бойы талады. 1865 жылы 17-мамырда Черняев әскерлері Ташкентті басып алды. Сонымен Россияның байырғы қазақ жерін толық басып алуы аяқталды.

Қазақ жерінің Оңтүстігін жаулап алып, бүкіл қазақ жерін өзіне қосып алғаннан кейін Россияға қараған басқа да жерлердегі сияқты бұрынғыдан басқаша басқару жүйесін енгізу ойластырыла басталды, азаматтық басқару құрылысы жөнінде бұйрықтар берілді. 1867 жылы 11-шілдеде «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы уақытша ереже» бекітілді. Түркістан генерал-губернаторлығына ғасырлардан бергі тарихы мол шежірелі Оңтүстік өңіріндегі Жетісу және Сырдария облыстары да енді. Сырдария облысына Қазалы, Перовск, Түркістан, Шымкент, Әулиеата, Ташкент, Ходжент және Жизақ уездері кірді. Жергілікті жерде бүкіл билік уезд бастықтарына берілді, болыстар рулық емес, территориялық негізінде құрылды.

Оңтүстік өңіріндегі бүкіл билік Түркістан генерал-губернаторы Н.П. фон-Кауфманның қолында болды және ірі елді мекендерде ішкі құрылымдағы басшылық жүргізетін арық ақсақалдары құрылды. Патша үкіметі қазақ жерін біржола жаулап алғаннан



кейін енді ең алдымен ол жердегі бай кен орындарын игеруді ойлады. Орыс өндіріс иелері мен көпестері Оңтүстік өңірінде алғаш рет Түркістанға жақын мандағы Қарнак ауылында алғашқы шахта және бір шағын қорғасын зауытын құрды. Бірақ, алғашқы кездегі кездескен қиындықтар, құрал-саймандардың әлі де өзінің дәрежесінде жетік болмауы, кен қазушылардың тәжірибесінің жоқтығы, инженерлердің бұл кен орнының жайымен әлі таныс еместігі салдарынан қорғасын өндіруден пайда түсіре алмағандықтан иесі оны жабуға мәжбүр болды. Бірақ, бұл олардың кен орындарын игеруге деген ойларынан бас тартқыза алмады. Оңтүстік өңірі бүкіл қазақ жері сияқты барған сайын Ресейдің арзан тауарларын шығаратын және арзан шикізат алатын аймағына айнала бастады.

Орыс кәсіпкерлері Оңтүстік өңірде дүние жүзінде өте сирек кездесетін дәрілік қасиеті күшті дәрменге қатты назар аударды. 1883 жылы орыс көпесі Н.И. Иванов Шымкент қаласында сантонин зауытын салуға кірісіп, керекті машиналар келтірілді, зауыт іске қосылып, сол жылдың 16-желтоқсанында алғашқы өнім алынды. Қазақстанның оңтүстігіндегі арзан шикізатты Ресейге жеткізу, Ташкент пен Орталық Азиядағы басқа да ірі қалалармен байланысты жақсарту мақсатында жолдарды жөндеуге мән беріле бастады (мысалы, 1886 жылы Қызыл көпір салынды).

Бұл кезде оңтүстік өңіріне орыс қоныс аударушылары келе бастады. 1875-1895 жылдары Сырдария облысында 52 орыс елді мекені құрылып, оның ішінде Әулиеата уезінде 22, Перовск уезінде 3, Ташкент уезінде 10, Шымкент уезінде 17 елді мекен болды. Ал 1909 жылы келімсiктердiң мекендерi тек Шымкент уезінде 42-ге жетті. Келімсiктердiң көбеюiне байланысты қазақ шаруаларының жерлерi тарылды, олар шұрайлы жерлерiнен айырылып тау-тасты, құнарсыз жерлерге қарай қуылды. Ресейдiң орталық аудандарынан ауыл шарушылығы құрал-саймандарының көптеп келе бастауы қазақтардың егiншiлiкпен айналасуына едәуір ықпал жасады. Осы мақсатта 1894 жылы Мырзашөлде Сырдариядан алатын император 1-Николай атындағы және 1913 жылы Романов атындағы каналдар қазылды. Соның нәтижесінде Мырзашөл өңірінде мақта егiстiгiнiң көлемi арта түстi. XX ғасырдың басында Сырдария облысының халқының саны біршама

өсті. Шымкент уезі 100.808 шаршы шақырым болып, онда 325.445 адам тұрды.

1917 жылдың ақпанында патша үкіметі құлап, сол жылдың мамырында Черняев қаласында жұмысшы-солдаттар депутаттарының қалалық Кеңесі құрылды, оның төрағасы болып революционер-большевик Н.А.Морозов сайланды. Бірақ, көп уақыт өтпей барлық билік Уақытша Үкіметтің қолына өтті.

Кеңес өкіметінің орнауының алғашқы жылдарындағы өлке

1917 жылы қазан айында Петерборда қарулы көтеріліс жеңгеннен соң облыста Кеңес өкіметі негізінен желтоқсан айында толық орнап аяқталды. Кеңес өкіметі орнағанан кейін Сырдария облысында барлық өндіріс орындар мемлекет қарамағына алынды. 1918-1920 жылдардағы шет ел интервенциясы мен азамат соғысы қиындықтар туғызды. 1918 жылы Черняев қаласында 1-Кеңестік Черняев полкі құрылып, азамат соғысы жылдары Каспий өңірінде, Ақтөбе майданындағы ұрыстарға қатысты. Бұл жылдары облыс халық шаруашылығында мал саны азайды, егiстiк көлемi жыл өткен сайын кемiдi. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап-ақ Түркістан өлкесінде суландыру жұмыстарын жүргізуге ерекше көңіл бөліне бастады. 1918 жылы мамыр айының 17-жұлдызында В.И.Ленин қол қойған декрет шықты. Онда негізінен мақта егетін Мырзашөлді игеру, суландыру жүйелерін қалпына келтіру және ұлғайту шаралары айтылып, бұл жұмысқа 50 миллион сом қаржы бөлінді. Бұл декрет Сырдария облысында мақта егiстiгiнiң дамуына зор ықпал етті.

1920 жылы 26-тамызда Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитеті мен РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің «Қырғыз Кеңестік социалистік Автономиялық Республикасын құру туралы» М.И.Калинин мен В.И.Ленин қол қойған декреті жарияланды. Қырғыз (Қазақ) АКСР-і құрылып, орталығы Орынбор қаласы болды. Бірақ, ол кезде Жетісу, сырдария облыстары 1918 жылы құрылған Түркістан АКСР құрамында болған. Сырдария облысына Қазалы, Перовск, Түркістан, Ташкент, Мырзашөл, Черняев, Әулиеата уездеру кірді. Оңтүстік өңірінде халық шаруашылығын дамыту жолында көптеген шаралар жүргізілді.



1921-1922 жылдары жер-су, ЖЭС реформалары жүзеге асырыла бастады. Ауыл шарушылығы кооперативтерінің қарапайым түрлері ұйымдастыру жүрді. Ауыл шаруашылығы кооперативтерімен бірге бұл жылдары колхоздар ұйымдастырылып, совхоздар да құрыла бастады. Соның бірі 1924 жылдың қарашасында Мырзашөл аймағында құрылған үлкен шарушылық «Мақтаарал» совхозы болды. Колхоздар саны барған сайын өсті, бірақ олардың материалдық жағдайы әлі төмен болатын. Кооперативтендіру қолөнер кәсіпшілігінде де өсті. 1926 жылы Сырдария уезінде осындай 40 артель жұмыс істеді. Оларда 860 адам мүше болды. Солардың ішіндегі ірілері – Түркістан қаласындағы «Қызыл балға» артели 73 ұстаны біріктірді. Оңтүстік өңірінің экономикалық дамуына темір жол құрылысының өсуі әсер етті. Атап айтқанда, 1901-1905 жылдары қазақ жерінен Орынбор-Ташкент темір жолы салынды. Арыс стансасынан басталып, 1917 жылы Бурное стансасына келіп тоқтаған жол қайтадан жалғасып, 1920 жылдың 28-қарашасында Әулиеатаға келсе, 1924 жылдың тамызында Луговой арқылы Піспекке дейін жетті.

1924 жылдың 14-қазанында РКП(б) Орталық Комитетінің қаулысына сәйкес Орта Азия мен Қазақстанда ұлттық-территориялық межелеу туралы ұсынысты қарап, 27-қазанда Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитеті оны бекітті. Соның нәтижесінде, Жетісу, Сырдария облыстары Түкістан Республикасы құрамынан Қазақ АКСР-іне берілді. Сол жылы 12-желтоқсанда Жетісу, Сырдария облыстары губерния болып құрылды. Сырдария губерниясының орталығы Шымкент қаласы болды. Губкомның жауапты хатшысы болып Г.Каучуковский, губаткомның төрағалығына Аралбаев Бекайдар сайланды. 1932 жылы 10-наурызда Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің бекітуімен Қазақстанда 6 облыс құрылды. Олар Алматы, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстары. Оңтүстік Қазақстан облысына 19 аудан кірсе, кейінен оның саны 26 жетті.

1932 жылы Шымкент қорғасын зауыты салына бастады, ал 1934 жылы 20-қаңтарда алғашқы қорғасын алынды. Осы жылы 27-сәуірде Қазақ полиметалл комбинаты таратылып үш дербес өндіріс орны құрылды: Шымкент қорғасын зауыты, Ащысай полиметалл комбинаты, Хантағы кен басқармасы. 30-жылдары бүкіл елдегі



сияқты сталиндік құғын-сүргін өзінің көп зардаптарын тигізді. Жұмысты білетін, іскер адамдар бірінен соң бірі «халық жауы» аталып жазықсыз жапа шекті. Солардың ішінде осы өңірден шыққан М.Шоқай, Т.Рысқұлов, С.Қожанов, Н.Төреқұлов, Т.Жүргенов сияқты қаншама ірі тұлғалар бар еді.

Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін Оңтүстік облыстарында өндіріс орындарын соғыс мақсатында қайта құру жұмыстары басталды. Шымкенттегі дәрі шығаратын химфарм заводы техникалық бөлшектер шығарса, қорғасын зауыты оқ-дәрі және т.б. да өндірді. Соғыстың алғашқы айларынан елдің батысынан облысқа өндіріс орындары көшіп келе бастады. Подольск қорғасын-прокат зауыты, Киев байлау материалдары зауытының цехтары, Воронеж ұсталық-пресс механикалық зауыты. Оңтүстіктегі үш облыстың ауыл шаруашылығы еңбекшілері майдан үшін астық, ет, май т.б. өнімдерін жіберді. Кей деректерге қарағанда, соғыс жылдарында Шымкент қорғасын зауыты дауға атылған он оқтың тоғызын Қазақстан берсе, соның жетеуін осы Шымкент қорғасын зауыты берсе керек. Оңтүстік өңірінен шыққандар соғыс жылдарында майданда ерлік үлгілерін көрсетті. Бүгінгі Оңтүстік Қазақстан облысынан 48 адам Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды.

Соғыстан кейінгі жылдардағы өлке

Соғыс аяқталғаннан кейін өлкеде өндіріс орындарын кеңейтуге бесінші (1946-1950 жж.), алтыншы (1950-1955 жж.) бесжылдық жылдарында едәуір көңіл бөлінді. Жетінші бесжылдық кезінде олар техникалық және экономикалық жағынан нығайды. Осы жоспарды орындауға облыстың барлық еңбеккерлері жұмысшылар, шаруалар белсене қатысты. Әсіресе түсті металлургияны дамытуға, оның шикізат базасын нығайтуға күш салынды.

1946 жылдың өзінде Шымкент қорғасын зауыты қорғасын, висмут, доре металын, прокат шығаруды, шикізаттан қорғасын алуды ұлғайтып, жоғары маркалы қорғасын шығару екі есе көбейді.

Көп кешікпей “Ащысай” түсті металл комбинатында аса ірі “Мырғалымсай” руднигі, жаңа кен байыту фабрикасы іске



косылды. Жаңа өндіріс орындарын салу жоспарланып жатты. Пресс-автомат зауыты да едәуір ұлғайтылды. Жұмыс істеп жатқан зауытқа бас корпус, бірнеше цехтар, дизель электр станциясы, басқа да объектілер қосылды.

Сөйтіп, елдің өсіп-өркендеуі ең алдымен ауыр өнеркәсіптің дамуына байланысты болғандықтан ауыр өнеркәсіпте одақтық маңызы бар Шымкент қорғасын зауытының өндіріс қуаты арттырылды, Пресс-автомат зауыты күшейтілді.

Отын базасында Ленгір кеншілері көмір өндіруді арттырды. 1945 жылы 1-қазанда Шымкент қаласында Железнодорожный, Заводской, Центральный аудандары құрылып (бұл үш аудан 1948 жылдың 7-шілдесінде қайтадан таратылды), Ленгер ауданы Георгиев ауданы болып аталды. “Ленгеруголь” жұмысшы поселкесі болса, облыс қарамағындағы Ленгір қаласы болып қайта құрылды. Осы кезде Қазақстанның оңтүстік өңірін Солтүстік және Орталық Қазақстанға болат жолмен жалғастыру міндеті қойылды.

Оңтүстік өңірінде жаңа зауыттар мен фабрикалардың салынуы, қалалар мен ірі елді мекендердің, селолардың өсуі қуатты құрылыс индустриясының өркендеуіне ықпал етті. Қыш, әк, қабырғалық бетондар, темірбетон бұйымдарын, сондай-ақ ірі блоктар, басқа да бөлшектерді мол шығаруға облыстың табиғи байлығы оның шикізат негізі болды. Цемент өндірісі оның басты негізі болды. Құрылыс өндірісінің алыбы, жергілікті жердің шикізатына есептелген, цементтің әр түрлісін шығаратын Цемент зауыты алғашқы өнімін 1958 жылдың 30-желтоқсанында шығарды. Кейінірек Түлкібас ауданының Састөбе елді мекенінде салынған облыстағы екінші цемент зауыты түрлі түсті ақ, көк, жасыл, қызыл, сары цементтерді, сондай-ақ әк шығара бастады. Шифер, асбоцемент трубаларын Орталық Азия, Сібір, Волга бойына, Закавказияға шығаратын асбоцемент конструкциясы комбинаты республикадағы ірі кәсіпорынның біріне айналды.

Облыста 1950 жылы 2.372,4 мың тонна цемент, 128 мың тонна әк, 123 млн. дана қыш, 612,3 мың шаршы метр темір бетон және бетондық конструкциялар мен бөлшектер шығарды.

1947 жылы Шымкент қаласында Қазақстанда ол кезде бірінші болып есептелетін мақта-мата комбинатының құрылысы басталып, 1951 жылдың аяғында ол алғашқы өнімін бере бастаған еді. Келесі,

1952 жылы Састөбе цемент зауыты пайдалануға берілді. 1955 жылдың мамыр айында Шымкентте қаракөл зауыты іске қосылды. Осы зауыттың іске қосылуына орай бағалы аң терілері Халықаралық аукционда кейін “Қазақстандық” деген жаңа маркалы қаракөлдер орын ала бастады да тез арада сатып алушылардан жоғары баға алды. 1956 жылы Шымкент қаласында “Красный ткач” артелінің негізінде ерлердің жейдесін, көйлек-шалбарларын тігетін тігін фабрикасы ұйымдастырылды.

Облыс еңбекшілері шөл даланы кесіп өтетін “Мойынты-Шу” темір жолын салу жұмысына белсене қатысты. Бұған республиканың сегіз облысынан мыңдаған адам қатысты. “Мойынты-Шу” темір жолының маңызы республиканың оңтүстік өңірін орталық Қазақстанмен байланыстыратын еді. 1953 жылдың 27-қазанында 448 километр келетін “Мойынты-Шу” теміржолы пайдалануға берілді. Жиыннан соң көмір артқан вагондар Алматы қаласына қарай жөнелтілді. Осыдан бастап бұл жол пайдалануға берілді. Ол Арқа мен Алатауды қосқан ең жақын, ең төте күретамыр болды. Осы темір жолдың салынуына байланысты Оңтүстік Қазақстан облысы Орталық Қазақстан мен Солтүстік Қазақстанға тікелей өтетін болды. Шымкент-Қарағанды арасында тікелей байланыс орнағылды. Осыдан өзіндік құны төмен Қарағанды көмірін оңтүстікке әкелу тиімді болды да, құны жоғары болып саналатын Ленгір шахтасынан көмір қазу біртіндеп бәсеңдей бастады. Облыста ауыл шаруашылығы машиналарын жасайтын, металл өңдейтін машиналар үшін қосалқы бөлшектер жасайтын кәсіпорындар құрылды.

1950-1955 жылдары оңтүстік облыстарда жеңіл өнеркәсіп ерекше дамыды. Жаңа өндіріс орындары құрылып пайдалануға беріліп, олар халық игілігі үшін түрлі тауарлар шығара бастады.

Өндіріс орындарын кеңейтуге бесінші, алтыншы бесжылдық жылдарында едәуір көңіл бөлінді. Жетінші бесжылдық кезінде олар техникалық және экономикалық жағынан нығайды. Ел үшін қажет құрылыс материалдарын жасайтын өндіріс орындары салынды. Оның алғашқысының бірі – Шымкент асбоцемент конструкциялары комбинаты болды. 1955 жылы құрылысы басталған Шымкент цемент зауыты 1958 жылы 30-желтоқсанда өзінің тұңғыш өнімін берсе, 1961 жылы соңғы технологиялық

линиясы пайдалануға берілді. Осымен бір мезгілде Ленгір керамика, Шымкент қыш зауыты қайта құрылды. Шымкент темір-бетон бұйымдарынан үй жасайтын зауыт қатарға қосылды.

1959 жылы Кентау қаласында экскаватор, 1960 жылы трансформатор зауыттары салынып бітті. Шымкентте электр аппараттары, кардан біліктері, гидролиз және шина жөндеу зауыттары, химия зауытының Түркістандағы мал азығына пайдаланатын антибиотиктер, “Манкентживмаш” зауыттары т.б. кәсіпорындар іргесін көтерді немесе салынып жатты. Осы жылы Шымкент-Ташкент жоғары вольтті электр жүйесі жұмыс істеуді бастады. Бұл осы өңірді электр жарығымен қамтамасыз етуде маңызды болды.

XX ғасырдың 50-жылдардың аяғы мен 60-жылдардың басында оңтүстік өңірінде өндіріс орындарының өсуіне байланысты жаңа қалалар мен қала типтес елді мекендер пайда болды. Жаңа совхоздар құрылды. Оларға тас жолдар салынды, электр жүйелері тартылды, көптеген мәдениет орындары салынды. Еңбекшілердің бос уақытын көңілді өткізу ісіне назар аударды.

Облыс колхоз-совхоздарында ауыл шаруашылығы техникаларының саны өсті. 1950-1960 жылдары тракторлар 3.400-ден 7.500-ге, астық комбайндары 1.000-нан 1.900-ге жетті.

XX ғасырдың 60-80 жылдардағы өлкедегі жетістіктер

XX ғасырдың 60-жылдары облыс көлемінде халық шаруашылығын дамыту, еңбекшілер жағдайын жақсарту саласында көптеген игілікті жұмыстар атқарылды. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын және мәдениетті дамытуда бұған дейінгі өткен онжылдықтардағы қол жеткен жетістіктер тасқыны бұрынғыдан да еселей түсті.

Жалпы, облыста XX ғасырдың 60-70 жылдары химия өндірісі кеңінен етек жая бастады. Бұрын қорғасын зауытынан атмосфераны уандыратын күкіртті газ енді пайдаға асырылып, күкірт қышқылын шығаратын ірі комплекс салынды. Шымкент Химфарм зауыты қайта құрылып, жабдықталып, дәрілік шөптерді өңдейтін ірі кәсіпорынға айналып, 30-дан астам дәрі-дәрмектер

шығарып өз өнімдерін басқа да республикаларға, шет елдерге жіберді.

1961 жылдың сәуір айында Мырғалымсай руднигінің бір проходшылар бригадасы бір забойда тиісті уақыт ішінде 522,3 текше метр, ал мамыр айында 595,7 текше метр кен қазып, бүкілодақтық рекорд жасады. 1964 жылдың шілде айында осы рудниктің озат кеншілері кенді шапшаңдатылған әдіспен қазу жөнінде дүниежүзілік рекорд жасады. Жоғары жетістікке жеткені үшін бірнеше жұмысшылар мен қызметкерлер түрлі марапаттарға ие болды.

1965 жылы облыстың экономикасында зор ықпал ететін елеулі оқиға болды. Ол осы кездегі аса ірі құрылыс Шымкент фосфор тұздары зауытының құрылысы болды. Бұл зауыт 1961 жылы басталып, мерзімінен бұрын 1966 жылдың 22-наурызында аса ірі бұл кәсіпорын өзінің алғашқы өнімін берді. Осыдан кейін осындай ірі фосфор өнімін беретін кәсіпорынның құрылысы осы өңірдегі үлкен қаланың бірі, әрі керекті шикізатқа жақын жатқан Жамбыл қаласында одан әрі жалғасты.

Кеңес өкіметінің мейлінше өсіп-өркендеуді мақсат еткен бұл жылдары өнеркәсіп орындарын өркендетумен бірге ауыл шаруашылығының дамыту ісіне де ерекше мән берілді. Егін шаруашылығын дамыту алда тұрды. Ол үшін суландыру жүйелерін жүргізу міндеті тұрды. 1964 жылы Оңтүстік өңірінде Шардара су қоймасының салынуына орай ауыл шаруашылығын өркендетуге мүмкіндік туғызылды. Облыс республика өңірінде мақта шаруашылығымен, бағалы дәрілік шөптерді өсірумен айналысатын аймақ, сондай-ақ бау-бақша, жүзім, күріш, көкөністің мол өндірілуіне жағдай жасалды.

Әрине, ауыл шаруашылығының өз дәрежесінде дамуы үшін көп жұмыс күтіп тұр еді. Ол ең алдымен мемлекеттің ауыл шаруашылығы өнімдерін арзан бағамен сатып алуынан көрінді. Соның салдарынан колхоздар мен совхоздар жыл қорытындыларын кейде зиянмен аяқтады. Бұл кадрлардың тұрақтауына зиянын тигізді. Соған қарамастан ауыл шаруашылығында жаңа бірлестіктердің саны өсіп, шаруашылықты дамытуда кадрлардың, ауыл шаруашылығы техникаларымен қамтамасыз етудің рөлі артты. 1961 жылы Оңтүстік Қазақстан

облысының ауыл шаруашылығында 3472 маман қызметкерлер жұмыс істеді. Соның ішінде 861 агроном, 808 мал дәрігері, 463 инженер-техниктер мен механизаторлар және 53 су шаруашылығы мамандары болды. Мамандардың санының өсуі ауыл шаруашылығының өркендеуіне жағдай жасады. Колхоздар мен совхоздардың экономикалық жағдайы нығайды.

Халық шаруашылығын өркендету және мәдени құрылыста қол жеткен табыстар одан әрі жалғасты. Сонысы үшін еліміздегі басқа да облыстар сияқты Шымкент облысы 1967 жылдың күзінде Ұлы Қазан революциясының 50 жылдығы қарсаңында Ленин орденімен марапатталды.

Осы салалардағы жетістіктер одан әрі жалғасып, 80-жылдары ел байлығын арттыру саласында біршама нәтижелі жұмыстар жасалынды. 1982 жылы КСРО-ның құрылуының 60 және 1987 жылғы Қазан революциясының 70 жылдығы қарсаңындағы жұмыстар едәуір қарқынды жүрді. Шымкент облысы шығарған бұйымдары Одақ көлемін былай қойғанда шетелдерге танымал бола бастады. Мысалы, 80-жылдардың екінші жартысында Шымкент облысының 23 кәсіпорны шығарған өнімдерін дүние жүзінің 42 елі алып отырды. Соның ішінде 11-і социалистік, 12-сі дамыған капиталистік, 19-ы дамушы елдер еді. Ол елдермен қарым-қатынастар жақсарды. Өзара тәжірибе алмасулар ісі жолға қойылды.

Бұл кезеңде ірі құрылыстар салу одан әрі жалғасты. 1983 жылы аса ірі құрылыстың бірі – 1642 километрлік Павлодар-Шымкент мұнай құбырларының құрылысы аяқталды. Ал 1984 жылы бұл қалада 30 жаңа өнеркәсіп орындары, жалпы көлемі 1,4 млн. шаршы метр тұрғын үйлер салынып, пайдалануға берілді. Ал 1985 жылы облыс орталығында өнеркәсіп өнімінің жаңа 92 түрі игерілді. Мұның өзі өнім өндіру көлемінің артуына жағдай жасады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің шығымдылығы жөнінде айтар болсақ, Шымкент облысындағы мақта шаруашылығына 1971-1975 жылдары гектарынан 26,6 центнерден түсіп, жыл сайын орта есеппен 305 мың тоннадан шитті мақта алынса, 1976-1980 жылдары 27,0 центнерден, жылына орта есеппен 317 мың тоннадан “ақ алтын”, ал 1988 жылы 325 мың тонна шитті мақта жиналды. Бұл үлкен жетістік болды.

1986 жылғы Алматы қаласында болған желтоқсан оқиғасынан кейін қазақ кадрларына дұрыс қарамау бұрынғыдан да күшейді. Арқауы өсекпен өріліп, қалқаны жаладан қаланған тапсырыспен түрлі мақалалар басылып, онда аты аталғандар қудаланды. Оңтүстіктегі жағдайлар күрделене түсті. Желтоқсан оқиғасына қатысқан біртоп шымкенттік студенттер оқудан шығарылды.

Қаншама онжылдықтар бойына билік жүргізген Коммунистік партияның іргетасы ХХ ғасырдың 80-жылдардың соңы мен 90-жылдардың басында шайқалып, барған сайын халық алдындағы беделі түсіп бара жатты. Бірақ бұл КСРО халқының белсенділігінен емес, Кеңес Одағы Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы М.С.Горбачевтің қайта құру, демократия, жариялылық саясатынан туған еді. 1990 жылы Қазақстанда социал-демократиялық партия құрылды. “Азат” азаматтық қозғалысы қалыптасты, “Азат”, “Желтоқсан” т.б. саяси қозғалыстар пайда болды.

Өндіріс орындарындағы сияқты ауыл шаруашылығы, әсіресе мал шаруашылығы кейбір келеңсіз жайлардың алдында тұрды. 1990 жылы мал басы шамамен 80-жылдардың екінші жартысындағы дәрежесінде болды. Мысалға алатын болсақ, 1990 жылы Қазақстанда 36 млн. 222 мың қой мен ешкі, 9 млн. 818 мың ірі қара, 1 млн. 618,8 мың жылқы, 142 мың түйе болса, Шымкент облысында тиісінше 4 млн. 065 мың, 449,8 мың, 88,9 мың, 16,8 мың бас болды. Бірақ, екіншке орай, өткен ғасырдың соңғы онжылдығының басында мал басы күрт қысқара бастады.

Қайта құру жылдарында сезілген кейбір қиындықтар Кеңес өкіметі тарағаннан соң ауыр жайларға алып келді. Өнеркәсіп салаларындағы бұрынғы байланыстар ыдырады. Мысалы, өзара келісімдер бола тұрып, кезінде Россия мен Украина Қазақстанға кокс жіберуді тоқтатты. Соның салдарынан Шымкент фосфор өндірісі зардап шегіп, минералды тыңайтқыштар шығаруды қысқартты. 1991 жылы Шымкент қаласында фосфор өндіру 32, қорғасын өндіру 8,9 пайызға, цемент өндіру де едәуір кеміді. Мұндай жайлар оңтүстік өңіріндегі басқа өнімдер өндіруде де орын алды. Осының бәрі халқымыздың өтпелі дәуірде өзінің басынан көптеген қиындықтарды кешіруге мәжбүр етті.



Дегенмен, бұл жылдары облыс бойынша алғанымызда халық шаруашылығының барлық салаларын дамытуда табыстар болды, мәдениет өркендеді. Халыққа білім беру саласында да едәуір істер атқарылды. Қалалар мен ауылдарда мектептер саны өсіп, тек Шымкент облысында 805-ке жетті, оларда 250 мың оқушы қамтылды, оларға 13 мыңдай мұғалім ұстаздық етіп, білім берді. Жоғары оқу орындарының саны өсті. Бұрын Шымкент облысының орталығында химия-технологиялық және алғашқы оқу орны педагогикалық институт болса, 1967 жылы үшінші оқу орны, педагогтік-мәдениет институты ашылды. Бұл республикадағы мәдени-ағарту қызметкерлерін даярлайтын алғашқы жоғары оқу орны еді. Сөйтіп, осы жылы Шымкент облысында 3 институт, 11 техникум және училище, 24 кәсіптік-техникалық училищелер жұмыс істеді. Оларда білім алушы жастардың саны барған сайын өсті. Оқу орындарында білікті мамандардың көбейді. Мектептердің материалдық базасы бұрынғыдан әлдеқайда нығайтылды.

Мәдени құрылыс салаларында аталған кезеңде облыста көптеген жұмыстар атқарылды. Мектептер, жоғары және арнаулы орта оқу орындары мен ондағы оқитын студенттер мен оқушылардың, және мәдени-көпшілік мекемелері мен кітапханалардың саны өсті.

Егер Ұлы Қазан революциясына дейін бүкіл Қазақстандағы сияқты кәсіптік сахналық өнері болмаған Шымкент облысында бұл кезде 2 облыстық драма театры, бір музыкалық комедия театры, облыстық филормония мен 17 халық театры, халық музыкалық коллективі, жүздеген көркемөнерпаздар ұжымдары жұмыс істеді. Әрбір ірі кәсіпорынның, колхоз бен совхоздың дерлік сәулетті клубтары мен мәдениет сарайлары болды. Бұдан алпыс жыл бұрын облыс көлемінде бірде-бір клуб не мәдениет сарайы болмаса, осы кезде жүздеп саналды. Тек селолық жерде осы кезде 322 клуб, 17 мәдениет үйі, 7 қызыл мүйіс, 167 автоклуб жұмыс істеді. Оларда еңбекшілер арасында түрлі тақырыптарда лекциялар оқылады, кездесулер, диспуттар өткізіледі.

Облыста адамдардың рухани дүниесін байытуда кітапханалардың атқаратын қызметінің шегі жоқ деуге болады. Кеңес дәуіріне дейін халықтың кітапханалар игілігін пайдалануға мүмкіндігі болмаса, енді кітапханалар жүйесі өркен жайды. Осы



жылы облыста 802 селолық, аудандық кітапханалар еңбекшілерге қызмет етіп жатты. Олардың жалпы қоры 7 миллион данаға жетті.

Облыста халықтың денсаулығын жақсартуда жұмыстар жасалып жатты. 1987-1988 жылдары Шымкент облысында 19.181 орта білімді медицина қызметкерлері мен 4.800-дей дәрігерлер қызмет етті.

Шымкент облыс драма театрларының артистері аудандарды аралап халық арасында өнер көрсетсе, жер-жерде күйшілер, ақындар халықпен тығыз байланыста болып, оларға өз шығармаларын таныстырып отырды. Солардың бірі өнер майталманы, күйші, композитор Ықыластың шәкірті, әуені ой мен мұңға жетелейтін шертпе күйдің шебері Созақ өңірінен шыққан Сүгір Әлиев (1887-1961 жж.), күйлері мен әндерімен де танымал болған Жаппас Қаламбаев (1909-1970 жж.) халықты тәнті етті.

Әрине, “қазақ вальсінің королі” атанған, кейін Қазақстан Республикасының ұлттық Әнұранына айналған “Менің Қазақстаным” атты әнін шығарған (сөзі Жұмекең Нәжмедіновтікі) Шәмші Қалдаяқовтың орны ерекше. Жаңа Әнұран ресми түрде 2006 жылғы 11-қаңтарда тұңғыш рет орындалды. Міне, содан бері “Менің Қазақстаным” әні қазақ аспанында күн сайын қалықтап тұр.

Оңтүстік өңіріндегі өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы сияқты мәдениет саласында да кейбір қиындықтар болғанымен бұрынғы жұмыс одан әрі жалғаса берді. Халыққа білім беру саласында жұмыс ешбір тоқтаусыз одан әрі жалғасып жатты. 1988-1989 оқу жылында Шымкент облысындағы 959 мектепте 427.100 оқушы, 20 арнаулы оқу орнында 23.600, 3 жоғары оқу орнында 14.900 студент оқыды.

Тәуелсіздік жылдарындағы өлке

Кезінде “Тәуелсіздік!..” деген сөзді біздер қанша рет айттық. Айттық та аңсадық. Осы бір қасиетті де қастерлі сөзді ата-бабаларымыз да айтып, жете алмай кеткен... XX ғасырдың 70-ші жылдары, тіпті 80-ші жылдардың басында егер: “Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алады” десе ешкім сенбейтін, оның не екенін



талайлар түсінбес те еді. Ақыры міне, армандаған тәуелсіздік таңы атты. Бұл қазақ халқы үшін қолға қонған ертегілердегі алтын құс, зор бақыт.

1991 жылдың 16-желтоқсаны тәуелсіздік күні болып жарияланды, сөйтіп, Қазақ Кеңес социалистік Республикасы енді жаңа мемлекет, Қазақстан Республикасы болып аталды. Ең бастысы, халқымыз ғасырлар бойы аңсаған асыл арманы болған тәуелсіздікке жетті. 1992 жылы 3-наурызда еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болды. Көптеген халықаралық ұйымдарға мүшелікке кірген елімізде шетелдердің дипломатиялық миссиялары ашылды. 1992 жылы 4-маусымда Қазақстанның мемлекеттік рәміздері – Туы мен мемлекеттік Елтаңба, 11-желтоқсанда мемлекеттік Әнұран қабылданды.

Елде саясат пен экономикадағы түбірлі реформаларға, мемлекет құрылымдарында үлкен өзгерістерге жол ашылды. 1992 жылы жергілікті жерде жаңа әкімшілік басқарулар жүйесі енді.

Осы жылдың 6-шілдесінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Президиумы жеке облыстар мен қалалардың аттарын қалпына келтіру жөнінде жарлық қабылдады. Шымкент облысы қайтадан Оңтүстік Қазақстан облысы болып өзгертілді. Кеңес Одағы кезінде өзгертілген ауыл аттарының тарихи аттары қалпына келтіріле бастады.

Облыста 2006 жылы 435.395 тонна шитті мақта алынса, соның 411.365 тоннасы (93,6 пайызы) фермерлер қожалықтарында өсірілді. Бұл жетістіктер барған сайын қанат жайып келеді.

Мал шаруашылығының дәрежесін алдағы бірер жылдың ішінде 80-жылдардың екінші жартысындағы 36,2 миллион бас дәрежесіне жетеді деу, сенімсіз. Өйткені 2002 жылы шамамен 13.459,2 мың басқа дейін азайып, 2007 жылдың басында 15.216,7 миллионға ғана жетті. Ал облыстар бойынша алсақ, жалпы малдардың саны төмен. 2006 жылдың басында мұнда 607,8 мың ірі қара, оның ішінде 269,4 мың сиыр, 2,976,8 мың қой мен ешкі, 120,5 мың жылқы, 14,4 мың түйе болды.

1992 жылдың қазан айының 4-жұлдызында Астана қаласында дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы өткізілді. Осыдан кейін шетелдегі бауырларымыздың көші-қон үрдісі басталды. Сол

1992 жылдың өзінде Қазақстанға 5.251 отбасы көшіп келіп, ол үрдіс одан әрі жалғасты. Көрші жатқан елдерді айтпағанда бауырларымыз сонау алыстағы Пәкістан, Иран, Ауғанстан сияқты елдерден де келе бастады. Оңтүстік Қазақстан облысына 1991-2002 жылдар арасында 17.665 жанұя немесе 82.563 адам келді.

Бұл жылдары еліміздің тарихында маңызды орын алған, тарихи оқиғаларды атап өтуде өнегелі істер атқарылды. Соның бірі – Оңтүстік Қазақстан облысындағы 1726 жылғы жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күрестің басы болған Ордабасы жеріндегі 1993 жылдың 27-29 мамырындағы Төле, Қазыбек, Әйтеке билерді еске алу күндерінің өткізілуі еді.

Түркістан қаласының 1500 жылдығы атап өтті. Қожа Ахмет Йасауи кесенесіне жақын жерге салынған халықаралық Қазақ-түрік университеті ашылды. 2001 жылдың күзінде Оңтүстік өңірі үшін ғана емес, бүкіл қазақ жұрты үшін мақтаньш болған Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1130 жыл толуына арналған осы ғұлама ғалымның туған жері ежелгі Фараб жерінде (бүгінгі Отырар ауданының орталығында) халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.

Шымкент қаласында қызмет атқарып жүрген құйын ирімдердің симфазалық пайда болуы туралы әлемдік жаңалықты, “Балабеков заңын” ашқан Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі Оразалы Балабеков, электромагнитті дипозон спектрімен өсімдіктердің өнімділігін арттыру саласында аса үлкен істер атқарған, тамаша ғалымның бірінен саналатын Әбдіманап Әшіров, т.б. облысымызға, елімізге танымал ғалымдар мақтан тұтуға лайық.

XX ғасырдың 80-жылдардың екінші жартысынан бастап облысымыздың мәдени өмірінде елеулі өзгерістер болды. Айтыс өнері қайта жандандырылды. Облыстық ақындар айтысы жиі-жиі ұйымдастырыла бастады.

Біз жеріміздің кендігімен мақтанамыз. Оңтүстік Қазақстан облысының жер көлемі 117,3 мың шаршы километр, он бір әкімшілік аудан, төрт қалалық әкімшілік бар. Бұл облыс қазақтардың үлес салмағынан да, халықтың өсу дәрежесінен де жоғары аймақ. Бірақ біз жеріміздің кендігімен ғана емес, еліміздің байлығымен де мақтануымыз керек.



Расында, Оңтүстік өңірі тұнып тұрған тарих. Облыс Ұлы Жібек жолындағы Испиджаб, Сауран, Отырар қалалары, Әбу Насыр әл-Фараби мен Қожа Ахмет Яссауи сияқты ұлы ғалымдарды дүниеге әкелген және кезінде Александриядан кейінгі әлемдегі ең бай Отырар кітапханасы орналасқан киелі жер. Мұның өзі ежелден келе жатқан мәдениетімізге деген қамқорлық жасау керек деген сөз.

Ал тарихи жәдігерлер жатқан жерлерге келсек, республикалық және облыстық маңызы бар 500-ден астам архитектуралық, археологиялық және мәдени ескерткіштер есепке алынған. Қазір жер-жерден табылған жәдігерліктер мұражайларға жинақталған. Облыстық мұражайында 70 мың жәдігерлік тұрса, олар ғасырлар бойы сақталынып, көне тарихымыздың ескерткіші бола беруі тиіс.



Қорытынды

Тарих баршамызға ортақ. Тарих – ұлы ұстаз. Тарих – жеке адамның, ұлттың, мемлекеттің өмірбаяны. Біз өзіміздің өмір сүріп отырған кездің қадір-қасиетін тек тарихымыздағы өткен жайларды оймен шолғанда ғана терең түсінетіндігімізді білдік. Өткен тарихымызды ұлы ғұламаларымыздың айтып кеткендеріндей ой таразысына сала отырып, осы заманғы жеткен жолдардың қандай екенін, тарихты жасаған талай ұрпақтың ісінің қадыр-қасиетіне жетіп отырмыз.

Расында, өткенімізге қарап, бүгінмен салыстырамыз. Ата-бабалар ерлік істерін көреміз. Бәрі жақсы. Бірақ, адамзатта азаттықтың ақ туынан асқан арман болмаған. Сол азаттыққа қолымыз жетті, біз бақытты жандармыз, міне, тәуелсіздік өзіміздің қолымызда. Сондықтан, осы шежірелі өңірдің ежелгі дәуірден бүгінге дейінгі тарихын зерттеу, оны қағаз бетіне түсіру, келешек оқырмандарға ұсыну қай-қайсымыз үшін үлкен мәртебе, әрі азаматтық борышымыз. Олай болса өлкетанушылар осыны терең меңгеріп, кейінгілерге жеткізуі тиіс.

Өткен тарихымызға және бір байыппен көз салсақ, бүкіл еліміздегі сияқты бүгінгі шежіреге бай Оңтүстік өңірде небір оқиғалар болған. Талайларды таң қалдырар, талайларды тамсандырар тарихымыз жөніндегі жазбалардың көбі бізге жетпей қалды. Бірақ тарих баршамызға ортақ болса, оны жазу да ортақ іс.

Олай болса, тарихшылардың алдында тұрған міндеттер мейлінше күрделі. Тарихы сонау заманнан басталатын, аты ежелгі дәуірдің өзінде сол кезде өмір сүрген ежелгі Қытай, парсы, грек, т.б. елдерге белгілі ата-бабаларымыздың ата-мекені табиғаты жайлы, ұзақ жол жүруші керуен үшін Сырдариядай суы, Қаратау, Алатаудай баурайларындай көк майсалы табиғаты бай жері бар өңір. Ежелгі сәулетті қалаларының, жайқалған бауларының өзі осы өңірмен ары-бері өткен талайларды қызықтырған. Халқымыз табиғатының сұлулығын, елінің батырлығын жырға қосқан. Сондықтан, осы шежірелі өңірдің ежелгі дәуірден бүгінге дейінгі тарихын зерттеу, оны қағаз бетіне түсіру, келешек оқырмандарға ұсыну қай-қайсымыз үшін үлкен мәртебе, әрі азаматтық борышымыз. Ал бұл салада біздің тарихшы студенттеріміздің,





өлкетанушы мамандарымыздың алдында тұрған міндеттер аса жауапты.

Қазіргі тәуелсіздіктің ақ таңын қарсы алып, көкжиегі барған сайын кеңейіп, көк байрағы желбіреген Қазақстан Республикасы қайта түлеп, ғасырлар тоғысындағы сондай бір қиын тар жол, тайғақ кешу кездегі қиындықтарды бастарынан өткізіп, ел көзі мен көкірегінің нұрлы сенімге тола бастап, еліміздің болашағы үшін жасап жатқан жасампаздық істері ұрпақтан-ұрпаққа жетері сөзсіз.

Келешек ұрпақ осы кезең тарихын бір, бес, он ғасырдан кейін оқыған кезде, тәуелсіздігімізді алғаннан кейінгі қиын сәттерде біздердің қалай өткізгенімізді, еліміздің жарқын болашағы үшін жасаған істерімізді ерекше, мақтаныш сезіммен айтарына сенеміз. Біз жақсы істерді білуіміз ғана емес, оны көпшілікке насихаттауымыз керек. Жалпы, адами құндылықтарды, отансүйгіштікті, рухани тазалық пен байлықты насихаттамай, ел өмірін тек экономикамен өзгерту мүмкін емес.

Адам баласы кешегісімен, бүгінгісімен және келешегімен өмір сүреді. Кешегі тез ұмытылады, қазіргі сәт өтеді, кешегіге, өткенге айналады. Саналы азамат болашақта қалай өрбитінін болжайды, соның нәтижелі болуына септігін тигізуі тиіс.

Бүгінгі жастарымыз, ертеңгі елдің тұтқасын ұстар ұрпақтар елдің дамуының негізі тер төккен еңбекте, өнегілі істе, ғылымда екенін терең түсініп, тағлым алуы керек болса, осы бір жауапты істе біздің болашақ тарихшы өлкетанушыларымыздың істерінің орны ерекше.



Пайдаланатын әдебиеттер мен деректер

- 1 Алпысбаев Х.А. памятники нижнего палолтиа Южного Казахстана. Алма-Ата. 1979.
- 2 Ахметова С.Ш. Историческое краеведение в Казахстане. А., 1982
- 3 Балгазина Р.О. Архивное строительство в Казахстане (1917-1937 гг.) // Известия АН КазССР. Алматы, 1982. № 6.
- 4 Байпақов К.М. Қазақстанның ежелгі қалалары. Алматы: Аруна. 2005.
- 5 Байтанаев Б.А. Две находки из Теректы. Культурное наследие Южного Казахстана. Шымкент. 2002.
- 6 Бекназаров Р. Оңтүстік Қазақстан тарихының очеркі (XVIII-XХ ғғ.). Алматы: Ғылым. 1976.
- 7 Гродеков Н. Киргизы и кара-киргизы Сыр-Дарьинской области. Т.І, Ташкент. 1889.
- 8 Добросмыслов А.И. Города Сыр-Дарьинской области. Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-Ата, Чимкент. Ташкент. 1912.
- 9 Жолдасов Б. XIX ғасырдың ортасындағы Оңтүстік Қазақстан: ішкі және сыртқы жағдайы. Алматы: ҚазАқпарат. 2003.
- 10 Жолдасов С. Қазақстанның оңтүстік өңірінің тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Алматы: Үш Қиян. 2009.
- 11 Жолдасов С., Матекова Б. Өлкетану. Алматы: Үш Қиян. 2009.
- 12 Қоңратбаев Ә. Қоңратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. Алматы: Қазақ университеті. 1991.
- 13 Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. СПб. 1832.
- 14 Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. Деректі толғам. Алматы: Қазақстан. 1995.
- 15 Никонова Г.Н. Краеведение. М., 1984.
- 16 Оңтүстік Қазақстан энциклопедиясы. “Қазақ энциклопедиясының” Бас редакциясы. Алматы. 2005
- 17 Пашино П.И. Туркестанский край в 1966 году. Путевые заметки. СПб. 1868.
- 18 Раимханова К. Тарихи өлкетану. А., 2004.
- 19 Румянцев П.П. Киргизский народ в прошлом и настоящем. СПб. 1910.





- 20 Смирнов Е. Сыр-Дарьинская область. СПб., 1887.
 21 Труды Сыр-Дарьинского областного статистического комитета в 1877-1888 гг. Ташкент. 1888.
 22 Тынышпаев М. История казахского народа. Алматы: Казак университеті. 1991.
 23 Хасанаев М.Ж., Нұрманбетқызы Ж.Н. Мұрағаттану негіздері. А., 2006.



Мазмұны

Кіріспе	3
Тарихи ескерткіштерге қамқорлық	5
Тарихи өлкетанудың дерск көздері	8
Мұрағаттық деректер	11
Археологиялық деректер	15
Тарихи өлкетанудың объектілері	18
Өлкенің тарихы - өлкетану объектісі	30
Мәдени және тарихи ескерткіштер өлкетанудың объектісі	33
Қазақстандағы өлкетану жұмыстарының басталуы	36
XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстандағы өлкетану	40
XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы орыс географиялық қоғамы мен бөлімшілері	42
Кеңестік дәуірдегі өлкетану жұмыстары	50
Оңтүстік өңірі өлкетанудың зерттеу нысаны. Ерте дәуірдегі өлке.....	56
Орта ғасырлар дәуіріндегі өлке	58
Қазақ хандығының құрылуынан кейінгі дәуіріндегі өлке	63
Орталық Азия хандықтары мен Ресей бақталастығы жылдарындағы өлке	66
Кенес өкіметінің орнауының алғашқы жылдарындағы өлке	69
Соғыстан кейінгі жылдардағы өлке	71
XX ғасырдың 60-80 жылдардағы өлкедегі жетістіктер	74
Тәуелсіздік жылдарындағы өлке	79
Қорытынды	83
Пайдаланатын әдебиеттер мен деректер.....	85





ТАРИХИ ӨЛЖЕТАНУ
пәні бойынша тарих мамандығының студенттеріне арналған
оқу құралы

Басуға 25.06.2015 ж. қол қойылды.
Қаріп түрі «Times New Roman»
Көлемі 2,7 шартты баспа табақ
Таралымы 100 дана

ЖШС «Оңтүстік Полиграфия» баспасы. Тапсырыс 00171
Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, 18 үй.
Тел 8 7252 30 03 30

